

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Мусина Кулшат Сыздықовна  
Сахариева Зайда Дуйсеновна

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ, КАЛЛИГРАФИЯ**  
(Оқу құралы)

Семей, 2022

Бұл оқу құралында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 0105013 «Бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия пәнін оқытудың теориялық және практикалық жағы қарастырылған.

## Кіріспе

«Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия» оқу құралы «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша оқытылатын «Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия» пәнінің оқу бағдарламасын басшылыққа ала құрастырылды. Оқу құралында фонетика, орфография және орфоэпия, лексика және фразеология салаларын оқыту тақырыптары қамтылды. Теориялық сабақтарға арналған дәрістерде тақырыптың негізгі грамматикалық мәліметтері жүйеленіп, көрсетілген әдебиеттер мен интернет ресурстардан ықшамдалып берілді, пайдаланылған әдебиеттер көрсетілді. Дәріс соңында түсінгендерін анықтауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар берілді. Практикалық сабақ тапсырмалары жеке топтастырылды. Пәннің жұмыс оқу бағдарламасында көрсетілген практикалық сабақ тапсырмалары тақырыптар ретімен дәрістік материалдар жүйесінен кейін берілді.

Бұл оқу құралының негізгі мақсаты – студенттердің пәндік тақырыптарды меңгеруін бірізділік, түсініктілік, ғылымилық принципінә сай ұсыну. Теориялық сабақ соңында берілген тапсырмалар мен қосымшадағы тапсырмалар студенттерді сыни ойлауға бағыттай отырып, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін QR-кодпен берілген деректерді пайдалануына болады.

Студенттердің ауызша сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттыратын тапсырмалар топтамасы, каллиграфиялық үлгі-нұсқалар мамандық бойынша оқытылатын пән мазмұнын байыта түседі. Білім тексеру тапсырмалары, термин сөздердің мағынасын қарау үшін глоссарий ұсынылды.

Оқытушы тақырыптардың ішкі мазмұны мен тапсырмалар жүйесін шеберлігіне қарай жетілдіре алады.

Оқу құралы «Қазіргі қазақ тілі» курсындағы негізгі бөлімдердің ретімен берілді

## Түсіндірме жазба

Оқу-әдістемелік құрал 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығына арналған 04.08.2017 жылғы (тіркеу № 4247) Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия» пәнінің «Фонетика. Графика. Орфоэпия. Каллиграфия» және «Лексика және фразеология» модульдерінің тақырыптары бойынша құрастырылды. Оқу-әдістемелік құралдың мақсаты – тіл дыбыстары және олардың оқытылуы, орфография мен орфоэпия мәселелері, қазақ тілінің лексикалық қоры мен құрамы, лексика-семантикалық сипаты, лексикологияның ішкі салалары және оларды оқыту әдістемесі, критериялды бағалау туралы түсінік беруді қарастыру.

«Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия» пәнінің мақсаты – бастауыш сыныптың қазақ тілі пәні мұғалімдеріне қазіргі қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис бөлімдерін теориялық-практикалық жағынан ғылыми жүйелі үйрету және қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясынан жүйелі білім беру, сабақ жүргізу әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Оқу-әдістемелік құралдың міндеті:

- қазақ тілінің фонетика, лексика салаларын меңгерту;
- қазақ тілінің әдістемелік ұстанымдарын таныстыру;
- бастауыш сыныпта оқытылатын білім мазмұнын және оқыту жүйесін меңгерту;
- тіл дамыту әдіс-тәсілдерін меңгерту;
- көркем жазуға үйрету жолдарымен таныстыру.

Оқу-әдістемелік құралда дәрістік материалды пысықтауға арналған теориялық-практикалық және тіл дамыту тапсырмалары бастауыш сыныптың қазақ тілі, әдебиеттік оқу оқулықтарымен байланыстырыла берілді. Сандық ресурсты енгізу мақсаты да қарастырылды.

Оқу-әдістемелік құралда қамтылған ағымдық бақылау түрлері: әр тақырыптан кейінгі сұрақтар мен тапсырмалар, тест тапсырмалары.

## МАЗМҰНЫ

<b>Кіріспе</b> .....	3
<b>Түсіндірме жазба</b> .....	4
<b>Модуль 1.</b> Курстың негізгі мақсат-міндеттері, мазмұны, бастауыш сыныптарда ана тілін оқытудың маңызы	
Тақырып 1.1. Пәннің негізгі мақсаты мен міндеттері.....	6
<b>Модуль 2. Фонетика. Орфография және орфоэпия. Графика</b>	
Тақырып 2.1 Сөйлеу мүшелері және олардың қызметі. Тіл дыбыстарының жасалуы .....	10
Тақырып 2.2 Дауысты дыбыстар жүйеленуі мен емлесі.....	11
Тақырып 2.3 Дауыссыз дыбыстар жүйеленуі мен емлесі. ....	14
Тақырып 2.4 Буын, екпін, тасымал.....	17
Тақырып 2.5 Үндестік заңы, оның түрлері.....	19
Тақырып 2.6 Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық нормалары .....	24
Тақырып 2.7 Қазақ жазуының тарихы.....	27
Тақырып 2.8 Критериалды бағалаудың түрлері.....	31
<b>Модуль 3. Лексика және фразеология</b>	
Тақырып 3.1. Лексиканың қарастыратын мәселелері .....	34
Тақырып 3.2 Лексикологияның салалары .....	36
Тақырып 3.3 Сөз мағынасы, оның түрлері. ....	38
Тақырып 3.4 Омонимдер, синонимдер, антонимдер.....	41
Тақырып 3.5 Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы .....	46
Тақырып 3.6 Сөздік қор, сөздік құрам. Кірме сөздер .....	51
Тақырып 3.7 Тұрақты сөз тіркестері. Мақал-мәтелдер .....	55
Тақырып 3.8 Лексикография. Сөздіктермен жұмыс.....	60
Тақырып 3.9 Бастауыш сыныпта лексиканы оқыту әдістемесі.....	69
Білім, білік және дағдыны бекітуге арналған өзіндік жұмыс тапсырмалары.....	72
Қорытынды .....	84
Қосымша 1. Фонетика және лексика тарауы бойыншы тест тапсырмалары.....	85
Қосымша 2. Бастауыш сыныпта көркем жазуға үйрету.....	97
Қосымша 3. Пән сабақтарында қолданылатын ауыз әдебиетінің үлгілері...124	
Қосымша 4. Глоссарий.....	145
Қосымша 5. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған контекстер.....	146
Пайдаланылған әдебиеттер .....	175

## Модуль 1. Курстың негізгі мақсат-міндеттері, мазмұны, бастауыш сыныптарда ана тілін оқытудың маңызы

Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия – педагогика ғылымының бір саласы

### Тақырып 1.1. Пәннің негізгі мақсаты мен міндеттері

Жоспар:

1. Пәннің мазмұны мен мақсаты туралы түсінік.
2. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде қолданылатын нормативтік құжаттар.
3. Бастауыш сыныптарда ана тілін оқыту әдістемесі туралы түсінік.

Кіріспе. Курстың мақсаты - қазіргі қазақ тілінің лексикасы, фонетикасы, сөзжасамы, морфологиясы мен синтаксисі бойынша алынған білімді тереңдету, бастауыш мектептегі тілдік пәндерді оқытудың фонетика-орфографиялық және лексика-грамматикалық құрылымын, педагогикалық тәсілімдемесін, тілдің функционалдық және коммуникативтік қызметін меңгерту әдістемесін игеруге бағыттайтын тілдік материалдарды оқыту.

Міндеттері:

- қазіргі қазақ тілі және оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін қарастыру;
- фонетикалық заңдылықтарды, орфоэпия және орфографиялық нормаларды қарастыру;
- көркем жазуға үйрету жолдарымен таныстыру;
- лексика және оның мазмұнын «Оқу және тіл дамыту» саласымен байланыстыра оқытуды қарастыру;
- байланыстырып сөйлеу және стилистиканы меңгертуді қарастыру;
- грамматиканың ішкі салаларын оқыту әдістемесімен бірге оқуды қарастыру.

Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия – педагогика ғылымының бір саласы, тіл білімі ғылымы, психология, логика, физиология және т.б. ғылымдармен байланыстырыла оқытылады. «Методика (әдістеме) - метод, гректің *metodos* деген сөзінен шыққан, қазақша «зерттеу жолы» деген мағынаны білдіреді. Зерттеу нысаны – пәнді оқытудың жолдары мен заңдылықтары. Ана тілін ұғыну заңдылықтары тіл табиғатының өзінен және оны ұғыну психологиясынан келіп шығады. Бұған білім беру жолдары мен құралдары да жағдай жасайды. Білім беру жолдары мен құралдарына: 1) мақсатты түрде іріктеліп алынған тілдік материал; 2) оқу жұмысын ұйымдастыру; 3) оны үйрету әдістері жатады [2]. Бұл заңдылықтар педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді:

мақсаттары (не үшін оқыту керек?); мазмұны (нені оқыту керек?); ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Бұл проблемаларды шешу мектепте тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді. Әдістеменің мынадай міндеттері бар: 1) бастауыш мектеп пен орта мектептегі қазақ тілі пәнінің мақсатын, ерекшелігін, мазмұны мен көлемін, құрылымын, бөліктерінің бір-бірімен ұштасуы мен бірізділігін анықтау, оқу материалын сыныптарға бөлу; 2) оқытудың белсенді және тиімді әдіс-тәсілдерін (оқылатын материалдың ерекшеліктері, оқушылар құрамының психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жағдайда қолданылатын әдіс-тәсіл нұсқаларын) зерттеу және сипаттау; 3) қазақ тілі пәнінен жүйесі нақты белгіленген білім көлемін (ғылым негізін) оқушылардың ойдағыдай игеру шарттары туралы мәселелерді талдап шешу, яғни материалды дәл қабылдаудың, айқын түсінудің, оны өмірде қолдана білудің шарттары туралы мәселелерді талдау.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тілінің мазмұны мен принциптерін, әдістері мен тәсілдерін, мектепте қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игерудің жолдарын, шарттарын оқытады.

Бастауыш білім беру кезеңінде оқытудың танымдық қызығушылығы мен ынталандыру негіздерін қалыптастыру – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыру әдістемесі, ғылыми зерттеу жүргізу, анықтамалық материалдарды зерделеу, баланың сана-сезімінің қалыптасуы, өзін-өзі бағалауын жүзеге асыру. Болашақ маманның кәсіби қызметі бастауыш білім беру жүйесі білім алушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін түсіну, оқытудың дидактикалық негіздерін білу, қазіргі қазақ тілінің лингвистикалық заңдарын ұғыну, қызмет теориясының сұрақтарында бағдары болуымен байланысты.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде қолданылатын нормативтік құжаттар: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу бағдарламалары (қосымша - ұзақ мерзімді жоспар), пән бойынша орта мерзімді жоспар. Орта мерзімді жоспарда әр бөлім бойынша оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған әрекеттерді ұйымдастыру мысалдары мен оқу ресурстары беріледі. Ұзақ мерзімді жоспар негізінде орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар құрастырылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының өзіндік ерекшелігі: нәтижеге бағытталған білім беру моделі; құндылықтарға бағдарлануы; «Не үшін оқимын?» сұрағы аясында өрбуі; күтілетін нәтиженің кең ауқымды дағдыларының болуы.

Бастауыш білім берудің мақсаты – кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру. Кең ауқымды дағдыларға білімді функционалдыпен, шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмысын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, коммуникативті

қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану, топпен және жеке жұмыс жасай білу т.б. жатады.

Оқу бағдарламасы әр пәннің мақсатын, құндылықтарын белгілейді, мұғалімнің ұстанымына сәйкес педагогикалық тәсілдерді қысқаша сипаттайды. Бұл құжат әр пәннің құрылымы мен мазмұны туралы ақпаратты қамтиды.

Оқу бағдарламасының құрылымы түсіндірме жазба, пәнді оқыту мақсаты мен міндеттері, оқу үдерісін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер, оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері, пәннің мазмұнын ұйымдастыру, оқу жүктемесінің бөлінуі, оқу бағдарламасының мазмұны, оқыту мақсаттарының жүйесі сияқты бөлімдерден тұрады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ойлау мен сөйлеу бірлігін, тіл мен ойлау бірлігін, тіл мен сана қатынасын лингвистикалық, психологиялық, логикалық қағидаттарға сүйене оқытады. Пәнді оқу барысында жүзеге асырылатын міндеттер: 1) қазақ тілінің теориялық негізін оқыту әдістемесімен бірлікте қарастыру, каллиграфия талаптарын қамту; 2) оқыту мазмұнын, қарастырылған стандарт пен жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сатысына арналған оқу бағдарламаларын оқу; 3) 6-9 жас аралығындағы балалардың психологиялық қабілетін білу; 4) оқытудың дәстүрлі және жаңашыл әдіс-тәсілдерін қолдана алу; 5) оқытуға қажетті дереккөздермен жұмыс жасай алу, ресурстарды қолдану әдістемесін білу; 6) оқу-әдістемелік кешен жинақтай алу; 7) оқушы ізденісі мен білімін бақылай және бағалай алу, бағалау әдістері мен критерийлерін анықтай алу.

Адам ойы тіл арқылы жарыққа шығады, ұғынылады. Оқушы тіл арқылы өз ойын басқаға жеткізеді. Тіл - қарым-қатынас құралы. Тілдің коммуникативтік, танымдық (когнитивтік), ақпараттық қызметтерін сауатты қолдану нәтижесінде оқушы үлкен өмірге бейімделеді, дүниетанымын кеңейтеді, функционалдық сауаттылығы артады. Тіл білімі ғылымының жекелеме салаларынан алғашқы практикалық білім алады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін психология ғылымымен байланыстылығы оқушының әліппе, әдебиеттік оқу, қазақ тілі сабақтарындағы ойлау, есте сақтау, еске түсіру, білімді саналы қабылдау, ой түю, өз ойын жарыққа шығару, пікірін дәлелдей алу қабілеттерін бақылаудан көрінеді.

Қазіргі қазақ тілі және оқыту әдістемесі, каллиграфия пәнін оқытуда мынадай дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады: 1) пән сабақтарын тұлғалық-бағдарлық білім беру негізінде жүзеге асыру; 2) төрт тілдік дағдының (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым) оқу мақсатына сәйкестігі; 3) оқушының танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруда аймақтық ерекшеліктерді қамту, кең ауқымды білім беру дағдыларының қалыптасуына ықпал ету; 4) тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы; 5) оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алуы және нәтижеге бағытталған өзіндік білім жетістігін айқындай алу мен бағалауға қол жеткізу шарттарын білуі.

Оқыту әдістемесі оқу үдерісінде берілетін білім мазмұнын, сол негізде қалыптасатын пәндік құзыреттілікті, мұғалім мен оқушы әрекеттерін құрайды.



Оқыту әдістемесі уақыт талабына сай бағдарламалық мазмұны жағынан, оқыту әдістері жағынан жетілдіріліп, толығып отырады. Өйткені, бүгінгі оқушы – ертеңгі маман. Елімізді әр салада дамытушы маман. Оқушы өзінің қабілет-қарымына, бойындағы дарыны мен талантына қарай мамандық таңдай алуына бағыт беріледі. Әр оқушыны болашақтың жеке тұлғасы ету үшін қазақ тілін оқыту әдістемесі аясында қарастырылатын бастауыш сыныптарға арналған тілдік пәндердің үлес салмағы зор. Сондықтан сындарлы оқытуға негізделген 7 модульді, жаңа педагогикалық технологияларды оқыту әрекеттерінде сапалы және нәтижеге бағыттай қолдану қажет.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Пәннің мақсаты мен міндеттерін түсіндіріңіздер.
2. Жалпыға міндетті білім беру стандартының "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұнының бастауыш сатысына қатысты мәселелерінен түсінгеніңізді тізбелеп жазыңыздар (төмендегі интернет ресурстан қараңыздар).
3. Қазіргі оқу бағдарламасының ерекшеліктері туралы ақпарат құралдарынан алынған мәліметтерге сүйеніп пікір жазыңыздар.
4. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің психологиямен байланыстылығы неде?
5. Білім беру жүйесіндегі сындарлы оқытудың жеті модулін анықтамасымен жазып алыңыздар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Өлке, 2005.
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;

## Модуль 2. Фонетика. Орфография және орфоэпия. Графика

### Фонетика тіл дыбыстарын зерттейді.

#### Тақырып 2.1 Сөйлеу мүшелері және олардың қызметі. Тіл дыбыстарының жасалуы

Сөйлеу мүшелері дегеніміз тіл дыбыстарын жасауға қатысатын дыбыстау мүшелері. Сөйлеу дыбыстарын жасаудағы дыбыстау мүшелерінің қызметін (шартын) артикуляция дейміз. Адамның сөйлеу органы үш бөліктен тұрады: 1) Тыныстау аппараты; 2) Көмей (тамақ, желбезек) дауыс шымылдығы деп те аталады; 3) Мұрын қуысы мен ауыз қуысы.

**1-тапсырма.** Тіл дыбыстарының жіктелімін және түсініктемесін кесте бойынша жазыңыздар. Жазу жолын қажетіне қарай қосып алуға болады

Тілдің қатысына қарай дауыстылар	Сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай жасалуына түсініктеме

#### 2-тапсырма.

Тіл қатысына қарай дауыссыз дыбыстар	Сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай жасалуына түсініктеме

#### -тапсырма.

Ерін қатысына қарай дауыстылар	Сөйлеу мүшелерінің қатысына қарай жасалуына түсініктеме

#### 4-тапсырма.

Тіс дыбыстары	Жасалуына анықтама

**5-тапсырма.** Бұл тапсырмадағы екінші бағанға бірінші бағанда берілген дыбыстардың акустика-артикуляциялық сипатын, үшінші бағанға әліппе оқулығындағы оқытылу ретін және дыбыстық таныстырылым ретін, дескрипторын жазыңыздар. Дескриптор – тапсырманың орындалу реттілігі.

Берілген тіл дыбыстарының акустика - артикуляциялық сипатын жазыңыз		
Тіл дыбыстары	Жасалуына анықтама	Әліппе кезеңінде аталған дыбыстарды таныстырудың дескрипторын жазыңыз
А, о, ө		
Ә, е		

Берілген тіл дыбыстарының акустика - артикуляциялық сипатын жазыңыз		
Тіл дыбыстары	Жасалуына анықтама	Әліппе кезеңінде аталған дыбыстарды таныстырудың дескрипторын жазыңыздар
К, қ, т, п		
Г, ғ, д, б		

### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
2. "Әліппе" 2021 жылдан бастап қайта оқытылады // <https://baribar.kz/142451/alippe-2021-zhyldan-mektep-baghdarlamasy-na-qajta-enedi/>
3. Қазақ фонетикасының қалыптсау кезеңдері// [rusnauka.com>36\\_SSN\\_2015/Philologia/7\\_200732....](http://rusnauka.com>36_SSN_2015/Philologia/7_200732....)
4. [z.inref.ru>000\\_uchebniki/04000pravo\\_kazahstana/001...](http://z.inref.ru>000_uchebniki/04000pravo_kazahstana/001...)

### Тақырып 2.2 Дауысты дыбыстар жүйеленуі мен емлесі

Дауысты дыбыстар ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен тұратын дыбыстар.

#### Дауысты дыбыстар (вокализм)

Дауысты дыбыстар дегеніміз – ауа өкпеден кедергісіз шығып, үннен тұратын дыбыстар. Қазақ тілінде 9 (тоғыз) жалаң дауысты (монофтонг) дыбыс бар: *a, e, ы, і, ә, o, ө, ү, ұ*. Екі қосынды дауысты (дифтонгоид) дыбыс бар: *и, у*. Дауыстылардың жіктелуі:

А) Тілдің қатысына қарай. Жуан дауыстылар дегеніміз – тілдің ұшы кейін тартылып, үсті дөңестену арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Оларды кейде тіл арты дауысты дыбыстар деп те атайды. Жуан дауыстыларға *a, o, ұ, ы, у* дыбыстары жатады. Жіңішке дауыстылар дегеніміз – тілдің ілгері қарай созылып жатуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Оларды кейде тіл алды

дауысты дыбыстар деп те атайды. Жіңішке дауыстыларға *ә, ө, ү, і, е, э, у* дыбыстары жатады

Ә) Жақтың қатысына қарай. Ашық дауыстылар дегеніміз – жақтың кең ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Ашық дауыстыларға *а, ә, о, ө, е* дыбыстары жатады. Қысаң дауыстылар дегеніміз – жақтың тар ашылуы арқылы жасалған дауысты дыбыстар. Қысаң дауыстыларға *і, ы, и, ү, ұ* дыбыстары жатады.

### Дауыстылардың емлесі

1-емле. А, е, ы, і әріптері сөздің барлық буынында жазылады. Мысалы: ал, қала, ер, ересек, ыс, бақытты, айыр, қатысты, қорыту, құмырсқа, жапырақ, іс, білімді, көкірек, үкімет, әсіресе, мәжіліс т.б. Ы, і дыбыстары соңғы буында тұрып, дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, кейде түсіріліп жазылады. Мысалы: әріп-әріпі, көрік-көркі, ойын-ойны, алты-алтау, тасы-тасу, оқы-оқу, жеті-жету т.б. Бұл дыбыстар екі дауыстының аралығында келгенде көмескі естіліп, жазуда қиындық келтіреді. Мысалы: қорытынды-қортынды, мәлімет-мәлмет т.б. көмескі естілгенмен, жазуда олар сақталуы керек.

2-емле. О әрпі де сөздің басқы буынында жазылады. Мысалы: орақ, олар, орын, бос, сол т.б. О әрпінің соңғы буында келуі орыс тілінен енген сөздерде ғана кездеседі. Ескеретін жайт, орыс тілінің әуенімен екпін түспеген буында о а болып айтылып жүр. О-мен келген қазақ сөздері қалай жазылса, солай оқылады.

3-емле. Ә, ө, ұ, ү әріптері жалаң сөздердің бірінші буындарында жазылады. Мысалы: ән, сән, өлең, көйлек, ұлы, құлын, үндеу, т.б. бұл әріптер әрі, сірә, мазмұн, дүлдүл, мақұл сияқты сөздер мен Бейсенәлі, бүрсігүні, жаздыгүні, Ақтөбе сияқты біріккен сөздердің соңғы буындарында ұшырайды.

О, ө, у, ү еріндік дыбыстары сөздің бірінші буынында келгенде, өзінен кейін келетін езулік дыбыстарды еріндікке айналдырып тұрады. Мысалы: орын-орұн, түйме-түймө, өнім-өнүм, құлын-құлұн т.б. жазуда езулік дыбыстарын жазамыз. Мұны ерін үндестігі деп атайды. Айтуда еріндік айтылуы керек.

4-емле. У әрпі қосарлы ыу, іу, үу, ұу дыбыстарын таңбалайды. Бару-барұу, келу-келүү, тору-торыу, жібу-жібіу т.б. бу, ту, су, қу, сау, ау, суы етістіктеріне тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, олар буу, туу, суу, қуу, сауу, ауу, сууы түріне жазылады.

5-емле. И әрпі барлық буында жуан, жіңішке дауыстыны да, қосарлы ый, ій дыбыстарын да таңбалайды. Мысалы: қиын-қыйын, киін-кійін т.б. Тек сый, тый сөздерінде ғана ый дыбыстары жазылады. И әрпі тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жалаң и дыбысының орнына жазылады: кино, бригадир т.б.

6-емле. Ё әрпі тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады, й және о дыбыстарын таңбалайды. Ю дыбыс ы да қос дыбыстың таңбасы.

7-емле. Ю әрпі орыс тілінен енген термин сөздерде және қазақ сөздерінде де жазылады. Ал айуан, хайуанат, кейуана, хиуа сөздерінде иу жазылады.

8-емле. Я әрпі де барлық буында да орыс тілінен енген сөздер мен қазақ сөздерінде де жазылады. Йа қосарлы дыбыстарын таңбалайды.

**1-тапсырма.** Дауыстылардың емлесін мысалымен түсіндіріп жазыңыздар

Сұрақтар мен тапсырмалар	Жауаптар
а\ә	
ы\і	
ұ\ү	
и, у	
Мақалдың мағынасын түсіндіріңіздер. Әр сөзге фонетикалық талдау жасаңыздар: «Досы көпті жау алмайды»	

**2-тапсырма.** Орфографиялық ережелерді, тасымалдау талаптарын еске түсіріңіздер.

Сұрақтар мен тапсырмалар	Жауаптар
Естілуінше жазылған сөздерді орфография заңы бойынша жазып, себебін түсіндіріңіз: <i>Жасса, қашша, Божжігіт, көбжер, керегекен</i>	
Естілуінше жазылған сөздерді орфография заңы бойынша жазып, себебін түсіндіріңіздер: <i>сүссе, ұшқышың, Жампейіс, Дошшан, сөшшең</i>	
Тасымалдау жолдарын көрсетіңіз, тасымалданбайтындарын бөлек жазыңыз: <i>жіңішке, ынта, мойын, аяу, ауыл, ақын, өнеге, келешек, ұялу, еңбек, құмырсқа, арыстан</i>	
Тасымалдау жолдарын көрсетіңіз, тасымалданбайтындарын бөлек жазыңыз: <i>жіңішкеру, ынтымақ, класс, адамгершілік, аңыз, қойылым, жауынгер, өнім, егіз, еңбек, 54 км, ірі, экипаж.</i>	

**3-тапсырма.** Қате жазылған сөздерді тауып, сол сөздердегі дауысты дыбыстарға мінездеме беріңіздер. Сөздерді көшіріп жазып, қатесін қызыл түспен үстінен белгілеп көрсетіңіздер.

Қоңырау, қңыр, қауырсын, жыйын, буйым, аласиыр, саздық білім, сапсары, сайыс, слеусін, саңырауқұлақ, жоралғы, ерулік, ентаңдаулы, сол қана, сен ғана, сабырсыз, күрөң.

**4-тапсырма.** Оқулықтан бір дыбысқа байланысты берілген сөздер мен сөйлемдерді көркем жазыңыздар. Тақырыпқа байланысты сергіту сәттерін ұсыныңыздар.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Мырзабектен Сапархан. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті. 2004. -247 б. 2012.
2. Қазақ фонетикасының қалыптасу кезеңдері [rusnauka.com>36\\_SSN\\_2015/Philologia/7\\_200732....](http://rusnauka.com>36_SSN_2015/Philologia/7_200732....)
3. Емле ережесінің негізі - дыбыстық жүйенің дұрыстығы [emle.kz>Мақалалар>get/115](http://emle.kz>Мақалалар>get/115)

### Тақырып 2.3 Дауыссыз дыбыстар жүйеленуі мен емлесі.

Дауыссыз дыбыстар өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырауы арқылы жасалады.

#### Жоспар:

1. Дауыссыз дыбыстардың артикуляциясы, үннің қатысына қарай түрлері.
2. Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне қарай жіктелуі.
3. Дауыссыз дыбыстарды бастауыш сыныпта оқыту

Дауыссыз дыбыстар (Консонантизмдер). Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық ерекшелігі: а) дауыссыздарды айтқанда, өкпеден шыққан ауа әйтеуір бір кедергіге ұшырайды; ә) дауыссыздарды айтқанда, үн бәсең, солғын болады; б) дауыссыз фонемалар буын құрай алмайды; в) дауыссыз фонемаларды айтқанда дауыс шымылдығы (желбезек) баяу дірілдейді яғни пассив қатысады)

Дауыссыз дыбыстар дегеніміз - өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстар. Қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), һ, ф, х, й, ч, ш, қ, ң. Жақша ішіндегі у фонемасы *тау, жауап, сауап, қауап* секілді сөздерде келіп, буын жасай алмағандықтан, дауыссыз дыбыстар тобына жатады. «Арнаулы орта және жоғары мектеп оқулықтарының кейбірінде щ - әрпі 26-шы болып енгізілген. Бұл - әріпті дыбыспен шатастырғандық. Дұрысы - щ дыбыс емес, әріп. Ол щ созылыққы ( қос) ш дыбысының таңбасы» [1].

Дауыссыз дыбыстарды айтқанда, өкпеден шыққан ауа сөйлеу мүшелеріне соқтығып, одан салдыр пайда болды. Сондықтан да дауыссыз дыбыстарды айтқанда үнге салдыр араласады. Дауыссыз дыбыстардағы салдыр мен үн барлық дауыссыздарда бірдей емес. Мысалы: *бай, бас* күн сөздеріндегі *б, й, к* дыбыстарын алып, екі құлағыңызды басып тұрып айтып көріңізші. Сонда: К - дыбысынан ешқандай үн шықпайды, тек қана салдыр естіледі. И - дыбысынан салдыр естілмейді, тек үн басым келеді. Б - дыбысынан үн де, салдыр да қатар естіледі, бірақ салдыр басымырақ. Дауыссыз дыбыстардың үннің қатысына қарай жіктелуі. Дауыссыздар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң

және үнді болып үш топқа бөлінеді. Салдырдан жасалған дауыссыз дыбыстарды қатаң дауыссыздар деп атаймыз. Қатаң дауыссыздарға: п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, һ дыбыстары жатады. Үн мен салдырдың қатысы арқылы жасалған дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар деп атаймыз. Бұларда үннен салдыр басым болады. Ұяң дауыссыздарға: б, в, г, ғ, д, з, ж, һ дыбыстары жатады. Қатаң, ұяң дауыссыздардың бірімен - бірі жұп құрайтындары бар. Мұндай жұп болып келетін қатаң, ұяң дауыссыздарға: п-б, ф-в, к-г, с-з, ш-ж дыбыстары жатады. Үн мен салдырдың қатысынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дауыссыздарға: р, л, й, у, (тау), м, н, ң, дыбыстары жатады.

Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне қарай жіктелуі. Дауыссыз дыбыстардың жасалуында өзіндік айырма бар. П және б дыбыстарын айтқанда, екі ерін жымдасып, ауа кілт шығады. Ал, с, ш дыбыстарын айтқанда, тіл көтеріліп, үстіңгі тіске жақындайды да, ауа сүзіліп шығады. Дауыссыздардың айтылуындағы, жасалуындағы осындай ерекшеліктерге байланысты олар *шұғыл, ызың, діріл* болып бөлінеді. Шұғыл дауыссыздар мыналар: п, б, т, д, қ, к, г, ч, ц. Ызың дауыссыздар мыналар: в, ф, г, ғ, з, ш, щ, ж, х, һ; діріл – р.

Бастауыш жүйесінде фонетиканы оқытудың басты мақсаты – оқушыларға тіл дыбыстары, олардың ойды білдірудегі маңызы, ерекшелігі, тілдің дыбыстық жүйесі туралы мағлұмат беру. Атап айтқанда, дыбыстардың қызметі, жасалымы, айтылымы, естілімі тұрғысынан қарастыру.


Фонетиканы оқытуда дидактикалық құрылымдармен қатар жалпы әдістемелік және жеке әдістемелік ұстанымдардан: функционалдық және жүйелілік ұстанымдары негізге алынса, жеке әдістемеліктен: оқушылардың тыңдау қабілетін тірек ету, дыбыс пен әріпті салыстыру қағидалары негізге алынады. Бірінші ұстаным бойынша оқушыларды тыңдау арқылы дыбыстарды бір-бірінен саналы түрде ажырату қабілеті қалыптасады, ал дыбыстарды морфеманың құрамында қарастыру арқылы олардың позициялық өзгерісін байқауға мүмкіндік алады, олардың сөз мағынасына тигізетін әсерін түсінеді. Соңғы ұстаным оқушылардың дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырата білуіне жағдай жасайды.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті - балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын және оларды дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету. Фонетикалық жаттығулар арқылы кейбір балалардың тілін тістеп сөйлеу, сақауланып сөйлеу, қайсыбір дыбысты қалдырып кетіп сөйлеу немесе «с» мен «ш», «р» мен «л», «ж» мен «з» сияқты дыбыстарды шатастырып айту кемшіліктері жойылады. Мұндай кемшіліктер оқуға да, жазуға да зиян келтіретіні сөзсіз. Бастауыш сыныптарда фонетикадан берілетін мағлұматтар мен фонетикалық жаттығулар тек дұрыс жазу, емле үшін ғана пайдаланылып қоймайды, сонымен қатар әдеби тіліміздің нормасын сақтап оқуға үйрету үшін де (орфоэпия) пайдаланылады. Оқу сабақтарында балалардың қателері, теріс айтылған сөздері түзетіліп, сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың құбылуы ескертіліп отырылады. Одан әрі 2-сыныптан бастап фонетика, графика бойынша білімдері кеңейтіледі, жүйеге

келтіріледі. Фонетикалық және графикалық ұғымдардың қалыптасуының негізгі әдістерін: айтылып тұрған сөздерді, фонетикалық (дыбыстық) талдауды, фонетикалық-графикалық (дыбыстық-әріптік) талдауды, дыбыстау және жазу тілін салыстыруды, ауызша сөйлеуді жетілдіруді бақылау әдісімен қарастырамыз. Дыбысталатын сөзді бақылау әдісі кезінде келесі тәсілдерді пайдалануды ұсынады: дыбыстарды айту, дыбыстау кезінде дыбыстау мүшелерінің орналасуын, артикуляциясын байқау, бақылау; дауыс қарқынын, күшін, дауысын және басқа да сапаларды модульдеу үшін дыбыстарды айту, олардың үйлесулерін келтіру; айтылатын сөздің мағынасын анықтау үшін оқып тұрған адамның дауыс ырғағын бақылау; айтылатын сөздің мағынасын анықтау үшін мәтінді әр түрлі дауыс ырғағымен оқу; өлең түріндегі шығарманы түрлі мәнерде оқи отырып, бақылау жасау т.б.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тіл дыбыстарын айтуда сөйлеу мүшелері қандай қызмет атқарады?
2. Дауыссыз дыбыстардың емлесін жазыңыздар.
3. Кестені толтырыңыз.



### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
2. Дыбыс сөздің материалы [kznews.kz>lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...](http://kznews.kz/lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...)2018.
3. Емле ережесінің негізі - дыбыстық жүйенің дұрыстығы [emle.kz>Мақалалар>get/115](http://emle.kz/Мақалалар>get/115)
4. «Ұлағат» педагогикалық журналы, 2015 № 6 [kazhu.kz>uploads/magazine/pdf/...pdf](http://kazhu.kz/uploads/magazine/pdf/...pdf)



## Тақырып 2.4 Буын, екпін, тасымал.

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Өйткені тек дауысты дыбыс қана буын жасайды.

1. Буын мен тасымал.
2. Екпін туралы түсінік.

Сөз айтылғанда тұтас, бірден айтылмайды. Сөздердің айтылуында ауа толқыны үзіліп-үзіліп шығады.

Сөздегі бір дауыстының немесе дауысты мен дауыссыздың бөлшектеніп айтылуын буын дейміз. Өйткені, ауа сөздің құрамындағы дауыстыларды айтқанда еркін шығады да, дауыссыздарды айтқанда кедергіге ұшырайды, сонда буын өкпеден келе жатқан фонациялық ауамен тікелей байланысты болады. Сондықтан сөздің буынға бөлінуі дауысқа байланысты. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады, өйткені тек дауысты дыбыс қана буын жасайды. Дауыссыз дыбыс буын жасай алмайды, ол дауысты дыбыспен бірге буын құрамына кіреді. Мысалы: *қа-ла, ө-нер, жас-тық, өт-кел, за-ман, та-ма-ша* т.б.

Буынға тән негізгі белгілер: 1. Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуы керек және оның саны бір буында біреуден артық болмауы тиіс. Балаларға деген сөзде дауысты дыбыс біреу - ақ (а). Алайда бұл сөз төрт буыннан тұрады. Бір дауысты фонема бірнеше буынның құрамында қайталанып келе береді. 2. Буында мағына болмайды. Кейбір сөздердің әрбір буыны лексикалық немесе морфологиялық мағынасы бар бөлшектерге тура келіп қалады. Мысалы: *ат-ты-лар-* ға дейтін төрт буынды сөздің бірінші буыны - *ат* (түбір), екінші буыны - *ты* (сын есім жұрнақтары), үшінші буыны - *лар* (көптік жалғау), төртінші буын - *ға* (септік жалғау). Мұны кездейсоқ сәйкестік деп түсіну керек. Буында мағына болуы міндетті емес. Мысалы: *ба-ла-ла-ры-ңа, а-ты-ңа, ке-лі-сі-мі-міз, жар-қы-рай-ды* т.б. 3. Қазақ тіліндегі байырғы сөздер не бірыңғай жуан буынды (*ба-ла-ла-ры-мыз-ды, а-на-ла-ры-мыз-ға, қа-на-ғат-тан-ды-рыл-май-ды* т.б.), не жіңішке буынды (*жі-лін-шік-те-рі-не, бөл-ті-рік-те-рін, кү-мі-сі-міз-ді, сән-ден-ді-ріп, бе-ре-ке-лі* т.б.) болып келеді.

*Буынның түрлері.* Буын жеке дыбыстардан және дауысты мен дауыссыз дыбыстардың тіркесінен жасалатын болғандықтан, оның құрамы бір қалыпта болмайды. Буын құрамының түрлше болуына байланысты буынның қазақ тілінде үш түрі бар;

- 1) Ашық буын;
- 2) Тұйық буын;
- 3) Бітеу буын.

1. Ашық буын. Жеке дауыстыдан болған немесе дауыстыдан басталып, дауыстыға бітетін буын ашық буын деп аталады. Мысалы: *а-ға, ба-ла, бо-са*, т.б.

2. Тұйық буын. Дауыстылардан басталып, дауыссызға бітетін буын

тұйық буын деп аталады. Мысалы: ат, аз, ақ, ық, ін, т.б.

3. Бітеу буын. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталып, екі жағынан дауыссызбен қоршалған, дауыстысы бар буын - бітеу буын деп аталады. Мысалы: бел, бол, бұлт, жоқ, зор, қол, көл, соқ, тоқ, таң, заң, мен т.б.

Қорыта келе, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, буынға бөлудің шарттарын білу грамматикалық норманы игерудің жолы. Дауысты дыбыстардың тілдік ерекшелігін, буын құраудағы маңыздылығын ұсынылған әдебиеттерден тезистеп жазғандарыңыз дұрыс.

Қазақ тілінде сөздің басындағы буын ғана дауыстыдан басталады, екінші, үшінші буындар дауыстыдан басталмайды. Тасымалдың дауыстыдан басталмайтыны содан.

Тасымал - жазып келе жатып, жолға сыймай қалған сөздің бір немесе бірнеше буынның екінші жолға көшіру. Сөздің соңғы буындары дефис (-) тасымалданады.

### Тапсырмалар

**1-тапсырма.** Екпін туралы шағын дерек жазыңыздар. Дереккөзді көрсетіңіздер.

**2-тапсырма.** 4-сыныптың (1-бөлім, 22-29 беттер) «Қазақ тілі» оқулығынан «Үндестік заңы» тақырыбына берілген жаттығулармен танысыңыздар, бір жаттығуды орындаңыздар және 29-беттегі 47-жаттығуды оқушыға қалай орындатуға болатынын ұсыныңыздар.

**3-тапсырма.** Кестедегі үлгі бойынша буын түрлеріне мысал жазыңдар. А – дауысты дыбыс, В – дауыссыз дыбыс белгісі

Ашық буын	Тұйық буын	Бітеу буын
А:	АВ:	ВАВ:
ВА:	АВВ:	ВАВВ:
ВВА:		ВАВВВ:
ВВВА:		ВВАВ:
		ВВАВВ:
		ВВАВВВ:
		ВВВАВ:

**4-тапсырма.** Тақырып бойынша берілген деректен негізгі ақпаратты анықтап, сызба не кесте түрінде ұсыныңыздар.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. 4 сынып, Қазақ тілі, 1-бөлім. - Алматы: Атамұра, 2019.

2. Ибраимова Л., Шормакова А. Тіл білімінің өзекті мәселелері. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
3. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Дыбыс сөздің материалы. [kznews.kz>lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...](http://kznews.kz/lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...)2018.
5. Емле ережесінің негізі - дыбыстық жүйенің дұрыстығы [emle.kz>Мақалалар>get/115](http://emle.kz/Мақалалар/get/115)

## Тақырып 2.5 Үндестік заңы, оның түрлері.

Үндестік заңы – сөзді бастан аяқ бірелкі әуезбен айту.

Жоспар:

1. Үндестік заңы туралы түсінік.
2. Буын үндестігі
3. Дыбыс үндестігі
4. Ерін үндестігі

Үндестік заңы туралы түсінік. Үндестік заңы не сингармонизм (грек.syn – біркелкі, harmonia - үндесу ) – сөзді бастан аяқ бірелкі әуезбен айту, сөздің өн бойында біркелкі әуезді сақтап айту. Сөз құрамындағы дыбыстар (буындар) тілдің қатысына қарай жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып үндеседі. Қазақ тіліне тән үндестіктің бұл түрлері жазуда ескерілмегенмен, айтылуда толығымен сақталады. Сондықтан да үндестік заңы қазақ тіліне тән заңдылықтардың бірі болып саналады.

Дыбыстың үндесуі дегеніміз - артикуляция жағынан жуық (үйірлес) дыбыстардың біркелкі келуі, яғни сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы дыбыстардың айтылуына қарай (дауыс қатысы, жасалу орнына қарай ) ішінара жапсарласып, жанасуы. Түбір мен қосымшаның жігінде және сөз аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, ыңғайласып, үйлесіп қолданылуын сингармонизм деп атайды.

Сөз ішіндегі, сөз бен қосымша, сөз бен сөз арасындағы дыбыстардың бірімен-бірі ұқсауын үндестік заңы деп атаймыз.

Үндестік заңы екі түрлі: а) буын үндестігі; ә) дыбыс үндестігі.

Буын үндестігі - дауысты дыбыстардың үндестігі. Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы дауыстыға да, дауыссызға да қатысты болады. Дауысты дыбыс буын үндестігін құрайтын болғандықтан, дауыстылар үндестігін буын үндестігі дейміз. Атап айтқанда, сөздегі, сөз бен қосымшадағы дауыстылар не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үндеседі. Осыған сәйкес, қазақ тілінің байырғы сөздері не бірыңғай жіңішке болып келеді. Мысалы: *ата, ана, бала, кеме, бақыт, нан, сана* т.б.

Қазақ тілінде жуан, жіңішке дауысты дыбыстар мынадай сөздерге

араласып келеді:

1. Басқа тілдерден қазақ тілінде енген сөздерге араласып келеді: Мысалы *кітап, геолог, кино, қазір, зағип, математика* т.б.

2. Біріккен сөз бен қос сөздерде араласып келеді. Мысалы: *шекара, баспасөз, аман-есен, асты-үсті, асығыс-үсініс*, т.б.

Буын үндестігінде қосымша сөздің соңғы буынына үндесе жалғанады. Мысалы: *кітап-ты, қазір-гі, математика-дан, баспасөз-ден, шекара-ға, аман-есен-дік, бақыт-ты, өмір-ге* т.б.

Дыбыс үндестігі - дауыссыз дыбыстардың үндестігі. Үндестік дауысты дыбыстарда ғана емес, дауыссыздарда да болады. Сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз аралығында дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі өзіне ұқсата әсер етуі дауыссыздардың үндесуі деп аталады. Мысалы: жазға, күзге, қысқа, терекке сөздеріндегі қосымша дыбыстары түбір сөздегі дыбыстарға үндесіп тұр, біріншіден, түбір буындағы дауыстының жуан-жіңішкелігіне қарай үндесе (*қа-ға, ке-ге*), екіншіден, түбір сөздің соңғы дыбысына қарай – ұяң не қатаң болып үндесіп тұр (*жаз-ға, күз-ге, қыс-қа, терек-ке*), үшіншіден, жуан *қ, г*, дауыссыздары жуан *а* дауыстысымен, жіңішке *к, з* дауыссыздары жіңішке *е* дауыстысымен үндесіп отыр. Дауыссыз дыбыстар үндестігінің бір түрі – дауыссыздар ассимиляциясы. Дауыссыз дыбыстар ассимиляциясы дегеніміз – бір сөз ішіндегі (қосымшалы) не бір екпінге енген екі сөздің аралығындағы тетелес келген екі дыбыстың бір-біріне тигізген ықпалы.

Қатар келген дыбыстардың алдыңғысы соңғысына, соңғысы өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етуіне байланысты дауыссыз дыбыстар үндестігі (ассимиляциясы) үшке бөлінеді.

1. Ілгерінді ықпал (прогрессивті ассимиляция) 2. Кейінді ықпал (регрессивті ассимиляция). 3. Тоғыспалы ықпал

1. Ілгерінді ықпал. Сөз бен қосымшаның, сөз бен сөз арасындағы алғашқы дыбыстың соңғы дыбысқа өзіне ұқсата әсер етуін ілгерінді ықпал (прогрессивтік ассимиляция) деп атаймыз.

Ілгерінді ықпал мынадай жерлерде кездеседі. Сөздің соңғы дыбысы дауысты немесе үнді я ұяң дауыссыздар болса, оған жалғанатын, дауыссыздан басталатын қосымша үнді немесе ұяң дыбыстан басталады. Мысалы: *терезелер, адам-ға, қаз-дар, үй-ден, бағана-лар, қыз-ды, өнер-дің, әке-ге, жан-ға, әлем-нен, сана-лы* т.б. ә) Сөздің соңғы дыбысы қатаң дыбысқа аяқталса, оған жалғанатын, дауыссыздан басталатын қосымша қатаңнан басталады. Мысалы: *мектеп-ке, қасық-ты, есеп-тер, азамат-тар, көрік-ті, өндіріс-тің, қарындас-қа* т.б.

*Ескерту:* Б, в, г, дыбыстарына аяқталған сөздердің айтылуы ескеріліп, қосымша оларға қатаңнан басталып жалғанады. Мысалы: *Петроград-қа, Оспанов-ты, клуб-қа, педагог-тар* т.б.

Қазақ тілінде қолданылатын ілгерінді ықпал бойынша, бірсыпыра дыбыстар сөзде басқа дыбыстармен алмасып айтылады, бірақ түбірі сақталып жазылады. 1. Қатаң дыбыстардың әсерімен сөз басындағы *б, з, ж* дыбыстары қатаң *п, к, ш* дыбыстарымен алмасып естіледі, жазуда *б, з, ж* әріптер

і жазылады. Мысалы, *Жақыпбек – Жақыппек, көк бауыр – көк пауыр. Көрік-бай – Көрікпай, ақ бақай – ақпақай. Көк гүл – көк күл, қас жау – қаш шау. Қаш жылдам – қаш шылдам, жас жалын – жаш жалын, қос жүйрік – қош жүйрік, Азатгүл – Азаткүл.*

2. Түбір *ш* дыбысына аяқталып, қосымша *с*-дан басталса, ол *ш* болып айтылады, *с*-мен жазылады. Мысалы: *аш-са - ашша, іш-се - ішше, өш-сің - өшшің, кешсең - кешшең, түйреуішсіз - түйреуішшіз, көш-сіз - көшшіз, қашсаң - қашшаң, білгішсің - білгішшің; көнгіш-сің - көнгіш-шің.*

3. Сөз дауыстыға, ұяңға, үндіге (сонарға) аяқталып, оған қосылатын қосымша қатаң *қ, к* дыбыстарынан басталса, ол ұяң *ғ, г* дыбыстарына айналып естіледі, жазуда сөздің түбірі сақталады. Мысалы: *ала қап - ала гап, қара көк - қара гөк, мал қора, малғора, қара көз - қара гөз, алтын көк - алтын гөк, ала қол - ала гол, келе көр - келе гөр, ала көз - ала гөз.*

2. Кейінді ықпал. Сөз бен қосымшаның, сөз бен сөз арасындағы соңғы дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа өзіне ұқсата әсер етуін кейінгі ықпал дейміз. Кейінгі ықпал мына жерлерде кездеседі.

1) Сөздің соңғы дыбысы қатаң *п, к, қ* болғанда, оған жалғанатын дауыстыдан басталған қосымша *п* дыбысын не *б*, не *у* дыбысына, *к, қ* дыбыстарын, *г, г* дыбыстарына айналдырады. Мұндай сөздер өзгерген қалпында жазылады. Мысалы: *теп-тебін, теуіп, жап-жабады, табақ-табағы, тарақ-тарағы, серік-серігі, сабақ-сабағы, бесік-бесігі, жүрек-жүрегі, қап-қабы.*

2) соңғы морфема *б, п*, дыбыстарынан басталып, алғашқы морфема *н* дыбысына аяқталғанда, бұл дыбыс *м* дыбысымен алмасып айтылады да, *н* әрпімен жазылады. Мысалы: *Жанбай-Жамбай, Егінбай-Егімбай, Тоғанбек-Тоғамбек, Жанпейіс-Жампейіс, Жанболат-Жамболат.*

3) Алғашқы морфема *з* дыбысына аяқталып, екінші морфема *с* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *с*-мен алмасады. Жазуда сөздің түбірі сақталып жазылады. Мысалы: *көзсіз-көссіз, сөзсіз-сөссіз, қазса-қасса, безсе-бессе, жазсын-жассын, азса-асса, кезсең-кессең, озса-осса т.б.*

4) Алғашқы морфема *з* дыбысы *ж* дыбысымен алмасып айтылады да, *з*-мен жазылады. Мысалы: *бозжан-божжан, бозжирен-божжирен, саз жол-саж жол.*

5) Алғашқы сөз *к, қ, п* дыбыстарына аяқталып, екінші сөз дауысты, ұяң, сонардан басталса, бұлар ұяң, *ғ, г, б* дыбыстарымен алмасып айтылады, бірақ жазуда сөздің түбірі сақталады. Мысалы: *көкала-көгала, кек алу-кег алу, есеп еді-есебеді, сақ адам-сағадам.*

6) Соңғы морфема *ш* дыбысынан басталса, алдыңғы сөздің соңындағы *с, з* дыбыстары *ш* дыбысымен алмасады, жазуда бұл ескерілмейді. Мысалы: *бос сөзшіл - бос сөшшіл, кесші - кешші, қосшы - қошшы, қазша - қашша, кезші - кешші т.б.*

7) Қазақ тілінің байырғы сөздері *б, в, г, д* дыбыстарына аяқталмайды. Шетел тілінен енген термин сөздерде *б, в, г, д* дыбыстары сөздің соңында келсе, олар айтылуда *п, ф, к, т* дыбыстарымен алмасады, бірақ *п, в, г, д* әріптерімен

жазылады. Мысалы: *педагог-педагок, актив-актиф, завод-завот* т.б. (Бұл мысалдардағы сөздің соңында жазылған к, ф, т, п әріптері ол сөздердің тек орфоэпиясына (айтылуына ғана) қатысты).

8) Қазақтың байырғы сөздерінде қатар айтылған екі сөздің алғашқысы дауысты дыбысқа аяқталып, соңғысы дауыстыдан басталғанда, екі дауыстының бірі түсіп қалып айтылады, емледе дауысты әріп сақталады. Мысалы: *қара ала-қарала, қара ағаш-қарағаш, келе ме екен-келе мекен, қара алтын - қаралтын*.

Тоғыспалы ықпал байқалатын жағдайлар прогрессивті - регрессивті ассимиляция)

1. Қатар келген –нқ- дыбыстары –нғ- дыбыстарына айналады. Мысалы: Жанқара-Жаңғара, Қазанқап-Қазанғап т.б. 2. Қатар келген –нк- дыбыстары –нғ- дыбыстарына айналады. Мысалы: күн көру-күң гөру, Есенкелді-Есеңгелді т.б.

3. Қатар келген –сж- дыбыстары –шш- дыбыстарына айналады. Мысалы: Досжан -Дошшан, бес жан - бешшан, тасжүрек – ташшүрек т.б.

Ерін үндестігі. «Дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін ерін үндестігі дейді. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарда да еріндіктер тұруға тиіс. Бұл заңдылық алтай, қырғыз тілдерінде жақсы сақталған.

Қазіргі қазақ тілінде бірінші буында келетін О, Ө, Ұ, Ү, У еріндік дауысты дыбыстары келесі буында жазылған Е, Ы, І әріптерін Ө, Ұ, Ү дыбыстарына жуықтатып естіртеді: күліп–күліп, бүркіт–бүркүт, құлып–құлүп, орын–орүн. Сонымен бірге екі дауыстының ортасында келген У дыбысы өзінен кейін жазылған Ы, І әріптерін Ұ, Ү-ге жуықтатады: бауыр–бауұр, сеуіп–сеуүп, тауық–тауұқ, теуіп–теуүп.

Фонетика үшін сөздің айтылуы мен естілуі маңыздырақ екені даусыз. Еріндіктердің орнына езуліктерді жазу – орфографиялық норма, бірізді жазу үшін қажет.

Ерін үндестігін дұрыс түсіну үшін еріндік дауыстылар мен езулік дауыстылардың көрші буындарда қатар тұру мүмкіндігін ескеру керек. Сонда екі буынды сөздерде тек тек ашық А езулігінің ғана О, Ұ еріндіктерінен кейін кездеседі: орақ, отан, қола, ұран, құрақ. Қалған жағдайда еріндіктер мен езуліктер бір сөз ішінде қатар айтылмайды, әсіресе еріндіктерден кейін езуліктер кездеспейді. Тек мазмұн, мақұл, мәжнүн, күнә, куә, мәжбүр, мақұлық, дәстүр сияқты санаулы ғана кірме сөздерде бұл заңдылық сақталмауы мүмкін.

Сингармонизмнің мәнін құрауға тіл және ерін үндестігі тең қатысады. Ерін үндестігінің күші екі буынмен шектелмейді. Бірінші буында дөңгеленіп, сүйірленіп алған ерін екінші буында (ашық А дыбысы болмаса), тез жайылып өз қалпына келмейді де, келесі буында да аяқтала қоймайды.

Бұлардан шығатын қорытынды: қазақ тілінде ерін үндестігі болған және оның күші санаулы буынмен шектелмейді: алдыңғы буында дауысты О, Ө, Ұ, Ү, сондай-ақ дауыссыз У дыбыстары болса, келесі буындарда жазылған Е, Ы, І әріптері айтуда Ө, Ұ, Ү еріндіктеріне айналады. Мысалы: қорытындысы–

қорұтұндұсұ, құлынымды–құлұнұмдұ, күлкілеріңізді–күлкүле(ө)рүнүздү, ауылымыздың–ауұлұмұздұн» [7]

Қорыта айтқанда, тіл дыбыстары жеке-дара күйінде айтылмай, сөз ішінде немесе сөз аралығында бір-бірімен ықпал етіп, бір-бірімен өзара үндесіп айтылады. Сөз құрамында дауысты дыбыстардың өзара үндесіп айтылатыны сияқты дауыссыз дыбыстар да бір-біріне әсер етіп үйлесімділік табады. Дыбыстардың өзгеріп үндесуі олардың айтылуда бір-біріне артикуляциялық жақтан әсер етуінің нәтижесінде жүзеге асады. Дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесуі ассимиляция деп аталса, дауыстылар үйлесімділігі сингармонизм деп аталады. Сондай-ақ тілде сингармонизм мен ассимиляциядан бөлек диссимиляция деп аталатын дыбыстық өзгеріс түрі де кездеседі.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Үндестік заңы деген не? Оның қандай түрлері бар?
2. Буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің айырмашылығы неде?
3. Үндестік заңын білудің қажеттілігін мысалмен дәлелдеңіздер.

**1-тапсырма.** 4-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы 46, 47, 48, 49, 50-жаттығуларды (29-30 беттер) біріктіріп бір жаттығу құрылымдаңыздар, тапсырмасына осы жаттығулардың тапсырмаларын алыңыздар. «Жеңілден күрделіге» ұстанымы негізінде тапсырманы орындау реттілігін жазыңыздар.

**2-тапсырма.** Дәрісті пайдаланып, тақырып бойынша 10 сұрақтан тұратын тест құрастырыңыздар. Жауаптары А. В. С. Д. Е. болып белгіленсін. Дұрыс жауапты қою түспен көрсетіңіздер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. 4 сынып, Қазақ тілі. 1- бөлім. - Алматы: Атамұра, 2019.
2. Ибраймова Л., Шормакова А.. Тіл білімінің өзекті мәселелері. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
3. Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Дыбыс сөздің материалы. [kznews.kz/lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...](http://kznews.kz/lifestyle/dybys-sozdin-materialy-...)2018.
5. Емле ережесінің негізі - дыбыстық жүйенің дұрыстығы [emle.kz/Мақалалар/get/115](http://emle.kz/Мақалалар/get/115)

## Тақырып 2.6 Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық нормалары

Орфография дұрыс жазу, орфоэпия дұрыс айту нормаларын қарастырады. Графика – жазуда қолданылатын (әріп және тыныс белгілерінің) жиынтығы.

1. Орфография және оның нормалары
2. Орфоэпия және оның нормалары

Сөздердің айтылуы мен жазылуы бірде сәйкес келіп, екінші бірде сәйкес келмей жатады. Мысалы: *балалық, мектеп, белсенділік, жаңалық, жақсы бала, білімді жігіт*, т.б. сөздер мен тіркестер осылай айтылады да, осылай жазылады. Олардың орфоэпиясы мен орфографиясында айырмашылық жоқ. Ал *үздік оқушы, көлеңке, кітап оқу, жазса, ауызша* сияқты сөздер мен сөз тіркестері осылай жазылғанымен, басқаша айтылады: *үздік оқушы, көлеңке, кітап оқу, жазса, ауызша*. Сөйтіп, бұл сияқты сөздердің орфоэпиясы (айтылуы) мен орфографиясы (жазылуы) бірдей емес. Ондай сәйкессіздіктің көпшілігі үндестік (буын үндестігі және дыбыс үндестігі: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал) заңына байланысты болып келеді. Сөздердің дұрыс айтылуын орфоэпиялық сөздіктер, ал дұрыс жазылуын орфографиялық сөздіктер көрсетеді. Мәдениетті елдердің жазуында сөздер ресми түрде қабылданған орфографиялық ережелер бойынша біркелкі жазылады. Сөйлеуде сөздердің дұрыс айтылу нормасы сақталып, құлаққа жағымды етіп айтылады.

Орфография және оның нормалары. Орфографиялық заңдылық төмендегі принциптерге негізделеді:

I. Морфологиялық – сөздердің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы қалпын сақтап жазу: *Жаз, жазса, жазшы, жаз, жазса, жазшы, шегара (шекара), жер-гөк (жер-көк), қоян-қолтық (қоян-қолтық) т.б.*

II. Фонетикалық принцип – сөз айтылуын сақтап жазады. Бұл принцип, негізінен, сөздегі қосымшалардың жазылуында ескеріледі. Мысалы: *адам-дар, ағаш-тар, қарт-қа т.б.*

III. Дәстүрлі принцип – сөздің бір кезде жазылып, қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу: *айуан, хайуанат, Амангелді, Ботагөз, кәмпит, бәтеңке, хат, хатар, халық, қаһар, Гауһар, жаһан т.б.*

IV. Дифференциялаушы – дыбыстық құрамы бірдей сөздерді бір-бірінен орфографияның көмегімен айыру. *Қас-дұшпан – хас сұлу; қызыл алма – алшаны алма, қал-осында қал, хал-жағдай, т.б.*

Орфоэпия тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады. Әр тілдің орфоэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді. Мысалы: орыс тілінде сөздің дұрыс айтылуы, негізінде, екпінге байланысты болса, қазақ тілінде сингармонизм заңдылығына байланысты. Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде әсіресе дыбыс үндестігі ерекше орын алады. Кейбір зерттеулерде



сөздің бірыңғай жуан немес жіңішке, бірыңғай езулік немесе бірыңғай еріндік болып айтылуының фонологиялық мәні бар деп көрсетіледі. Мысалы, ен-сон-өн, іс-үн, үн т.б. сөздер бір-бірінен дискретті бірліктер яғни жеке фонемалар ғана емес, сөздің бірыңғай жуан немесе жіңішкелігі, езулік-еріндігі арқылы ажыратылып тұр. Сондықтан дыбыс үндестігі қазақ тілі орфоэпиялық негізгі нормаларының бірі болып табылады.

Орфоэпия және оның нормалары. Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, біріншіден, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: жергілікті ерекшеліктерде: жылқыдар, баладар, көңлі, маңлай, оңла, чач, чыбық, құдағай, бопа (сәби) т.б. әдеби тілде: жылқылар, балалар, көнді, маңдай, шаш, шыбық, құдағи, бөпе т.б. Мұндай жергілікті ерекшеліктерге С. Аманжолов, Ж. Досқараев, Н.Т. Сауранбаев, Ш.Ш. Сарыбаев, С. Омарбеков, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағамбетов т.б. қазақ диалектологтерінің еңбектерінде сипаттама, талдау жасалып, олардың меншікті территориясы айқындалған және ғылыми-лингвистикалық рефлексиясы айтарлықтай деңгейде деуге болады [6].

Екіншіден, әдеби тілдің орфографиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады. Салыстырыңыз: бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде берсей, бересаш, келатыр, баратыр, босашы, бошы, боп атыр, бері кеш, кеп жүр, айал, дүспан, дүния т.б. Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы Б. Әбілқасымов зерттеу материалдарында көрсетілген ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: нәсіп айласа, жәмиғат, ғызатлү, хұрметлү, мақсұт, хас (хас дүспан) т.б. Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жұмұшшү] – жұмысшы, [шэғара] – шекара, [кәсіб’ одақ] – кәсіподақ; [қашша] – қазша т.б.

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтаудың мәдени-әлеуметтік мәні айрықша. Өйткені норма тілді тұтынушылардың басын біріктіреді. Дыбыстаудағы ортақ заңдылықты сақтамай, әркім өз бетінше сөйлесе, сөзді ұғыну қиынға түсіп, коммуникацияның ойдағыдай өтуіне нұқсан келеді. Сөйлеушінің сөз мәдениетінің төмендігін, сауатсыздығын көрсетіп, тыңдаушыға жағымсыз әсер етеді. Әдеби тілдің ауызша нормасы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін таяныш етеді. Алайда халық тілінің дыбыс жүйесіндегі әр алуан варианттардың едәуір бөлігі тіл жұмсау тәжірибесінде халық тілінің сөз үлгілерінен таңдалып, сұрыпталды. Нормалардың қалыптасуында байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршы топ алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болды. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылды.

Қорытынды. Сонымен қазақ тілінде дұрыс жазылым мен айтылымдағы ережелер жүйесі және олардың ішінара принциптері мен нормалары бар. Принциптер мен оларда дәстүрлі түрі де барын, олардың, яғни нормалардың

қалыптасуында байырғы кездегі ақын, жыраулар, билер тәрізді ауызша сөз майталмандарының шаршы топ алдындағы сөзі, кейінгі кезеңдерде сахна, радио, телевизия хабарларының рөлі айрықша болған. Солар арқылы қалыптасқан үлгілер әдеби тілдің ауызша нормасы деп танылғаны белгілі болды.

## Практикалық тапсырмалар

**1-тапсырма.** Мәнмәтінді түсініп оқыңыздар. Зерттеудегі мысалдардың әдеби тілдік нормаға сай қолданылуы мен жергілікті тілдік ерекшелікке (диалектіге) сай қолданылуын салыстырыңыздар. Түсінгендеріңізді 3 сөйлемге сыйғызып тұжырымдаңыздар.

*Мәнмәтін.* Қазіргі қазақ әдеби тілінің өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі орфоэпиялық нормалары бар. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, біріншіден, жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. *Салыстырыңыз:* жергілікті ерекшеліктерде: *жылқыдар, балдар, көңлі жер, маңлай, чач, чыбық, құдағай, бопа (сәби) т.б.* әдеби тілде: *жылқылар, балалар, көңді жер, маңдай, шаш, шыбық, құдағи, бөпе т.б.* Екіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады.

*Салыстырыңыз:* бейәдеби қарапайым сөйлеу тілінде *берсей, бересаиш, келатыр, баратып, босашы, бошы, боп отыр, бері кеш, кеп жүр, айал, дұспан т.б.* Әдеби тілде *берсеңші, бере салшы, болшы, болып жатыр, келіп жүр, әйел, дұшпан т.б.* Үшіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: *нәсіп айласа, жәмиғат, гиззатлү, хұрметлү, мақсұт, хас (хас дұшпан), ұшбу, зынжыр, зиярат, халал т.б.* Төртіншіден, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жазба тілдің емлесінде көрсетілген нормаға қарама-қарсы қойылады: *[жұмұшшұ] - жұмысшы, [шегара] - шекара, [кәсі'бодақ] - кәсіподақ; [қашша] - қазша, т.б.*

Бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке таңбалауға көне бермейтін тек шеттілдік қана емес, төлтума сөздер де бар: *мүнікі, оныкі, ауылдікі, таудікі, көгорай, көкпарға, көкпар, қагылез т.б.*

**2-тапсырма.** Орфоэпиялық норма туралы ғалымдардың пікірін (3 пікірден кем емес) жазыңыздар, пайдаланған интернет ресурсты көрсетіңіздер.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

- 1) Ибраймова Л., Шормакова А.. Тіл білімінің өзекті мәселелері. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
- 2) Қалиев Б.А. Қазақ тілінің фонетикасы. –Алматы, 2014.
- 3) Мырзабектен С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
- 4) Дыбыс - сөздің материалы // [kznews.kz/lifestyle/dybyss-ozdin-materialy-...](http://kznews.kz/lifestyle/dybyss-ozdin-materialy-...)2018.

5) Емле ережесінің негізі - дыбыстық жүйенің дұрыстығы // [emle.kz](http://emle.kz)»  
Мақалалар»get/115

6) Қазақ тіліндегі орфографиялық және орфоэпиялық нормалау.  
[lagat.com](http://lagat.com)»2020/09/15/қазақ...орфографиялық-және-о/

7) Қазақ тілінің орфографиясы мен графикасы // [emle.kz](http://emle.kz)»

## Тақырып 2.7 Қазақ жазуының тарихы

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесінің 3 тарихи кезеңі бар.

Жоспар:

1. Қазақ жазуының тарихи кезеңдері. Графика.
2. Латын графикасының ену тарихы, қажеттігі.
3. Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп келеді. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы «қадим», «жәдид» деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады.

Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін харақаттар атқарған. Харақаттар үшеу: «фатха», «дамма», «кесра». Бұл белгілер қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген, фатха - «а», «ә»; дамма - «ұ», «ү», «о», «ө»; кесра - «ы», «і», «е» дыбыстарының мәнінде жұмсалып отырған.

1892 жылы А.Е. Алекторов орыс графикасындағы таңбаларды пайдалана отырып, 38 әріптен тұратын, орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиін құрастырады: а, с, ш, у, з, к, ы, т, р, е, л, и, о, н, м, п, і, й, б, д, ж, г, ә, ө, ұ, ң, ь, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, е, ғ. А.Е. Алекторов қазақ тіліндегі *а-ә, о-ө, ы-і* жұп дауысты дыбыстарына арнайы таңба арнайды.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамында жоқ *ъ, ь, в, ф, ц, ч, щ, я, ю, э, ё* тәрізді дыбыстар да алынады. Автор бұл дыбыстарды ең соңынан барып оқытылуы тиіс деп көрсетеді: *«Обучение грамоте должно быть начато на природном (казахском) языке учащихя, только в этом случае обучение будет*

сознательное и не пойдет вразрез с главными педагогическими правилами – идти от известного (казахского) и неизвестному (русскому), от легкого к трудному» дей отырып, «Азбука «к мудрости ступенька» составлена в строгой последовательности, переходя от изучения легких в произношении киргизов к более трудным звукам, что сочетания звуков в слоги и слова – самые легкие и доступные, как показала практика, детям даже шестилетнего возраста»

Н.И. Ильминскийден кейін, 1879 жылы қазақ ағартушыларының бірі – Ы.Алтынсарин орыс әліпбиі негізінде қазақ балаларына арнап қазақша анықтама жасаған болатын.

Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі – Ахмет Байтұрсынұлы. А. Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

А.Байтұрсынұлы қоғам, ғылым және мәдениеттің өркендеуі жазу арқылы іске асатынын жақсы түсінді. Ғалым сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін кезек күттірмейтін мәселе екенін біліп, 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпби түзеді. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы полиграфиялық жағынан қолайлы-қолайсыз жерлерін, оқыту процесіндегі тиімді-тиімсіз жақтарын таразылай отырып, 24 әріптен тұратын әліпби құрастырады.

- Дауысты дыбыстар: а (ا), о (و), ұ (وو), ы (ى), е (ه)
- Дауыссыз дыбыстар: б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (چ), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ғ (غ), қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ك), л (ل), м (م), н (ن)
- Жарты дауысты дыбыстар: у (و.), й (ي) [8]

Әліпбиде қазақ тіліне тән, төл дыбыстарға ғана орын беріліп, кірме дыбыстар алынбайды. Ғалым гетерогенді сипат алған емлені, әліпбиді жалпыхалықтық, ұлттық негізде қарастырады. Сондықтан А.Байтұрсынұлының бұл жазу жүйесін ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз.

Графика (гр. *graphike* — жазылған, өрнектелген) — графемалар, тыныс, екпін белгілері т.б. жазу құралдар жиынтығы, фонемалық жазудағы графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Қазіргі қазақ графикасы әріптерінің жазылуы тәсіліне және өрнегіне қарай жазу графикасы мен баспа графикасы болып бөлінеді. Қазақ жазу графикасындағы әріптердің нобайы көне орыс жазуындағы дыбыстар нобайының негізінде пайда болған. Қазақ графикасы - қоғамдағы түрлі тарихи-элеуметтік өзгерістерге сәйкес бірнеше жазу нұсқаларына (араб, латын, кирил жазулары) бағындырылған, фонематикалық принципке сүйенетін қазақтың дыбыстық жазуы.

Латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды

дипломаты Нәзір Төрекұлов. 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мысалы, «on (он) — on' (өн)», «un (үн) – un' (үн)» т.б.

Кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, «fylosofya» (философия), «семруон» (чемпион) [1]

Қабылданған әліпбидің артықшылығы:

1. «Бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды;
2. Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды;
3. Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
4. Кірме әріптер жоқ;
5. Жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде *ә, ө, ы, ә* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туады. Ол – бас әріп мәселесі, шылаулардың жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуы тәрізді мәселелер. Бірақ ең басты мәселе орыс сөздерінің дұрыс орфографиялануы болды. Орыс тілінен енген сөздер бірнеше тұрпатта жазылды. Сондықтан 1938 жылы әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіледі. Орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделі бастайды. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне *в, ф, х* әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі

1938 жылғы реформа. 1938 жылға дейін қолданылған әліпби жүйесіндегі бірнеше қиындықтарды шешу үшін 1938 жылы 1 қаңтардан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулы жарыққа шығады. Қаулы мынадай тармақтардан тұрады: а) емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты *ы, і*-лердің жазылуы; г) *и, у* әріптердің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі. Осы ережеден кейін орыс тілінен енген сөздер фонетикалық принциппен емес, *түпнұсқалыққа жақындық* принципіне ауыстырылып жазыла бастады.

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленді. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері (Ереже) – латын графикасындағы қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Сонымен қатар латыннегізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын, дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Ережеде алдымен ұлттық тілдің жазу-сызумен байланысты:

- тілдің жалғамалылығы; тілдің ықшамдалуы; тіл дыбыстарының үндестігі;
- дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімділігі, т.б. негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктері ескерілді.

Ереженің негізгі ұстанымы үшін фонематикалық принцип басшылыққа алынды. Сонымен қатар қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы көне және кірме тілдік қабаттардың кейбір түрлерінің емлесіне қатысты дәстүрлі және фонетикалық, ал төл сөздердің күрделі түрлері үшін морфологиялық принцип те қолданылды.

Ережеде:

- латын негізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының мәнін білдіретін әріптердің үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді;
- сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жалғану үлгісі берілді;
- қосар дыбыстарды (ұу/үу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалаудың үлгісі ұсынылды;
- қазақтың әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді;
- латыннегізді жаңа әліпбиде жоқ ё, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ь әріптерінің жазылу баламасы берілді;
- бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді;
- шеттілдік сөздердің орфографиялану үлгісі ұсынылды;
- біріккен, кіріккен, тіркесті және қос сөздердің емлесі, сондай-ақ бас әріппен жазылатын атаулардың жазылуы мен тасымалдың тәртібі көрсетілді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің латын графикасына көшуі бойынша жұмыстар 2019 жылдан бірнеше бағытта өрістеді. Біріншісі – ақпараттық-насихаттық жұмыстар, екіншісі – емле ережелерін сараптау, үшіншісі – әліпби және оның емле ережелерін мамандарға игерту, төртіншісі – баспа өнімдерін дайындау, бесіншісі – кісі есімдері мен географиялық атаулардың, пунктуацияның ережелерін сараптау

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазақ жазуының тарихында әліпби жүйесі қандай кезеңдерді өткерді?
2. Қазақ орфографиясы туралы соңғы мәліметтерден өз түсінгендеріңді тезистеп (10 сөйлемнен аспасын) жазыңыздар, дереккөзді көрсетіңіздер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат // <https://tilqural.kz/assets/books/4c8638f47a1ae5e199eb90f5684ff653.pdf>
2. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері // <https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi-negizindegi-qazaq-tili-emlesininheredgeleri>

## Тақырып 2.8 Критериалды бағалаудың түрлері

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі

2. Критериалды бағалаудың қағидаттары

3. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны, құрылымы

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту; 2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау; 3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу; 4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:

— білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;

— мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;

— ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;

— басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері):

• Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау - оқытудың ажырамас бір бөлігі, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

• Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

• Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

• Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

• Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нұсқаулық-әдістемелік құжаттар арқылы реттеледі: • Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты; • Оқу бағдарламасы; • Оқу жоспары; • Жалпы бастауыш білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі; • Бастауыш

сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; • Критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған нұсқаулық; • Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы; • Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар.

Критериалды бағалаудың құрылымы оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.

*Жиынтық бағалау* мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия жасау өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі.

Қорыта келгенде, критериалды бағалау - әр оқушының оқу жетістігіне жетудегі еңбегін анықтау және бағалау мүмкіндігі. Бағалаудың осы аталған түрлері жеке тұлғалық қасиетті қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықты арттыруға және өзіне деген сыни көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Критериалды бағалау дегенді қалай түсіндіңіздер?
2. Қалыптастырушы бағалау қалай жүргізіледі?
3. Жиынтық бағалаудың неше түрі бар? Бөлім бойынша жиынтық бағалау қалай жүргізіледі?
4. Қалыптастырушы бағалау жасаудың үлгісін ұсыныңыздар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.
2. Критериалды бағалау // <https://youtu.be/dMC0dYaGA9w>

### **Білім тексеру тапсырмалары**

Тапсырмалар	Орындалуы	Ұпай
Критериалды бағалауға берілген анықтамалық		



түсінік, ... <i>(толықтырып жазыңыз)</i>		
Дәрістен түсінгенінді реттілікпен 3 сөйлемге сыйғызып жеткізіңіз.		
Оқулықтың 70-бетіндегі 4-тапсырмаға критерий жазыңыз .		
Қалыптастырушы бағалау түрлеріне түрлерін атаңыз.		
Жиынтық бағалау қай кезде және қалай жүргізіледі?		

### Тексеру шарттары

Тапсырмалар	Дескриптор	Ұпай
Критериалды бағалауға берілген анықтамалық түсінік, ... <i>(толықтырып жазыңыз)</i>	-анықтаманы көшіріп жазады (5); -анықтаманы өз сөзімен түсінікті жазады (20); -толықтырады(10)	
Дәрістен түсінгенінді реттілікпен 3 сөйлемге сыйғызып жеткізіңіз	-түсінгені бақыланады (5); -қағидаттарын атайды(15); -түрлерін атап, түсіндіреді (20).	
Оқулықтың 70-бетіндегі 4-тапсырмаға критерий жазыңыз	-сынып ерекшелігін ескереді (10); -с.а.кезеңінің талаптарын ескереді(15)	
Қалыптастырушы бағалау түрлеріне түрлерін атаңыз	-түрлерін атайды( 10); - түсіндіріп жазады(15)	
Жиынтық бағалау қай кезде және қалай жүргізіледі.	түрлерін атайды (10); - не үшін жүргізілетінін түсіндіріп жазады(15)	

### Модуль 3. Лексика және фразеология

#### Тақырып 3.1 Лексиканың қарастыратын мәселелері

Лексика – тілдегі сөздік құрам мен сөздердің толық жиынтығы.

Жоспар:

1. Лексиканың зерттеу нысаны, зерттелуі
2. Лексиканың қарастыратын мәселелері
3. Лексиканың бастауыш білім беруде оқытылуы

Лексика – тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген мағынада қолданылады. Лексика (гр. *lexicos* – сөздік) тіл ғылымында сөздік немесе сөздік құрам деп аталады. Бұл термин қазақ тілінде сөздік құрам деген атаумен аталады. Тілдің лексикасын немесе сөздің құрамын зерттейтін ғылым лексикология деп аталады. Лексикология гректің «лексис және логос» деген екі сөзінің бірігуінен жасалған. Бұл сөздердің грек тіліндегі мағынасы – сөз туралы ілім деген ұғымды береді [1,5].

Лексика термині жазушының немесе жеке шығарманың тілі, яки ғылымның бір саласының тілі деген мағынада да қолданылады. Мұның сөздік құрам деген ұғымның мағынасына жақын болуымен қатар, одан гөрі өзгешелеу, өзіне тән ерекшелігі де бар. Өйткені лексика сөздік құрам мен негізгі сөздік қорды түгел қамтиды, бірақ олардың арасындағы айырмашылықтарын бөлмейді. Белгілі бір тілдің сөздік құрамындағы барлық сөз санын нақты, дәлме-дәл белгілеу, түгендеп қамтып шығу мүмкін емес. Басқа тілдер секілді, қазақ тіл ғылымында да лексика деген термин өте кең ұғымды қамтиды. Белгілі бір мақсатқа байланысты қолданылатын сөздердің жиынтығы лексика деп атала береді. Мысалы, ауызекі сөйлеу лексикасы, кітаби лексика, ғылыми лексика, өндірістік-техникалық лексика, ресми іс-қағаздары лексикасы, диалектілік лексика, кәсіби сөздер лексикасы, терминологиялық лексика, көнерген сөздер лексикасы т.б. Сонымен, лексикология дегеніміз — тілдің лексикасын, дәлірек айтқанда, тілдегі сөздердің сан алуан мағыналарын, сөз байлығының құралу, толығы, даму жолдарын, сөздердің қолданылу ерекшеліктерін зерттейтін сала.

Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі - сөз. Сөзді грамматиканың негізгі салалары - морфология мен синтаксис те қарастырып зерттейді. Бірақ, лексикология мен грамматиканың әрқайсысы сөзді әр басқа тұрғыдан қарастырады. Тілдегі әрбір сөзде белгілі мағына бар. Мағынасыз сөз болмайды. Сөздің мағыналық жағы семасиологияда қаралады. Семасиология - лексиканың сөз мағыналарын және ол мағыналардың өзгеруінің себептерін зерттейтін арнаулы бір саласы.

Лексикология сөзді тілдің сөздік құрамының өлшемі - лексикалық тұлға ретінде қарастырады. Осымен байланысты лексикологияда мағынасы жағынан дара сөздермен барабар келетін тұрақты, фразеологиялық сөз тіркестері де

қарастырылады. Сөз - тілдің негізгі тұлғасы. Дыбыстық таңбалар мен мағынаның бірлігі - сөздің өмір сүруі мен қызмет атқаруының белгісі.

Айналамыздағы заттар мен құбылыстар санамызға, ойлау мүшелерімізге өзінің бейнесін, сәулесін түсіріп, ұғым пайда болады. Ұғым арқылы танылған зат пен құбылыстарға шартты түрде атау беріледі. Ол атау жеке сөз бен сөз тіркестері арқылы жасалады. Сөз - мағына арқылы ақиқатты бейнелейді. Мағына болмаған жерде сөз де өмір сүре алмайды. Сөз жеке атауды білдірумен қатар, олардың жалпылауыш атын да танытады. Мысалы, *өзен*, *тау* деген сөздердің әрқайсысы бір ғана затқа тағылған ат емес, оны топтарға жататын бір тектес атаулардың бәріне бірдей айтылатын жалпылама атау. «*Өзен*» деген сөз бір өзенді де және оның жалпы атауын да білдіре алады. «*Тау*» деген сөз бір тауды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, жалпы тау атаулыны білдіреді.

Сөздің екі жағы бар: біріне – сөздің дыбыстық жағы жататын болса, екіншісіне – сөздің мағыналық жағы жатады. Бұл екеуі өзара тығыз байланысты, бірлікте болады. Бірақ бұлардың бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, өзара бір-бірінен айырмашылығы бар бірлік. Оған дыбыстық құрамы бірдей бола тұра, әртүрлі мағыналарды білдіретін омоним сөздердің болуы да, дыбыстық құрамы әртүрлі бола тұра, бір-біріне жақын мағыналарды білдіретін синонимдердің болуы да дәлел бола алады. Бірақ осындай өзгешеліктеріне қарамастан дыбыс пен мағынаның өмір сүруі бір-біріне тәуелді, өйткені, белгілі бір дыбыстар қосындысының сөз ретінде қабылдануы оның белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіруіне байланысты. Егер ұғымды, мағынаны білдірмесе, онда дыбыс қосындылары сөз бола алмайды.

Сөз – мағыналық жағынан екі топқа бөлінеді: Бірі – атауыш сөздер – әр алуан заттар мен қимыл-іс әрекеттісіз мен белгінің аттары. Сөздердің бұл тобына енетіндер: зат есім, етістік, сын есім, үстеу сөздер. Атауыш сөздерде лексикалық мағына, белгілі ұғым болады. Сөздердің бұл тобы өз алдына толық мағыналық дербестігін сақтаған сөздер болып табылады. Екіншісі – көмекші сөздер – мағыналық дербестігі жоқ, толық мағыналы сөздерге тіркесіп қана белгілі бір мағынаға ие болады. Көмекші сөздер тобына: жалғаулық, демеулік, септеулік шылаулар, көмекші есімдер және көмекші етістіктер жатады.

Сөз – басқаға тәуелсіз, жеке қолдануға болаты, жеке тұрып-ақ белгілі бір мағынаны я ұғымды білдіретін тілдің бір бүтін мағыналы бөлшегі. Сөздердің атқаратын ең негізгі функциясы – атауыштық қызметі.

Қорыта айтсақ, лексика бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, ал лексикология сол сөздердің шығу төркінін, мағыналық сипатын және оның әртүрлілігін қарастыратын сала.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипатына байланысты түрлері қандай?
2. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?

3. 2 сыныптың қазақ тілі (2-бөлім) оқулығынан 15-тапсырмаға (11-бет) дескриптор жазыңыздар.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. -Алматы: Зият Пресс, 2004. 64 б.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы:Арыс, 2001.
3. Қараев М. Қазақ тілі. -Алматы. Ана тілі, 1993.
4. Қазіргі қазақ тілі және оқыту әдістемесі, Б.М.Жамекова, К.С.Мусина, А.А.Жолдасова, Н.К.Бекишева / – Астана: «Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018.
5. Саркенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. Оқулық. -Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ, 2010. - 151 б // [twirpx.com/file/1822888/](http://twirpx.com/file/1822888/)

### Тақырып 3.2 Лексикологияның салалары

Лексикологияда сөз мағынасы, оның семантикалық түрлері қарастырылады.

Жоспар:

1. Лексикология, оның зерттеу заты, мақсаты
2. Лексикологияның салалары

Лексикология (гр. *lexikos* – сөз туралы және *logos* – ілім сөздерінен шыққан) тіл білімінің сөздік құрамды, тілдің лексикасын зерттейтін саласы. Сөздік құрам деген тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, ол лексика деп те аталады. Сөздік құрамға байланысты қарастыратыны: тілдің негізгі бірлігі ретінде көрінетін сөз мәселесі, лексикалық бірліктердің типтері, сөздік құрамның құрылымдық сипаты, лексикалық бірліктердің функциялық қызметі, сөздік құрамның толығу, даму жолдары, лексиканың тілден тыс шындық өмірге қатысы, тілдің басқа салаларына сөздік құрамның қарым-қатысы. Лексикологияның қарастыратын мәселелері: сөз мағынасы, сөздік қор мен сөздік құрам, сөздік құрамның толығу, даму жолдары.

Қазақ тілінің *лексикологиясы* – қазақ тілінің сөздік құрамын (лексикасын) тексеретін ғылым. Сөздердің қалыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты тарихи заңдылықтарын *тарихи лексикология* тексереді. Тарихи лексикологияның бір саласы – *этимология*. Тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін *ономастика*, *антропонимика* кісі аттарын зерттеуді нысаны етіп қараса, *топонимика* географиялық атауларын жеке нысан етіп зерттейді.

Лексикологияның салалары:

Семасиология – сөз мағынасын тексеретін ғылым. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын, ондағы мағыналардың өзгеру жолдарын зерттейтін ғылым саласын семасиология деп атайды. Семасиология сөздің мағынасын, оның даму жолдарын тексергенде, тіліміздегі сөздердің қазіргі қалпы мен өткендегісін диалектикалық тұрғыдан сөз етеді. Өйткені, тілдік құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі – сөз. Сөз тілдік құбылыстардың бәріне де тікелей қатысады. Сөз – дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұрады. Әрбір сөз белгілі бір зат пен құбылыстың аты, ол сөздердің әрқайсысына тән белгілі мағынасы бар. Бірақ бұл мағыналар өзі білдіретін зат пен құбылысты табиғи жолмен емес, сол ұғымды білдіретін белгі ретінде жұмсалады да, бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей түсінікті болады. Сөздің белгілі бір дыбыстық құрамда айтылуы оның формасы болса, сөз мағынасы оның мазмұны болмақ. Сөз аса күрделі тілдік тұлға болғандықтан, ең алдымен, сөздің мағынасы мен сөз арқылы берілетін ұғымның арақатынасы анықталады. Мысалы, сүт, нан, қара, көк он деген сөздердің дыбыстық құрамы мен оның білдіретін мағынасының арасында ешқандай табиғи байланыс болмайды, ондай дыбыстық құрамның қайсысы болмасын белгілі бір ұғымның аты не белгісі есебінде қызмет ететін дыбыстық комплекс сөз деп аталады.

Сөздік құрамға байланысты қарастыратыны: тілдің негізгі бірлігі ретінде көрінетін сөз мәселесі, лексикалық бірліктердің типтері, сөздік құрамның құрылымдық сипаты, лексикалық бірліктердің функциялық қызметі, сөздік құрамның толық, даму жолдары, лексиканың тілден тыс шындық өмірге қатысы, тілдің басқа салаларына сөздік құрамның қарым-қатысы. Сөздердің қалыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты тарихи заңдылықтарын тарихи лексикология тексереді. Тарихи лексикологияның бір саласы – этимология. Этимология – сөздердің шығу төркінін тексеретін ғылым.

Тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін ономастика, антропонимика кісі аттарын зерттеуді нысаны етіп қараса, топонимика географиялық атауларын жеке нысан етіп зерттейді.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестерін қарастырады. Лексикография – сөздіктер туралы саласы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Бектұров Ш. Қазақ тілі – Алматы: Атамұра, 1993.
2. Қараев М. Қазақ тілі – Алматы: Ана тілі, 1993. § 20, 24 б.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. 61-63 б.

### **Тапсырмалар**

1. Дәрістегі теориялық деректерді сызбаға түсіріңіз.
2. QR-код арқылы ашылған мәтіннен семасиология, этимология, фразеология, лексикография салаларына тән сөздерді топтап жазыңыз.

3. «Абай жолы» роман-эпопеясынан Шыңғыстау, Қарауыл, Орда тауларына қатысты мәліметтерді тауып жазыңыз.



- Тау аты - Шыңғыс... Бұны атам заманнан атақты Шыңғыс хан мекен еткен... Биігінің аты - Хан. Ол, тіпті, өз қыстауының желкесінде тұр. Сонау көк тау- Орда... Шыңғыстың ордасын тіккен жері... Мінеки, аудан тұрған тау аты - Қарауыл. Қолбасы батырлары, нояндарының жортуылға шығатын биігі... Жас бола ма осындай дүние?  
М.Әуезов. Шыңғыстау

### Тақырып 3.3 Сөз мағынасы, оның түрлері.

Сөз мағынасы - сөздің өзі атау болған затқа қатынасы, сөз арқылы аталатын заттың, құбылыстың бейнесі, білдіретін түсінігі.

1. Сөз және ұғым. Сөз бен мағына. Семасиология.
2. Сөздің лексикалық мағынасының түрлері
3. Сөздің көп мағыналылығы (полисемия)
4. Сөздің келтірінді мағынасының пайда болу тәсілдері.

Сөз және ұғым. Сөз - ұғымның қалыптасуында маңызды роль атқарады. Заттар мен құбылыстардың бәрі де белгілі сөздермен аталады. Атаусыз сөз жоқ, сөз болмаған жерде атау да жоқ. Сондықтан сөз болған жерде ұғым бар. Ұғым тек жалпылықты ғана бөліп алып қарамайды, сонымен бірге, заттарды, олардың қасиеттері мен қатынастарын өзгешеліктеріне қарай топтастырады. Мысалы, «адам» деген ұғым жалпылық мәнге ие. Барлық адамдарға тән ерекшелікті бейнелеумен қатар, кез-келген жеке адамның басқалардан айырмашылығы барлығын да көрсетеді. Ұғым деп кез келген сөз табында баяндалған (есімдік, шылау, одағайдан басқа) ой жүйесін айтатын болсақ: сөз мағынасы деп оның білдіретін түсінігін, сөздің өзі атау болған затқа қатынасын, сөз арқылы аталатын заттың, құбылыстың бейнесін айтамыз. «Сөз бен ұғымды тең қарауға болмайды. Өйткені барлық сөз ұғымды аңғарта бермеуі мүмкін. Мен де сіздерге ілесіп кетпес пе екем? (Ғ.Мүсірепов) деген сөйлемде *мен, сіздерге, ілесіп, кетпес* сөздері белгілі бір ұғымды аңғартып тұр. Ал *де, не,* шылаулары мен *екем* көмекші етістіктің ондай ұғымы білінбейді. Осыдан барып сөздер лексикалық мағынасы бар сөздер (ұғымды аңғартатындары) және лексикалық мағынасы жоқ сөздер деп екіге бөлінеді. Лексикалық мағыналы сөздер лексикологияның зерттеу объектісіне жатады да, лексикалық мағынасы жоқ сөздер тек грамматикалық мағына беретіндіктен грамматика аясында қарастырылады» [1,5].

Сөз бен мағына. Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымының арақатынасынан көрінеді. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет

жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер белгілі бір зат туралы ұғыммыз болмаса, оның мағынасын да білмейміз. Ұғым бар жерде мағына бар. Ұғымның болуы - сөз мағынасының ең маңызды шарты. Бірақ сөз мағынасының қалыптасуына ұғымнан басқа да себеп болатын жайттар бар. Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының ақиқат дүниеге көзқарасын, әртүрлі көңіл-күйін, сезімін және сөздің грамматикалық сипатын да білдіре алады. Бұдан сөз мағынасының ұғымнан кең екенін көреміз. Сөз мағынасы ойды ғана білдірмейді, сонымен бірге сезім мен ерікті, көңіл-күйін білдіру үшін де жұмсалады. Мұндай қасиет ұғымда кездеспейді.

Сөз мағынасының екі түрі бар: лексикалық мағына және грамматикалық мағына. Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық қасиетке ие болады. Грамматикалық мағына дегеніміз - грамматикалық амал-тәсілдер арқылы туатын, сөздің бірыңғай топтары мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән, жинақталған дерексіз мағына.

Семасиология. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын, ондағы мағыналардың өзгеру жолдарын зерттейтін ғылым саласын семасиология деп атайды. Семасиология сөздің мағынасын, оның даму жолдарын тексергенде, тіліміздегі сөздердің қазіргі қалпы мен өткендегісін диалектикалық тұрғыдан сөз етеді. Өйткені, тілдік құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі – сөз. Сөз тілдік құбылыстардың бәріне де тікелей қатысады. Сөз – дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұрады. Әрбір сөз белгілі бір зат пен құбылыстың аты, ол сөздердің әрқайсысына тән белгілі мағынасы бар. Бірақ бұл мағыналар өзі білдіретін зат пен құбылысты табиғи жолмен емес, сол ұғымды білдіретін белгі ретінде жұмсалады да, бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей түсінікті болады. Сөздің белгілі бір дыбыстық құрамда айтылуы оның формасы болса, сөз мағынасы оның мазмұны болмақ. Сөз аса күрделі тілдік тұлға болғандықтан, ең алдымен, сөздің мағынасы мен сөз арқылы берілетін ұғымның арақатынасы анықталады. Мысалы, *сүт, нан, қара, көк он* деген сөздердің дыбыстық құрамы мен оның білдіретін мағынасының арасында ешқандай табиғи байланыс болмайды, ондай дыбыстық құрамның қайсысы болмасын белгілі бір ұғымның аты не белгісі есебінде қызмет ететін дыбыстық комплекс сөз деп аталады.

Сөздің лексикалық мағынасының түрлері.

1) Сөздің атауыш (номинатив) мағынасы, ол тура мағына деп те аталады. Лексикалық мағынаның бұл түрі сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығына байланысты пайда болған. Сөздің затты не құбылысты атап білдіретін мағынасы атауыш мағына деп аталады. Атауыш мағына әр заттың өз алдына дербес мағынасы, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен ажырата білеміз. Мысалы, *тау, өзен, жел* т.б.

2) Сөздің атауыш (номинатив) мағынасы толық мағыналы дербес сөздердің бәріне қатысты. Тек есімдіктердің атауыш (атау болу) қызметінің өзіндік ерекшеліктері бар. Есімдіктер зат, құбылысты, олардың белгілерін, сыр-сипатын тікелей атап білдірмейді, тек толық мағыналы сөздердің орнына

жұмсалып, оларды алмастырып, меңзеп білдіріп тұрады. Сол себепті есімдіктердің лексикалық мағынасы меңзеу мағына деп аталады.

3) Сөздің ауыс мағынасы бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады.

4) Нақты және дерексіз мағына мағыналардың бір-бірінен айырмашылығы ол сөздің затты қандай дәрежеде білдіретіндігіне байланысты. (жалпы, жалқы).

Сөздердің шындық болмысқа қатыстылығына байланысты – атауыш, меңзеу, ауыс, абстракті мағына.

Сөздің шығу тегіне байланысты – түпкі және туынды мағына

Сөздердің тіркесу сипатына байланысты – сөздің еркін мағынасы, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына.

Сөздердің стилистикалық қызметіне қарай – бейтарап, бейнелі, терминдік, поэтикалық мағына.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. -Алматы: Зият Пресс, 2004., -64 б.

2. Бектұров Ш. Қазақ тілі. –Алматы: Атамұра, 1993.

3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.

4. Қараев М. Қазақ тілі. –Алматы:Ана тілі, 1993

### Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Семасиология нені қарастырады?

2. Дәрістегі теориялық деректерді түсініп оқыңыз. Қарастырылмаған мәліметті ұсынылған әдебиеттер көмегімен ықшамдап жазыңыз.

3. Дәрістік мәнмәтінді түсініп оқыңыз, сөздердің тіркесу сипатына байланысты мағыналарына мысал тауып, кестені толтырыңыз.

Сөздің еркін мағынасы	Фразеологиялық байлаулы мағына	Синтаксистік шартты мағына

4. Берілген суреттердің атауларын тура және ауыспалы мағынада қолданып сөйлем құрастырыңыз.



5.«Абай жолы» роман-эпопеясынан тұрақты сөз тіркестерін теріп жазыңыз.



### Тақырып 3.4 Омонимдер, синонимдер, антонимдер

Сөздің омонимдік, синонимдік, антонимдік мағыналарын білу қажет.

#### Омоним сөздер

Дыбысталуы, сыртқы тұлғасы бірдей, бірақ ешбір мағыналық байланысы жоқ сөздер омонимдер сөздер деп аталады. Мысалы: Біз 1)... Біз 21-ші жылы қысқа қарсы келдік (Ж. Ай.). 2. Етікші бізге жарымайды (мақал).

Осы келтірілген мысалдардағы есімдік *біз* деген сөз бен кұралдың аты, зат есім *біз* деген сөздің дыбысталуы, тұлғасы бірдей, ал мағыналары әр басқа сөздер.

Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің өзара жақындығы бар. Осыдан келіп, кейде оларды бір-бірінен айыру қиындыққа соғады. Бірақ көп мағыналы сөздерден омонимдерді айырудың қиындығы барлық омонимдерге бірдей катысты емес. Мысалы, - *өкпе* (*өкпесі қабыну*) деген сөз бен «*реніш*» деген мағынаны білдіретін *өкпе* деген сөздің омонимдес сөздер екені бірден ашық аңғарылады. Көп мағыналы сөздер әртүрлі заттың атауы болғанмен, олардың арасында қандай да мағыналық жақындық, ұқсастық болады. Ал омоним сөздер арасында ондай мағыналық жақындық, ұқсастық болмайды.

*Бас* деген сөздің көп мағыналығы мен омонимдік мағынасын былайша салыстыруға болады:

Көп мағыналы сөздер	Омоним сөздер
адамның басы	адамның басы
таудың басы	аяғыңды жай бас
судың басы	көрікті бас

Омоним сөздердің айрықша бір түрі есебінде омофондар мен омографтардың сөз тіркестеріндегі орфографиямен, орфоэпиямен қарым қатынасын ескермей болмайды.

Омофондар дегеніміз - біркелкі айтылып, түрліше жазылатын сөздер. Мысалы, *Ашыы* - ас даярлайтын адам. *Ащы* - қарсы мағынасы - *тұщы*. Екеуінің де айтылуы *аишы*. *Қарала* - қарама-қарсы мағынасы - *ақта*. *Қара ала* - қара түс пен ақ түстің аралас келуі; екеуінің айтылуы - *қарала*.

Омографтар дегеніміз - біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер. Мысалы: бөлме («*үйдің бөлігі*») *бөлме* (*бөл* деген етістіктің болымсыз түрі), *тартпа* («*столдың қағаз салатын жәшігі*»), *тартпа* (*тарт* деген етістіктің болымсыз түрі). Жұп-жұбымен келген осы секілді омографтардың сыңарлары айтылуда екпін арқылы ажаратылады. Екпін аталған сөздердің зат есім сыңарларының соңғы буынына түседі де, етістік сыңарларының бас буынына түседі.

Омофондар мен омографтар таза, толық, омонимдер смес, өйткені омографтар ауызекі сөйлеуде айтылуда бір-бірінен ажыратылса, омофондар жазылу жағынан бір-бірінен сараланады.

Біркелкі дыбысталатын я біркелкі жазылатын әртүрлі мағыналы ойнақы сөз тіркестері, сөз әзілі, сөз қалжыңы каламбур деп аталады. Мысалы, *Қалқам, жаным, қарағым. Бетіңе келмес қарағым* (С. М.). *Аяғыңа қарамай, басып алдың қара май* (М.). Каламбур - сөзді әр саққа жүгірту, бұрмалау, сөзге ойыншыны аралас түсінік беру тәсілдері арқылы жасалады. Жаңылтпаштарда да каламбур көп кездеседі: *Шеше, кеше, кесе, сынды неше* т.б.

## Синоним сөздер

Қазақ тілінде тұлғасы әртүрлі болғанымен, мағыналары бір-бірімен жақын сөздер көп-ақ. Мысалы: *жақын, таяу, жуық* деген үш сөздің мағыналары бір-бірінен алшақ емес, бәрі де «бір зат пен екінші заттың арасы алыс емес» дегендегі алыс деген сөздің орнына *қашық, жырақ*, деген сөздердің бірін қойып «Екі ауылдың арасы қашық емес», «... жырақ емес» деп айта беруге болады. Осы секілді *уақыт, мерзім, мезгіл, шақ, кез* деген сөздер тобы да мәнделс, мағыналас.

Синоним сөздердің мағынасы бір-біріне қанша жақын болғанымен, өзара бір-бірінен сал-пәл айырмасы да болады, әр уақытта бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы, *ат, есім* деген синоним сөздердің *есім* дегені тек адамға байланысты айтылады. Ал *мекеме, қала, өзен, тау* т.б. атауларға байланысты *ат* сөзі айтылады да, (өзеннің аты, көлдің аты, ағаштың аты). Сондай-ақ, *көрікті, келбетті, ажарлы, өңді, көркем, әдемі, сұлу* деген синоним сөздер өзара мәнделс, мағыналас сөздер болғанымен, үнемі бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы, *көрікті адам, келбетті адам, ажарлы кісі, өңді кісі, сұлу қыз* деп айтылады да, бұл синонимдердің әрқайсысын қала, үй, ат деген сөздермен тіркестіріп: *келбетті қала, ажарлы қала, келбетті үй, өңді ат* деп айтуға болмайды.

Бір ұғымды әртүрлі белгілерімен жан-жақты сипаттауда синонимдер бір-біріне қарсы қойылып, салыстырылады, ыңғайласып та айтылады. Мысалы: *Бет көрсе, жүз ұялады* (мақал). *Қауіп бар жерде қатер бар* (мақал). *Залдың орта тұсында өңкей ажарлы қыздар, әрлі әйелдер отыр* (Ж. Ай.).

Бір ұғымды әр қырынан толық сипаттап беруде екі немесе одан да көп синоним сөздер іркес-тіркес қатар қолданылады. Мысалы: *Жылатушы көп болса, уатушысы, жұбатушысы да мол болған ел сорлы бола ма?* (М. Ә). *Жақып езіліп, еріп, балқып кеткен сияқты болды.* (Ғ. Мұст.).

Қазақ тіліндегі синоним сөздер қосарланып та қолданылады. Мысалы: *күш-қуат, құрбы-құрдас, ар-ұят. аман-сау, үлгі-өнеге, азып-тозу, өніп-өсу* т.б. Екі синоним қосарлағанда бұлардың жеке мағыналары жалпыға айналады, білдіретін ұғым кеңейеді. Қазақ тілінде мағыналас екі сөз қабаттаса, қатар келсе, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұны тіл білімінде плеоназм дейді. Мысалы: *кең байтақ ел, айдын шалқар көл, қырмызы*

*қызыл жібек, заңғар биік тау, орасан зор жұмыс, құр бекер жүріс* т.б. Сондай-ақ *көне* сөзі мен *тоз* сөзі қосылып, *көнетоз* түрінде *ежелгі* мен *ескі* қабаттасып *ежелгі ескі досы* түрінде айтылады. Синонимдер жеке сөздерден ғана емес, фразеологиялық тіркестермен де кездеседі. *Қара қылды қақ жарған, қара қылды қырыққа бөлген* т.б. (*Тең таразы, әділдік*) *Аманым ақ сүтіндей-ақ еді, қарайтама ма деп қорқам. Қара қылды қақ жарғандай әділ еді, бұзама деп қорқам* (Ғ. Мұст.).

Синонимдерді қолдануда - сөзді перифраза түрінде пайдалану жиі кездеседі. Мұның мәнісі - жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытов деудің орнына «*Ақбілектің*» *авторы*, Күләш деудің орнына «*Қазақтың бұлбұл әншісі*» деп қолдануға болады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады: Мысалы, қазақ тіліндегі *шекер* - *қант*; *тұрба* - *мұржа*, *доктор* - *емші* деген синонимдердің әрқайсысының алдыңғы сыңарлары - орыс тілінен енген сөздер. Ал *дидар* - *бет*, *жүз*, *табиғат* - *жаратылыс*, *құрмет* - *сый*, *тағам* - *ас*, *есім* - *ат*, *мұғалім* - *оқытушы*, *дәреже-атақ* деген синонимдік қатарлардың алдыңғы сыңарлары араб және иран тілдерінен енген. Демек, синонимдер бір мағындағы сөздер емес, мағыналары біріне-бірі жуық сөздер. Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Мысалы, *көк аспан* деген синонимдік қатардың құрамындағы *аспан* сөзі *жер жүзі*, *жер шары* деген синонимдік қатардағы *жер шары* тіркесі көбінесе ғылыми стильде (астрономияда) қолданылады.

Ал, синонимдік қатарлар дегеніміз - кемінде екі сөзден құралып, белгілі ұғымды білдіретін мәндес, мағыналас сөздердің топтары. Әрбір қатарда бір сөз басқа синонимдерге қарағанда басым айтылып, басқа сөзді өзінің төңірегіне топтауға негіз болады. Ондай сөздер синонимдік доминант (ұябасар, негізгі) деп аталады. Мысалы, *дүние* деген сөздің төрт түрлі синонимдік қатары бар: *әлем*, *жаратылыс*, *зат*, *өмір*. Синонимдік доминанты - *дүние*.

### Антоним сөздер

Сөздердің бәрі бірдей өзара мағыналыс бола бермейтіні секілді кез келген сөз өзара қарама-қарсы мағынада (антонимдес) келе бермейді. Мысалы, *киім*, *дәптер*, *қарлығаш* деген сөздерге қарсы мәндес сөздердің (антонимдердің) табылуы мүмкін емес. Тіл-тілде көбінесе сапалық ұғымды білдіретін сөздер немесе сапалық белгісі бар сөздер өзара бір-бірімен антонимдес болып келеді. Мысалы, әдетте, *аиы* деген сапалық белгіге *тұшы* деген сапалық белгі қарсы қойылып айтлады.

Антоним сөздер көбінесе сапалық ұғымдармен шектелгендіктен, оның қазақ тілінде синоним, полисемия құбылысына қарағанда, өрісі тар болады. Антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі сын есімдер. Мысалы: *кәрі-жас*, *дұрыс-бұрыс*, *тұзу-қисық*, *терең-саяз*, *адал-арам*, *оң-теріс*, *үлкен-кіші*, *ірі-уақ*, *арық-семіз*, *жуан-жіңішке*, *ыстық-суық*, *қалың-жұқа*, *жақсы-жаман*, *кең-тар*, *аи-тоқ*, *оңай-қиын*, *араз-тату* т.б.

Зат есімдерден антоним болатындар бірен-саран ғана. Соның өзінде олардың мағынасынан сапалық белгінің нышаны аңғарылады. Мысалы: өтірік-шын, пайда-зиян, бақ-сор, бай-кедей т.б.

Туынды зат есімдерден жасалған антонимдердің де, туынды етістіктерден жасалған антонимдердің де негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер болып келеді. Мысалы, 1) *тарлық-кеңдік, аштық-тоқтық: жақсылық-жамандық, жастық-кәрілік* т.б. 2) *Ақтау-қаралау, алыстау-жақындау, арзандау-қымбаттау, жаңару-ескіру, қартаю-жасару* т.б.

Үстеу сөздерден жасалған санаулы ғана антонимдер бар. Мысалы: *ілгері-кейін, жоғары-төмен, ерте-кеш*. Сонымен, сын есімдерден басқа сөз таптарынан жасалған антонимдер тілде сирек ұшырасады.

Сөйтіп, мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөзді антоним дейміз. Мысалы, *жарық-қараңғы, қуаныш-реніш, жылдам-ақырын, жақсы-жаман, бас-аяқ* т.б. Бірақ қарама-қарсы мағынада берілген сөздердің барлығы бірдей антоним бола бермейді. Мысалы; *таулы* (тауы бар жер) - *таусыз* (тауы жоқ жер); *көк* (көк түсті) - *көк емес*, *алыс* (қиян) - *алыс емес* т.б. сияқты сөздер антоним болмайды. Демек, антоним болу үшін тек мағыналарының қарама-қарсы болғаны жеткіліксіз, сонымен қатар, олардың түбірлері де әртүрлі болу керек. Мысалы, *ашық-жабық; жуас-асау сөйлеу-үндемеу, жану-сөну, күн-түн* т.б. Осы бір қасиетіне байланысты болса, керек, антонимдер әсіресе мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Мысалы: 1. *Көз қорқақ, қол батыр*. 2. *Өтірік - қаңбақ, шын - салмақ*. 3. *Қорлық өмірден ерлік өлім артық*. 4. *Көп ақымақтың азасы болғанша, бір ақылдының інісі бол*.

### Жаттығулар мен тапсырмалар

**29-жаттығу.** 1. Мына омоним сөздердің әртүрлі мағынасына қарай сөйлем құраңыздар.

1. Ер, асау, жаз, түс, қой, бу, аяқ, жас, бас, ақ, қорық, қырық, саз, қой, сый, түс, ор, жар, тер.

2. Мына сөздердің қайсысы омограф, қайсысы омофон екендігін ажыратыңыздар. Өз беттеріңмен бес каламбур сөз тауып жазыңыздар.

1. Алма - алма. 2. Көмбе - көнбе. 3. Көрші - көрші. 4. Тұшы - тұзшы. 5. Оқушымыз - оқушымыз. 6. Қойшы - қосшы. 7. Томба - тон ба. 8. Ала ғой - ала қой. 9. Қалада - қала да. 10. Қара ат - Қарат.

**30-жаттығу.** Берілген синоним сөздерді қолданып, бес сөйлем жазыңыздар.

1. Алыс, қашық, қиыр, шет, қиян, ұзақ, кереғар, шалғай, жырақ, аулақ, қырым, алшақ. 2. Анда-санда, оқта-текте, кей-кейде, баз-базда, шанда, ілуде-шалуда. 3. Апырмай, ойпырмай. 4. Ас, тамақ, дәм, тағам. 5. Ат, есім, ныспы. 6. Әлем, дүние, жиһан, жер жүзі.

**31-жаттығу.** Төмендегі үлгі бойынша біріне-бірінің мағынасы қарсы 20 сөз тауып жазыңдар.

*Үлгі:* ерте-кеш, үлкен-кіші, жақсы-жаман, биік-аласа, көрікті-көріксіз.

Төмендегі антонимдерді сәйкестендіріп, қай сөз табына қатысты екенін, қалай жасалып тұрғанынын түсіндіріңіздер.

Антоним сөздер	
ауыр	шалағай
ашық	жексұрын
жас	кедейлену
орнықты	жүрдек
үйдегі	жеңіл
жыртық	күйіну
шабан	шығыс
баю	жабық
сүйіну	түздегі
сүйкімді	бүтін
кіріс	кәрі

Антоним сөздердің сыңарын тауып жазыңыз.

бүтін	
оңқай	
аш	
кіру	
даму	
көшу	
ысу	
бақ	
пайда	
алғыс	
ұтыс	
сыпайылық	
күшею	
тілазар	

QR-код арқылы өтіп, өлеңді мәнерлеп оқыңыз. Мәтіннен омоним, синоним, антоним сөздерді тауып жазыңыз.



Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары, ардақты орын - Абайдікі.

Міржақып Дулатов



### Тақырып 3.5 Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы

Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кеңейіп, не тарылып отыру заңдылықтары туады.

Жоспар:

1. Сөз мағынасы тарылуының тарихи, қоғамдық және әлеуметтік сипаты.
2. Сөз мағынасы метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы ауысуы.

Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кеңейіп, не тарылып отыру заңдылықтары туады. Сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ал сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Мысалы, көне түркі тілінде *тон*, *тары* деген атаулар кең мағынада қолданылған. *Тон* - тек қой терісінен тігілген киімнің емес «жалпы киім атаулыны», *тары* - егін астық атаулының бәрін білдірген. *Қол* - «адамның дене мүшесі» ұғымымен бірге, тарихи «әскер, жасақ» ұғымында да қолданылған. Қарындас – көне түркі тілінде «туысқан, бір тектен шыққан адамдар» мәнін білдірсе, қазіргі кезде «бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасын білдіреді.

Сөз мағынасының кеңеюі. Сананың дамуына байланысты ұғым өрісі де ұлғаяды. Бұл процесс сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Мағынаның нақтылықтан дерексіздікке, жалқылықтан жалпылыққа ауысуы сөз мағынасының кеңеюі деп аталады.

Сөз мағынасының кеңею жолдары әртүрлі:

1. *Бұрынғы мағыналарын сақтай отырып, мағыналарының кеңеюі.* Қазақ халқында мал сойып, оны мүшелеп, қонақтарды сыйлау дәстүрі болған. Біздің заманымызда осы негізгі мағынаның үстіне жаңа мағына қосылды. Мысалы, үйірме мүшелері т.б. Тілімізде бұрынғы мағынасынан гөрі соңғы мағынасы көбірек пайдаланылады. *Күрес, қуат, қозғалыс, топ, кеңес* т.б. сөздер осы тәсілмен пайда болған.
2. *Жіктелу, сұрыпталу арқылы сөз мағынасының кеңеюі.* Бұрын *алып* сөзі «батыр, қаһарман» мағынасында қолданылса, қазір «*үлкен, зор*» деген мағынада жұмсалады. Сол сияқты *үлгі, өнеге, оқиға, қайраткер, еңбекші* сөздері де мағыналық сұрыптауға ұшыраған.
3. *Туынды түбірдің мағынасының кеңеюі.* Қазақ тілінде туынды сөздер бұрын тар, қарапайым мағынада ғана қолданылатын. Өркениеттің өсуіне сәйкес олар қазір мағынасын кеңейтіп, қолданылу аясын ұлғайтты. Мысалы, *құрылыс* сөзі ілгеріде «*адамның құрылысы, үй құрылысы*» сияқты тіркестерде ғана жұмсалса, қазір *атом құрылысы, қоғамдық құрылыс* сияқты тың, соны тіркестерде пайдаланыла береді. Өндіріс, ағым, ұйым, байланыс, қатынас сияқты толып жатқан туынды сөздер бұрынғы мағынасын кеңейтті. Жаңа ұғымды көрсетуге

байланысты тілімізде бірсыпыра жұрнақтардың қызметі, тіркесу қаблеті де артты.

4. *Сөз мағынасының бір жағынан тарылып, екінші жағынан кеңеюі.* Тілімізде кейбір сөздердің бұрынғы қарапайым, тар мағыналары қолданудан шығып қалса да, олар жаңа жағдайға байланысты жаңа мағына алып, өрісін ұлғайтуда. Мысалы, құн сөзінің бұрынғы мағынасы (құн алу) қазіргі өмірге қажеті болмағандықтан қолданылмайды. Заттың, тауардың «бағасы, құны» ретіндегі жаңа мағынасы арнаулы термин болып, әдеби тілге сіңіп кетті. Сол сияқты *сайыс* сөзінің де ескі салтқа байланысты мағынасы ұмытылған. Бұл сөз әсіресе спортқа байланысты жаңа ұғымға ие болған. *Шымылдық, парыз, желі, дәулет* сияқты сөздердің бұрынғы мағыналары тарылып, кеңейген мағынада қолданылып жүргенін байқаймыз.

5. *Сөздердің тіркесу арқылы мағынасының кеңеюі.* Тіркес арқылы сөз мағынасының кеңеюін екі топқа бөлуге болады: 1. байырғы сөздердің тіркесі, 2. аралас тіркес. *Демалыс үйлері, балалар бақшасы, қоғам дәулеті, тұрғын үй, қол еңбегі, ұдайы өндіріс, дене тәрбиесі* сияқты тіркестер байырғы сөздердің есебінен жасалса, *бас инженер, бас агроном, бас бухгалтер, аға инженер, техникамен жарақтану* сияқты тіркестер кірме сөздердің араласуы арқылы жасалып тұр.

*Сөз мағынасының тарылуы.* Бұл сөз мағынасының кеңеюіне қарама-қарсы құбылыс. Ұғымның дәлденіп жіктелуіне байланысты мағынаның дерексіздіктен нақтылыққа, жалпылықтан жалқылыққа ауысуы сөз мағынасының тарылуы деп аталады. Яғни, тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Сөз мағынасының тарылу жолдары төмендегідей:

1. *Сөз мағынасының дәстүрлі тілдік жолдармен тарылуы.* Сөз мағынасы тарылғанда кейде кең ұғымды білдіретін сөздер тар ұғымды білдірсе, кейде сөздің жекелеген мағыналары ұмытылады. Мысалы, жылқы бұрын жалпы мал мағынасында, тары - астық мағынасында, киік - барлық жабайы аң мағынасында қолданылған.

2. *Сөз мағынасының тарыла келе, көмекшіге айналуы.* Қазақ тілінде *алды, арты, асты, үсті, қасы, маңы, арасы, тұсы, іші, бойы* сияқты көмекші есімдер бар. Бұлар тілімізде көпшілік жағдайда дербес мағыналы сөздердің жетегінде ғана жұмсалады. Бұлардың барлығы да зерттеушілердің пікіріне қарағанда, ілгері заманда толық мағыналы сөздер болған. Мағыналары бірте-бірте тарылып, көмекші элементке айналып кеткен.

3. *Мағынаның толық тарылуы нәтижесінде сөздің қосымшаға айналуы.* Жұрнақтар мен жалғаулар тарихи жағынан алып қарағанда, ертеректе дербес мағыналы сөздер болған. Бірақ кейбір қосымшалардың төркінін табу қиын, өйткені олардың алғашқы негізі туралы ешқандай із қалмаған. Дегенмен –мен, (-пен, -бен) көмектес септігінің бирлан шылауынан, -тын, (-тін) жұрнағының тұрған есімшесінен, -ша жұрнағының шақ сөзінен шыққандығын түркологтар дәлелдеп отыр. Бұлар мағынаның толық тарылғандығына мысал бола алады (Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы).

Сөз мағынасының ауысуы. Көп мағыналылық. Белгілі бір сөз әдетте өзінің тура мағынасында қолданылады. Дәл сол сөз екінші, үшінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде өзінің тура мағынасынан басқа мағынада, тіпті бір емес, бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін. Сөздің қандай мағынада қолданылып тұрғанын контекст (сөз тіркесі, сөйлем) анықтайды. Сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуын *көп мағыналылық* деп атайды. Адамдар өзін қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сырлары мен белгілерін бірден танып білген емес. Заттар мен құбылыстар, олардың бір-біріне қатысы мен байланысы қоғамның дамуы барысында біртіндеп танылып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі [2].

Сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуы метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы іске асады. Осы күні жиі айтылатын *талқылау, қарау, табыс, жарыс, мүше, құру, құрылыс, қатынас, байланыс, құн, айналым* т.б. сөздер жаңа мағынаға ие болған сөздер. Мысалы, *талқылау* бұрын (теріні талқыға салып жұмсарту) мәнінде қолданылса, кейін мәселені жан жақты тексеріп, пікір алысу мәнінде айтылатын болды. Байланыс бұрын «қарыс-қатынас, аралас» мәнінің үстіне қазір «хат-хабар, телефон, телеграф арқылы байланыс жасау орны, мекеме» мәніне ие болды.

Метафора - сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы. Ол мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөздерде жиі кездеседі. Метафораның кейбір түрлері теңеуге жақындайды. Мысалы, тас жүрек. Бірақ онда теңеудегідей екі нәрсені салыстырудан гөрі сезім, әсер жақындығын көрсету басым. Көбіне ондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісі емеурінмен білдіріледі. «Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей, Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей» (Мағжан). Мұнда ақынды желмен, отпен жай ғана салыстырып қоймай, соған балап айту бар. Метафора тілді байытуға қызмет етеді, синонимдерді, көпмағыналықты, терминдік жүйені және эмоционалды-экспрессивті лексиканы дамытады. Мысалы: билік тізгіні, ғасыр перзенті, көңіл көкжиегі, жан айғайы, жер кіндігі, үміт жібі, т.б. Тілдегі қолданыс аясына қарай жеке қолданыстағы метафора және тұрақты метафора болып бөлінеді. Әдебиеттегі ізденістер нәтижесінде «метафоралық роман» деген соны термин қалыптасып келеді. Метафора әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі мағына болуы мүмкін. Сонысына байланысты метафора екі түрлі қызмет атқарады: белгілі бір затқа, құбылысқа немесе адамға сипаттама беру және сол заттың, құбылыстың немесе адамның атын атау (номинация). Бірінші жағдайда метафора сөйлем ішінде баяндауыш болады да (Сен қасқыр екенсің), екінші жағдайда бастауыш немесе толықтауыш болады (Қасқыр қайда кеткен? Ол қасқырмен көп байланыса берме). Сөйлеу практикасында



қалыптасып қалған аң атаулары ғана (аю, түлкі, қоян, доңыз, қой, ит т. б.) ғана емес, метафора қызметінде адам болмысындағы, қызметіндегі әр алуан жайлар алына береді (бастық, чиновник, ғұлама, әкім т. б.). Мұндай жайлар, сөйлеу жағдайында анық байқалып отырады; (Мынауың дайын тұрған ғұлама ғой! - әзір ғұламалық ертерек шығар, бірақ түбінде болып қалатын да сыңайы бар). Метонимия (гр. 'metonymia' – ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. Метафорада ауыспалы, астарлы мағына екі нәрсенің ұқсастығы негізінде туындаса, метонимияда олардың жалғастығы, айрықша белгісі арқылы пайда болады. Мысалы, әйелді – «ақ жаулық», әскерді – «қол», бүркітті – «ақиық, мұзбалақ», қылышты – «наркескен» деп айту метонимияға жатады [3].

Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады. Мысалы, Абай «Үйі мез боп қой сойды, Сүйіншіге шапқанға» дегенде сүйінші сұраған жандардың баспанасын емес, адамдарын айтады. Тілімізде мифологиялық метонимиялар да кездеседі: Парнас – поэзия мен музыка мекендейтін тау аты, Пегас – Зевстің қанатты тұлпары, ақындарды рухтандырушы. Метонимия тілге жаңа сөз қоспайды, бұрынғы бар сөзге жаңа мағына үстейді немесе оның қолдану аясын кеңейтеді. Метонимияда әдет-ғұрыпқа, діни ұғымға байланысты сөздер алғашқы атауымен айтылмай, басқа сөздермен ауыстырылады (табу, эвфемизм): Тетелес, Шырайлым, ит-құс, жан тапсырды, қолды болды, т.б. Метонимия заттар мен құбылыстар атауын нақты мағынадағы байланысына қарай алмастырады. Метонимия мен оның бір түрі меңзеудің арақатынасын білу аса маңызды, жалпының орнына жалқыны немесе бөлшегі арқылы бүтінді тану меңзеуге жатса, басқа ауыстырулар метонимия бола алады.

Метонимия қызметіндегі атаулар мынадай реттерде ауысып отырады:

- 1) бір табақ ет жеді (тамақ), сұйықтың орнына ыдыс атауының: табақ (бір табақ жеді);
- 2) заттың жасалатын материалының атауы: шыны (шыныға құйды - ыдысқа құйды, шөлмекке құйды);
- 3) тұрғындардың орнына қоныс атауы: ауыл (бүкіл ауыл жиналды - бүкіл ауыл тұрғындары жиналды);
- 4) қимылдың орнына қимыл нәтижесінің атауы: аялдама (автобус аялдамаға келді - автобус аялдайтын жерге келді);
- 5) қатынасушылардың орнына сол әлеуметтік оқиғалар мен шаралардың атауы: конференция (конференция шешім қабылдады - конференцияға қатынасушылар шешім қабылдады);
- 6) ғылым, білім салаларының орнына сол ғылым, білім нысандарының немесе керісінше, ғылым мен білім нысандарының орнына сол ғылым, білім салалары атауларының қолданылуы: синтаксис (біріншіден, бұл грамматиканың бір саласы ретінде жұмсалады; екіншіден, грамматиканың осы саласы зерттейтін нысандардың атауы ретінде де жұмсалады);

7) әлеуметтік ұйым, мекемелердің мүшелердің орнына сол мекеме, ұйымдардың атаулары пайдаланылады: кеңшар көктемгі егіске әзір - кеңшар жұмысшылары көктемгі егіске әзір;

8) сезімге әсер ететін оқиғаның орнына эмоционалдық сөздің қолданылуы: тамаша (тамаша болды - тамаша концерт болды);

9) оқиға, шығарманың орнына сол оқиға, шығарманың авторының аталуы: Әуезов, Төлебаев (Әуезовті оқыдым - Әуезов әңгімелерін оқыдым; Төлебаевты тыңдадым - Төлебаевтың операсын тыңдадым), бірақ Әуезов қызық екен немесе Төлебаев мұнды екен сияқты сөйлемдерде метонимияның қызметі жоқ және сөйлем мүлдем басқа мазмұнды баяндап кетеді.

Меңзеу (синекдоха) – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, көптің орнына жекені немесе керісінше ауыстырып қолдану тәсілі. Жалпыхалықтық сөйлеу тілінде мұндай құбылыстар ұшан теңіз. Мәселен, «малжаның аман ба?», «үй-ішің қалай?» дегенде малға немесе үй ішіне қатысты ғана емес, отбасындағы жандардың амандығы түгелдей сұралады. Сондай-ақ елдің бәрі жиылды – «тайлы-тұяғы қалмай келді», қанша балаң бар? – «қарған нешеу?», «мал басы түгел», «бағар көбейсін» деген секілді сөз қолданыстарында меңзеу көрініс тапқан. Көркем шығармада меңзеудің алуан түрі кездеседі. «Абайлардай ақын қазақта туа бермейді ғой» деп айту меңзеуге мысал бола алатынын А. Байтұрсынов көрсетеді. Меңзеудің тағы бір түрі «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек» (Абай) немесе «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деген секілді көптік ұғымды «қырық», «тоқсан» ретінде нақтылы сандармен көрсетуімен ерекшеленеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар**

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы.- Алматы: Зият Пресс, 2004., -64 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері
3. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы
4. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. 2-сынып. – Алматы: Атамұра, 2017.
5. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – А.: Ана тілі, 2000.
6. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. -Алматы, 2006.
7. Қазақ тілі. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында) – Астана, 2015.
8. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.-Алматы: Сөздік-Словарь. 2006. 61-63 б.
9. Қараев М. Қазақ тілі -Алматы:Ана тілі, 1993. 24 б.
10. <https://lektsii.org/6-259.html>

## Тапсырмалар

1. Дәрістегі теориялық деректерді сызбаға түсіріңіз.
2. Төмендегі үзінділерден мағынасы кеңейген я тарылған сөздерді теріп жазып, сөз мағынасындағы мұндай өзгерістердің себебін түсіндіріңіз.
3. *Еңбек, жанұя, саяжай, аялдама, балмұздақ* сөздерін қатыстырып, мәтін құрастырыңыз. Берілген сөздердің контекстегі мағынасын түсіндіріңіз. Сөз мағынасының кеңеюі не тарылуын дәлелдеңіз.

### Тақырып 3.6 Сөздік қор, сөздік құрам. Кірме сөздер

Белгілі бір тілдегі сөздердің барлық жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын немесе лексикасын құрайды. Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегі – негізгі сөздік қор.

Жоспар:

1. Сөздік қор мен сөздік құрамның байланыстылығы және айырмашылығы
2. Төл сөз, кірме сөз

Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе – барлық сөздің ұйытқысы болып табылатын түбір сөздер, негізгі сөздік қор. Демек, тілдің негізгі сөздік қоры талай ғасырды басынан кешіргендіктен, олар байырғы, көне сөздер деп аталады. Тілдегі сөздердің бәрі қосылып тілдің сөздік құрамы дегенді жасайды. Тілдің сөздік құрамына тілдегі сөздердің бәрі де жатады. Ендеше, сөздік құрамға сөздік қор да жатады. Тілдің сөздік құрамындағы басты нәрсе - негізгі сөздік қор. Яғни, негізгі сөздік қор сөздік құрамнан тыс қаралмайды.

Сөздік құрам мен негізгі сөздік қордың арасында айырма бар. Сөздік құрам негізінен өзгергіш келіп, өзінің құрамына жаңа сөздерді қабылдағыш болады, өз ішіндегі ескірген, көнерген сөздерді шығарып тастап отырады. Ал, негізгі сөздік қорға келсек, бұл сөздік құрамның ішіндегі ең тұрақты ұйытқысы болып саналады. Мысалы: адам, ай, күн, су, тас, тау, қой, мал, ақ, қара, сары, алыс, көру тәрізді сөздер – ертеден келе жатқан сөздер. Әрине, бұдан бұл сөздердің мағынасы дамымайды деген ұғым тумайды, бұлардың да мағыналары өзгереді, бұлар да дамиды; бірақ, сөздік құрамды тұтас алғанда, оның негізгі сөздік қоры баяу өзгереді [4, 49-55].

**Қазақ тілінің сөздік құрамы.** Белгілі бір тілдегі сөздердің барлық жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын немесе лексикасын құрайды. Сөздік құрамға тілдің күллі сөз байлығы енеді. Тілдің сөздік құрамы немесе лексикасы төл сөздер мен басқа тілдерден енген сөздерді де, ғылыми–техникалық терминдер мен дара сөздің эквиваленті ретінде жұмсалатын фразеологизмдерді де қамтиды.

Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегі – негізгі сөздік қор. Сөздік құраммен салыстырғанда, негізгі сөздік қордың көлемі шағын болады, бірақ ол тілдегі түбір сөздердің бәрін қамтиды, туынды сөздердің жасалуына ұйытқы ретінде де қызмет атқарады. Негізгі сөздік қор – бүкіл лексикалық байлықтың басты тұлғасы, негізгі ұйытқысы.

Тіл өзінің сөздік құрамы арқылы адамның өндірістік іс-әрекетімен және оның барлық жұмыс саласындағы басқа да іс-әрекеттерімен тікелей байланысты. Қоғамдық өндірістің, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы мен материалдық және рухани мәдениеттің барлық салаларының дамуына байланысты туған жаңа заттар мен құбылыстарды және олардың ұғымдарын тілде сөзбен атаудың қажеттілігінен туады және жаңа сөздер жасалады немесе олар тілде бұрыннан бар сөздермен аталып, ол сөздердің мағыналарына туынды мағыналар қосылады. Осыдан тілдің сөздік құрамы үздіксіз дерлік толығу, даму күйінде болады.

**Сөздік қор.** Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйымдастырушысы, қайнар бұлағы, шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Негізгі сөздік қорға түркі тілдеріне ортақ сөздер: тау, тас, көл, түн, ай, жыл, жүр, көк, төрт, мен, сен, ол, т.б. сөздер, сонымен қатар ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан қазақтың байырғы төл сөздері:

Туыстық атаулар: аға, іні, құда, жиен, немере т.б.

Жануар атаулары: түйе, жылқы, сиыр т.б.

Ағаш атаулары: тобылғы, емен т.б.

Киіз үй атаулары: шаңырақ, кереге т.б.

Жұмыс құралдары: күрек, балға, балта т.б.

Сапалық сындық атаулары: жақсы, жаман т.б.

Сөздік қордың мынадай басты белгілері бар: 1) *Тұрақтылық.* Оған бірнеше ғасырлар бойы өмір сүріп, барша ұрпақ үнемі қолданып келе жатқан сөздер кіреді: Ат, ер, сіз, өзім, теріс, күн. Бұлар ескерткіш тілдерінде де кездеседі. 2) *Сөз тудыруға ұйытқы.* Негізгі сөздік қор болмаса сөздік құрам молайып байымас еді. Күн – күндіз, күнгеі, күнім, күндік, күндес, күнелту, күнделік, күнара, т.б. 3) *Жалпыхалықтық сипаты.* Сөздік қордағы сөздер қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығына түсінікті, мұнда қызметі, кәсібі, жасы дегендерге шек қойылмайды; Ондағы сөздерге стильдік қабаттасулар тән емес, яғни жалпыхалықтық болған соң, лексиканың ең негізгі саласы, жалпы қолданыстағы сөздер.

Әдеби тіл дегеніміз – белгілі мөлшерде сұрыпталып, тілдік нормалық бағыты анықталған, қолданылу қызметі әр алуан, стиль жағынан саралануға бейім, тілдік диалектілер мен қарапайым сөйлеу тілінен жоғары түрі. Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпыхалықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, енді бірсыпырасы жалпы хатқа түскен дүниелердің тілі деп табады. Жазусыз әдеби тілдің болуы мүмкін емес деп санайды. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» Әдеби тілдің тарихы-жазба ескерткіштердің тарихы. Әдетте, жазусыз әдеби тіл

болуы мүмкін емес. Жазу - әдеби тілдің ең маңызды қайткенде де болуға тиісті белгісі. Тіл білімі тарапынан айтқанда «әдеби тіл» деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет журналдардың тілін де, қысқасы жазба тілді атаймыз. XIX ғасырдың II жартысынан басталатын қазақтың төл жазба әдеби тіліне дейін ауызша тараған әдеби тіл өмір сүрген.

Әдеби тілдің белгілері: басты белгісі - оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуы тиіс, бірақ әдеби тілдердің бір кезеңдеріндегі жазба түрлерінде әрдайым соңғы белгінің болуы шарт емес. Әдеби тілді тану үшін оған оның қарама-қарсысына қойылатын басты құбылыс - ауызекі сөйлеу тілі.

Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылданған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Р. Сыздықова қазақ әдеби тілін қазақ халқының ұлт болып қалыптаса бастағанға дейінгі түрі және ұлттық түрі деп бөліп қараймыз дейді. Бұл екі кезеңнің аралық тұсы – өткен ғасырдың екінші жартысы, яғни қазақтың ұлттық әдеби тілі XIX ғасырдың II жартысынан бастап қалыптасты деген тұжырымға келеміз.

Әдеби тілдің нормалары үнемі дамып, жетіліп отырады. Бұған мысал қазақтың қазіргі әдеби тіліне дейін өзіндік нормалары бар ауызша әдеби тілі, жазба әдеби тілдің ертедегі нұсқалары (кітаби тіл) болғанын айтса да жеткілікті. Әдеби тілді дамытудағы жаңалықтар ең алдымен тіл дамуының ішкі заңына сай болуы керек, сонда ғана олар жалпыхалықтық сипат ала алады. Мысалы, әдеби, мәдени, саяси сөздерінің үлгісімен туған аспани (әлем), сыни (еңбек), адами (ақ жүрек) сөздері әдеби тілде қалыптаса алмады. Берермен, аларман үлгісімен туған сөздерден көрермен, оқырман әдеби тілге қабылданды да, сынарман, жазарман, жүрермен т.б. кіріге алмады.

Тілдің әдеби болуы үшін төмендегі белгілердің болуын міндетті деп санайды:

- 1) Әдеби тіл, ең алдымен, жазба тіл болуы керек, ол жазу арқылы ғана қалыптасады;
- 2) Әдеби тіл нормаланған тіл болуы керек;
- 3) Әдеби тілдің стильдік тармақтары болуы керек / «тілдің стильдік жүйелерінің саралануы - тілдің әдебилігінің басты белгісінің бірі»
- 4) «Әдеби тіл - қоғамдық қызметі ерекше тіл». «Жазба әдебиет арқылы әдеби тілдің икемділігі, ортақтық қасиеті артып, құрылысы жүйелі қалыпқа түседі», «тілге орамды, жүрекке жылы тиетін» элементтері ұштала түседі.

М. Балақаев: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды» – деп жазады. Дәл осындай тұжырымды Ғ. Мұсабаев та айтады: «Әдеби тіл ең әуелі-ақ жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес».

Профессор Р. Сыздық: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны

қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгісін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады» [3] – деп әділ бағасын берген болатын. Тілі көркем, мазмұны терең түйдектер Дулатта да бар. Мысалы,

Құрт жегендей қуарып,  
Дәнің тандыр суалып.  
Елдігің кетіп ыдырап,  
Алтын жағаң сөгіліп,  
Абыройың төгіліп,  
Барыңнан да жақсы еді  
Жоқ болғаның мұнан да – деген жолдар.

*Кірме сөздер.* Араб және иран тілдерінен енген сөздер. Халықтардың әртүрлі себептермен бір-бірімен үнемі араласып келгені адамзаттың сонау көне тарихынан бастап белгілі. Қазақ халқының өткен бір дәуірлерінде оның тіліне әсерін көбірек тигізген араб пен парсы тілдері деуге әбден болады. Түркі тілдес халықтардың ішінде араб-иран сөздерінің ең аз енген тілі - қазақ тілі екені белгілі. Осылай екені рас бола тұрса да, қазақтың сөйлеу тілі мен жазба тілінде кездесетін араб-иран сөздері аз емес. Араб, иран тілдерінен қазақ тіліне батыста – татар тілі, оңтүстікте - өзбек тілдері арқылы сөз ауысып отырады. Олар:

1) Үй шаруашылық, үй тұрмысына байланысты бұйымдардың атаулары: айна, таға, атрап, торап, байрақ, базар, орамал, бадам, перде.

2) мәдени-ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер: қалам, мектеп, медресе, мәлім, мағлұмат, мереке, ғылым, пән, мешіт, кітап, тарих.

3) діни сөздер: ораза, намаз, парыз, құдай, аруақ, аят, күнә, бейіт.

Сөйтіп, қазақ тіліне араб пен иран тілдерінен сөз ауысып жатты. Мысалы: ата, аталық, орда, елші, ұлы, аталық, қылыш, қонақ, сорпа.

Монғол тілінен енген сөздер. Қазақ тіліне әсіресе ислам дінімен ғылым–мәдениетке байланысты араб, иран тілдерінен сөз ауысса, бұрын қазақ жерін монғолдардың жаулап алуымен байланысты монғол тілінен де көптеген сөздер ауысқан. Монғол тілінен қазақ тіліне сөз ауысу тек монғолдар мен жоңғарлардың шабуылы салдарынан ғана емес, бұл екі халықтың бір-бірімен көршілес тұрып, мәдени, саяси, экономикалық жақтарынан қарым-қатынас жасауының нәтижесінде де көптеген сөздер еніп отырған. Мына сөздерді салыстырып көрелік: қазақша – адыра – монғолша абдара; алтын - алтан; аяң - аян; байсал - байцал. Монғол тілінен қазақ тіліне сөз ауысса, керсінше, қазақ тілінен монғол тіліне де сөз ауысу процесі болған.

Қорыта айтқанда, Абай айтқан «Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деп қойған талабы көркем шығарманың сыртқы түріне ғана емес, ішкі мазмұнның да бірлігіне, бүтіндігіне меңзеп тұрғандай. Мұндай эстетикалық мазмұн мен құрылымдық бүтіндікке тек жазба әдебиетте ғана қол жеткізуге болады. Қазақ әдебиетіне оның жарқын үлгісін Абай көрсетіп берді.


## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөздік қор мен сөздік құрам түсінігі бірдей ме?

2. Дәрістен түсінгендеріңізді екі кестеге түсіріңіздер, тек негізгі деректер ғана қамтылсын. Тақырыптың грамматикалық мазмұндық сипатының сақталуы маңызды.

3. Сөздік құрамның қазіргі кездегі толығыуына мысал жазыңыздар, мысал сөйлем ішінде болсын, сөздік құрамды толықтырып тұрған сөз ерекшеленіп, қай салаға тән екені көрсетілсін.

4. Дәрістегі теориялық деректерді «Давл, вавл» сызбасына түсіріңіз.



### Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. -Алматы: Зият Пресс, 2004., -64 б.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы –Алматы:Сөздік-Словарь. 2006. 61-63 б.
3. Қараев М. Қазақ тілі -Алматы:Ана тілі, 1993.
4. <https://lektsii.org/6-259.html>

### Тақырып 3.7 Тұрақты сөз тіркестері. Мақал – мәтелдер

Фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады.

Жоспар:

1. Фразеологияның зерттелуі
2. Фразеологизмдердің басты белгілері
3. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі
4. Фразеологизмдердің бейнелік құрылысы

Фразеологияның зерттелуі. «Фразеология» термині екі түрлі мағынада қолданылады: 1) тілдегі тұрақты тіркестерді қарастыратын тіл білімінің бір

саласы; 2) тілдегі барлық тұрақты тіркестердің жиынтығы. Фразеология: phrasis - сөйлемше, logos - ұғым (грек.) дегенді білдіреді.

Фразеологизмдердің басты белгілері. Фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі-қасиетімен ерекшеленеді: 1) құрылым тұрақтылығы; 2) мағына тұтастығы; 3) даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы; 4) бейнелілігі, мәнерлілігі. Топтастыруда екі түрлі пікір бар. І. Кеңесбаевтың топтастыруы, екіншісі – В. В. Виноградов пен Н. М. Шанскийдің үлгісі бойынша жасалған топтастыру. І. Кеңесбаев фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы мен құрылымының тұтастығына қарап, фразеологизмдерді екі топқа бөледі: фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес, бұлардың алғашқысына идиома, кейінгісін фраза деп атайды. 1970 жылдардан бастап В.В. Виноградов пен Н.М. Шанскийдің үлгісі бойынша фразеологизмдердің біртұтас мағынасы мен құрастыру сыңарлары мағыналарының арақатынасы тұрғысынан қазақ тіліндегі фразеологизмдерді келесі түрде төрт топқа бөлу тәжірибесі қалыптасқан: 1) фразеологиялық тұтастық; 2) фразеологиялық бірлік; 3) фразеологиялық тіркес (тізбек емес); 4) фразеологиялық сөйлем.

Фразеологизмдердің еркін сөз тіркесінен айырмашылықтары:

1. Фразеологизмдер кем дегенде екі сөздің тіркесуінен жасалады, алайда олардың құрамы тұрақты болады. Мысалы: жігері құм болды, нарттай жанды, ұзында өші, қысқада кегі сияқты сөздердің құрамын өзгертуге, басқа сөздермен айырбастауға болмайды. Ал, еркін сөз тіркесі сөйлеу кезінде сөздердің мағынасы жағынан өзара үйлесе отырып, кем дегенде екі сөздің грамматикалық жолмен еркін тіркесуінен жасалады, еркін сөз тіркестерінің құрамы тұрақты болмайды

2. Фразеологизмдердің мағына тұтастығында, яғни құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы болғандықтан, фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады. Мысалы: ит арқасы қиянда (өте алыс), қой аузынан шөп алмайды (момын), қойдан қоңыр (жуас), түйе үстіне сирақ үйтеді (икемсіз, епсіз адамды айтады) сияқты фразеологизмдердің беретін жинақтық тұтас мағыналары, олардың құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасынан мүлде басқаша болады.

3. Фразеологизмдердің даяр қалпында қолданылу тиянақтылығында.

4. Фразеологизмдердің көпшілігіне мәнерлілік, айқындылық, бейнелік қасиет тән. Бұл фразеологизмдердің стилистикалық мәнділігін арттырады.

5. Еркін тіркестер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көнеді. Ал фразеологизмдер әдетте бір тілден басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді, оларды басқа тілдегі баламалары арқылы немесе фразеологиялық мағыналарын түсіндіру арқылы беруге болады [3]. Осындай айырмашылықтарымен бірге фразеологизмдер мен еркін тіркестердің жақындасатын ұқсастық жақтары да еңбектерде қарастырылған [4].

Фразеологизмдердің сөзбен жақындығы. Бұлардың жақындығы білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтеріндегі ұқсастықтан байқалады. Сөздің



фразеологизмге жақындығы екі жағдайда байқалады: 1) тілдегі әрбір дербес мағыналы сөз лексикалық бірлік ретінде белгілі бір ұғымды білдіріп, даяр қалпында қолданысқа түседі; 2) ұғымды білдіру жағынан сөз бен фразеологизмнің арасында ұқсастық бар, лексикалық бірлік ретінде сөз де фразеологизм сияқты бір ұғымды білдіреді.

Фразеологияның қалыптасуындағы объективті және субъективті факторлар - фразеологиялық мағынаның коммуникативтік жағдайларға бейімделуі және сөйлеу кезіндегі сөз тіркестерінің туынды мағынаға ие болуы. Ал сөздің жанамалық қатыста номинацияға ұшырауы, ұғым мен түсінікті тереңдетудегі танымдық қызмет пен жүйе, әлеуметтік жағдайдағы мәдени ұлттық ерекшеліктерді көрсету - фразеологияның басты міндеттері болып саналады. Фразеология негізінен психология, философия, тарих, этнографиямен тығыз байланысты. Қазіргі кезде фразеологизмдерді кең ұғымда түсінуді жақтаушылар фразеологияның зерттеу аясын кеңейтуді ұсынуда. Фразеология семантикалық категориялар қатарында фразеологизмдердің антонимді, синонимді, омонимді, көп мағыналы құбылыстарына талдау жасайды. Фразеология тұрақты тіркестердің эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктеріне орай, олардың қолданылу аясында стильдік дәрежелену сатысын айқындап, жалпы стильдік қызметін саралайды. Фразеология фразеологиялық тіркестердің белгілерін анықтау принциптері мен әдістерін басшылыққа ала отырып, фразеологиялық тіркестердің сөздерде толық тұжырыммен сипатталуына назар аударады.

Компоненттер бірлігі фразеологиялық мағынаны түсіну үшін аналитикалық талдау, фразеологизмдердің семантикалық тақырыптық жүйеленуі, жеке сөздің компоненттер құрылымындағы орны фразеологиялық факторлармен дәлелденуді қажет етеді. Фразеология бұрыннан қалыптасқан зерттеу әдістерін жетілдіре отырып, фразеологизмдердің семантик.-синтаксистік құрылымын басқа ұқсас жағдайлардан ажырату үшін фразеологиялық тіркес шегін белгілеп зерттейді. Түркі фразеологиясында фразеологизмдердің тұлғалық, мағыналық, тақырыптық жақтарының күрделілігіне қарай ғылыми ізденістерде зерттеу әдістерінің бағыт-бағдары әртүрлі. Фразеологияда елтануға негізделген лингвистика фразеологизмдер арқылы жүзеге асырыла бастады. Яғни, ұлт мәдениетін болмыс ұғымының аясында таныту мақсатында тілдің жинақтау қызметі арқылы фразеологизмге этнолингвистикалық талдау жүргізу. Фразеологизмдер стилистикамен тығыз байланысты болғандықтан, оларды тіл білімімен қатар әдебиеттану ғылымы да зерттейді.

Абай тіліндегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ, мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т. б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Абай да, әсіресе, өлеңдерінде халық қазынасына жататын тұрақты тіркестерді еркін қолданған.

Мысалы, оның өлеңдеріндегі қас сағыну, қас сағынбау, із жоғалту, көзге ұру, қырымға қарау, титығы құру, табанынан тозу, намысқа шашу, тілін безеу, басқа шауып, төске өрлеу, араны тоймау, малма сапсу, шылбыр беру, шаужайынан қағу, табанынан таусылу, қырқын мінсе қыр артылмау сияқты қимыл, іс-әрекетке қатысты ете образды тұрақты тіркестер - қазақтың жалпы халықтық тілінің ертеден келе жатқан мүлкі. Сондай-ақ, жасөспірім, ақ көңіл, ақ пейіл, өркөкірек, жау жүрек тәрізді сындық мәнді фразеологизмдерді де Абай халықтық қордан алып жұмсаған. Абай заманында бірқатар фразеологизмдер әлеуметтік жаңа қарым-қатынас, жаңа құбылыстарға байланысты туған қолданыстар болатын. Мысалы, шенді шекпен кию, басына іс түсу, ат мініп, ақша ұстау, жер аудару, жалға жүру, закон сұрау деген тіркестер қазақ даласына келген жаңа әлеуметтік немесе экономикалық қарым-қатынастарға қатысты пайда болған. Фразеологизмдерді қолдануда ақын қазақ көркем сөзі тіліне үлкен үлес қосты, ол үлес перифрастикалық тіркестерді мол қолданудан, жаңа тіркестер жасаудан және кейінгі фразеологизмдерді тұлғалық құрылымдық түрін өзгертіп жұмсаудан көрінеді. Фразеология саласында Абай әкелген өзгеріс, жаңалықтардың келесі түрі оның өз қаламынан жаңа тіркестер туғызуында. Фразеологиялық тіркестер - семантик. шоғырлар, яғни, жеке сөздер білдіретін мағыналардың бір-бірімен түйісуінен туған жаңа семантик. единица. Абай образ жасауда, айтпақ ойына экспрессивтік сипат беруде жеке сөздерді бір-бірімен тіркестірудің сарқылмас бұлақ сияқты екенін жақсы түсінген. Сондықтан қызметі мен құрылымы жағынан әр алуан жаңа фразеологизмдерді ұсынады. Олардың үлкен бір тобына семантикасы жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді тіркестіріп жасағандары жатады. Мысалы, *көңілдің жайлауы* деген жаңа фразеологизмде *көңіл* деген дерексіз ұғым *жайлау* деген нақты зат атауымен қабыспауға тиісті еді, бірақ, ақын көңіл сияқты абстракцияны жайлау тәрізді әрі шалқыған кең, әрі жадыраған «дүние» деп таныту үшін бұл кереғар екі ұғымды бір-біріне жанастырып, жаңа ассоциация туғызады.

Фразеологизмдерге идиом, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Фразеологизмдердің бәрі де ең алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдерге бейнелік, мәнерлік мәнерлік сипат беретін дыбыс үйлесімі – ырғақ пен ұйқас болады. Фразеологизмдердің бірқатары өлең сияқты үйлесімін сақтап, ырғаққа, ұйқасқа құрылған: сабыр түбі – сары алтын, сабырлы жетер мұратқа т.б. Фразеологизмдердің өлең тәрізді осындай ырғаққа, ұйқасқа құрылуының өзі сөз тіркестерінің ұмытылмай, жаттауға оңай келіп, ұзақ «өмір сүруіне» мүмкіндік бергендей.

Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі. Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады. Фразеологиялық бірліктердің негізгі қызметі – заттың не құбылыстың атын білдіретін (құрмет тақтасы, жеңіс алаңы т.б.) және сөйлем түрінде келіп, пікір алысу құралы болатын тілдің элементі (көзім ашылды, аузын ашып қалыпты т.б.) Фразеологизмдер тілімізге образды, бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоцианалды-экспрессивті бояуын

арттыруда зор мәні бар. Фразеологиялық единицалар тілімізді көркем, бейнелі етіп, оған айрықша өң береді. Ол сөйлеуде, жазуда ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерін және басқа да бейнелі сөз орамдарын орнын тауып, нақтылы дәл қолдануымен байланысты. Образдылық - тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мысалы, алданды дегенді «тақырға отырып қалды», момын дегенді «қой аузынан шөп алмас» деп айту ойды бейнелі және әсерлі жеткізу үшін таптырмайтын құрал. Бірақ фразеологизмдердің барлығы бірдей осындай метафоралы болып келе бермейді: аңдысқан ауыл болмас, мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл, қыс азығын жаз жина т.б. ақыл-кеңес ретінде жұмсалатын мұндай сөз орамдары мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге, шешендік сөздерге тән болып келеді. Ал ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерінің өзі де ылғы образды болып келмейді. Мысалы, үйдің қабырғасы және қабырғамен кеңес деген сөз тіркестерін алайық. Үйдің қабырғасы деген тіркесте образдылық жоқ, ал қабырғамен кеңес тіркесі тек ауыс мағынадағы метафоралы сөз тіркесі ғана емес, сонымен бірге образды ойға құрылған және оның жеке сөз түрінде қолданылатын эквивалент «ақылдас» деген сыңары бар.

Фразеологизмдердің бейнелік құрылысы

Тұрақты эпитет: Қыпша бел, алма мойын, жылқы мінезді

Тұрақты теңеу: Атқан оқтай, көздің қарашығындай, инемен құдық қазғандай

Тұрақты әсірелеу: Көл-көсір, ай десе аузы, күн десе көзі бар, кірпік қаққанша

Тұрақты литота: Тірі жан жоқ, кірпік қақпау, дүниені бір уыс қылу

Шендестіру: Мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, көп тында, аз сөйле жүрек жұтқан – су жүрек

Оксюморон: Мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өзара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: тірі өлік, тірі жетім, қарға баласын аппағым дер

Дамыту: Оқу-білім бұлағы, білім - өмір шырағы

Параллелизм: Киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер

Анафора: Сөзді не сөйлемшені сөйлемнің басында бірыңғай қайталау: бояушы-бояушы дегенге, сақалын бояпты.

Эпифора: Қайталанатын сөз сөйлемнің аяғында келеді: жаз шананды сайла, қыс арбанды сайла.

Мақал - нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Мақалдар көбіне өлең үлгісінде кейде қара сөзбен де айтылады. Ұйқасқа («Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без»), аллитерацияға («Етігін шешпей ер шыңаймас»), ассонансқа («Қатты жерге қақ тұрар, Қайратты ерге бақ тұрар») құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Ауыспалы мағынадағы сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел - ырыстың орманы, ер - ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш қара үй тігеді»).

Мәтел - өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңар тармақ болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке» - мәтел. «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың» - мақал. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді. Ақын-жазушылардың ұтымды сөздерінің біразы мақал-мәтелге айналған: («Ғылымды іздеп, дүниені көздеп» (Абай), ((Жалғанды жалпағынан басып өтіп» (Жамбыл).

Қанатты сөздер – тұжырымды ой, әуезді ұйқасқа құрылған өрнекті сөз тіркестері. Қанатты сөздер көбіне егіз, жалқы, кейде 3-4 шумақтан тұрады. Көлемі бұл мөлшерден артса, нақыл өлең, терме, толғауға айналып кетеді. Мақал-мәтелдерге ұқсас келеді. Қанатты сөздердің көбінесе авторлары белгілі болады. Қанатты сөздер өлең түрінде де, сол секілді қара сөз түрінде де кездеседі. Қанатты сөздерді «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» десе де болады

### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Тұрақты сөз тіркесіне тән қандай белгілер қарастырылды?
2. Қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерден тұрақты сөз тіркесін қалай ажыратуға болады?
3. Көркем әдебиеттен тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне мысал жазып, мағынасын түсіндіріңіздер.
4. 2, 4-сынып қазақ тілі оқулығынан «Тұрақты сөз тіркесі» тақырыбы (50-51 сабақтар) жаттығуларын орындаңыздар, әдіс үлгісін көрсетіңіздер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар:**

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. -Алматы: Зият Пресс, 2004., -64 б.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: Сөздік-Словарь», 2006.
3. Қараев М. Қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1993.

### **Тақырып 3.8 Лексикография. Сөздіктермен жұмыс**

Сөздік жасаудың теориясымен және практикасымен шұғылданатын тіл білімінің бір саласы лексикография деп аталады

«Сөздік» термині тіл білімінде екі мағынада қолданылады: 1) белгілі бір тілдің, диалектінің, әлеуметтік топтың немесе жеке бір жазушының лексикасы,

сөздік құрамы, 2) сөздер мен морфемалардың, сөз тіркестері мен идиомалардың т.б. әліпби тәртібімен орналастырылып, түсінігі немесе аудармасы берілетін анықтамалық кітап. Сөздік (екінші мағынасында) жасаудың теориясымен және практикасымен шұғылданатын тіл білімінің бір саласы лексикография (грек. lexikos сөзге қатысты және grapho жазамын) деп аталады.

Теориялық лексикография сөздіктердің жалпы типологиясын, жаңа түрлерін жасаумен, сөздіктердің құрылымын анықтау мәселесімен (реестрлік сөздерді сұрыптау, сөздік мақалаларды орналастыру принциптері, омонимдердің және көп мағыналы сөздердің, фразеологизмдердің берілу тәсілдерін т.б.), сөздік жасаудың техникалық мәселелерімен (сөзге грамматикалық, фонетикалық түсінік беру, сөз мағынасын ашуға қажет мысалдарды сұрыптау т.б.) шұғылданады.

Практикалық лексикография ана тіліне немесе басқа тілге үйрету, ана тілін нормаландыру, тіларалық қарым-қатынасты арттыру, тілдің лексикасын ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатын көздейді. Сөздік халықтың мәдени, рухани өмірінде үлкен рөл атқарады, одан белгілі бір дәуірдегі қоғамдық білім, таным көрінеді. Сөздік ақпараттық, қарым-қатынастық, нормативтік сияқты әртүрлі әлеуметтік қызмет атқарады, қатынас құралы ретінде тілдің жетілуіне, бір қалыпқа түсуіне мүмкіндік тудырады.

Қазақ тіліне тікелей болмағанмен, оған қатысты сөздіктер орта ғасырлардан және 18, 19 ғғ.-дан белгілі. Қазақ тіліне тікелей қатысты сөздіктер (аударма сөздіктер) 19 ғ. 2-жартысы мен 20 ғ.-дың басында жасала бастаған. 20 ғ.-дың соңғы жартысында қазақ тіл білімінде лексикография дұрыс жолға қойылып, дами бастады, әртүрлі сөздіктер пайда болды. Сөздік жасаудың 20 ғ. 2-жартысында қалыптасқан үздік үлгілері 21 ғ.-да жалғасып келеді.

Сөздіктің лингвистикалық (тілдік) және энциклопедиялық екі түрі бар. Лингвистикалық сөздіктерге тілге (сөзге) байланысты сөздіктердің бәрі жатады. Олардың негізгі түрлері: түсіндірме сөздік, аударма сөздік, терминологиялық сөздік, фразеологиялық сөздік, диалектологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, сөзжасам сөздігі, тарихи сөздік, этимологиялық сөздік, жиілік сөздігі, кері сөздік, орфоэпиялық сөздік, орфографиялық сөздік.

Энциклопедиялық сөздіктерге қазіргі ғылыми саладағы білім жайынан қысқаша мағлұмат беретін сөздіктер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, саяси экономикалық, астрономиялық т. б.) жатады.

Аударма сөздіктер. Екі немесе бірнеше тілдің сөздік құрамын салыстыра отырып, тәржімелеу арқылы жасалған сөздіктер аударма сөздіктер деп аталады.

Қазақ тілінің басқадай сөздіктерін жасауға да екітілді аударма сөздіктердің тәжірибелері бірден-бір негіз болды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты соңғы жылдарда оны үйренушілерге арналып, бірқатар орысша-қазақша (және керісінше) шағын сөйлесу сөздіктері жарық көрді.

Терминологиялық сөздіктер. Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулардың мағынасын түсіндіретін сөздік

терминологиялық сөздік деп аталады. Терминдер топталып бір сөздік түрінде де, белгілі бір ғылым саласына байланысты жеке-жеке кітап болып та шығады.

Түсіндірме сөздіктер. Түсіндірме сөздік дегеніміз - әдеби тілде жалпылама және жиі қолданылатын сөздердің нақты мағыналарын, ауыс мағыналарын, оларға қатысты тұрақты сөз тіркестерін талдап, иллюстрациялық материалдар арқылы түсіндіретін біртүрлі сөздік.

Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты - бір тілдің белгілі дәуірдегі жалпыхалықтық сипат алған сөздеріне мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жан-жақты сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму тұрғысындағы сөздік құрамының сан мөлшерін біршама анықтау, сөздердің мағыналық нормаларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап көрсету. Сонымен қатар сөздердің жазылуы мен айтылуындағы нормалардың ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақтылы түсінік беруді қарастырады. Сондықтан түсіндірме сөздік кейде нормативті сөздік деп аталады. Нормативті түсіндірме сөздік бір томдық және көптомдық болып жасалады. Көлемінің үлкендігіне қарай көптомдық түсіндірме сөздікті кейде академиялық сөздік деп атайды.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» ең алғаш рет екі том болып, 1959 және 1961 жылдары басылып шықты. Оның жалпы редакциясын 1. Кеңесбаев басқарды. Бұған жиырма мыңдай ең жиі қолданылатын сөздер енген. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» 1974-1986 жылдар арасында он том болып, жарық көрді (редакциясын басқарған А. Ысқақов). Сөздікке 67 мыңдай атау сөз, 24,5 мыңдай фразеологиялық тіркес, барлығы 91,5 мыңдай лексикалық форма қамтылып, жалпы саны 103,5 мыңдай мағыналық анықтама берілген.

Әрбір сөздің мағынасы мен реңкін айқындауға берілген нақтылы мысалдар, келтірілген иллюстрациялық материалдар сөздің қолдану аясын, стильдік мәнін мүмкіндігінше толық және айқын етіп дәлелдеуді көздейді. Сол себептен олар атау сөзге қойылған грамматикалық, стильдік белгілерге сай, сөздің табиғатын, сипатын жан-жақты түсіндіріп, анық ашып беретіндей болуы және мазмұны жағынан ұстамды да тұжырымды болып келуі қадағаланған. Фразеологизмдер сөздікте сөз мағыналары талданған соң, жаңа жолдан қойылған белгіден кейін берілген. Бұл белгі бір-ақ рет қойылған. Сөздің әр мағынасын ашу үшін 3-4 мысал, ал фразеологизмдер үшін 2-3 мысал алу жеткілікті деп есептелген. Келтірілген мысалдар мүмкін болғанынша, әр автордан және әр дәуір мен түрлі жанрларды қамтитындай болу жағы көзделінген. Мысалға осы сөздіктегі «әке» деген сөзді алып қарайық.

1. Әке зат. 1. Балалы болған ер адам. Абайдың өз әкесі - Құнанбай, атасы - Өскенбай, арғы атасы - Ырғызбай (М.Әуезов). 2. Малдың т.б. жан-жануарлардың еркегі, аталық мал. Қозылардың әкесін, енесін тұқымдық қасиеті жағынан дұрыс сынау өте қиын болады (М. Ермеков). Құлагер әкең тұлпар, шешен сұңқар, Соғып ең дөненінде арқар (Ақан сері, Шығ.). 3. Ауыс. Бір нәрсенің ең зоры, үлкені, Орыс-ноғайдың бірі болсаң, ең болмаса қазақ болсаң да жүзі бөлек Жетісудан болсаң - тоңғанның әкесін сонда көрер едің (1. Жансүгіров, Шығ. ). Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің (мақал). Ұрғанның әкесін көрсетермін, - дейді ол кіжініп («Қаз. Әдеб»). 4. Сөйл. Өзінен

жасы кіші айтылатын қарағым, шырағым деген мағынадағы сөз. Әкеңнің құны бар ма? Не ақың бар, жұмысың не? Әтінек бай, қылжақтамай ақымды бер, Шашубайда әкеңнің құны бар ма? (Шашубай). Осы 10 томдық сөздіктің негізінде кейін енген жиі қолданыстағы сөздермен толықтырылып, 1999 жылы 1 томдық "Қазақ тілінің сөздігі" басылып шықты (50 000-ға жуық сөз қамтиды, редакциясын басқарған Т. Жанұзақов).

Диалектологиялық сөздіктер. Тілдегі диалектілік сөздердің мағынасын әдеби сөздер арқылы түсіндіретін сөздік диалектологиялық сөздік деп аталады. Ауызекі тілдегі сөз айырмашылықтарын жинап, теріп, жеке сөздік етіп шығару жалпы халық тілінің сөз байлығын жете білуге үлкен жәрдем етеді, тіл тарихин салыстырып зерттеуге себін тигізді. Экспедициялық материалдардың негізінде Ж. Досқараевтың «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері» атты тұңғыш сөздігі 1955 жылы басылып шықты (оған қазақ тілінің 1521 жергілікті ерекшелігі енгізілген). «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» екінші рет С. Аманжолов 1959 жылы шығарды. Бұған 4000-нан астам жергілікті тіл ерекшеліктері енген. Автор әр жылдарда жиналған экспедициялық материалдарды молынан пайдаланған, сонымен қоса, аудандық және облыстық газеттерді, халықтық ауыз әдебиеті мұралары мен көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларынан бай материалдар жинаған. 2005 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (22 000 сөз қамтиды, жауапты редакторы Ш. Ш. Сарыбаев) басылып шықты.

Фразеологиялық сөздіктер. Фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан тұрақты сөз тіркестерін қамтиды. Қазақ тілінің тұңғыш фразеологиялық сөздігі 1977 жылы І. Кеңесбаевтың авторлығымен жарыққа шықты. Сөздікте он мыңнан астам фразеологиялық тіркес қамтылған. Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы көрсетілген. Қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша, жинақталып берілген. Кей жағдайда жекелеген фразеологизмдердің пайда болуы жайлы сөз болып отырады.

Синонимдік сөздіктер. Тілдегі бір-біріне синоним болатын, мағыналас сөздердің сөздігі синонимдік сөздік деп аталады. Қазақ тіліндегі синонимдерді жүйелеп зерттеу, оның алғашқы сөздіктерін жасау 20 ғ.-дың 2 жартысында Ә. Болғанбаев еңбектерінен басталады. Ол 1962 ж. алғашқы «Қазақ тілінің синонимдік сөздігін» шығарды, онда 4000-нан астам сөз қамтылған. Кейін бұл сөздік өңделіп, толықтырылып, 1975 ж. екінші рет басылды, онда 5000-нан астам сөз қамтылған. 2001 ж. бірқатар жаңа материалмен толықтырылған, өңделген «Синонимдер сөздігі» басылып шықты. Оған 9000-нан астам сөз кірген, құрастырушылар: Ә. Болғанбаев, С. Бизақов, Ш. Дәулетқұлов. 2005 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» (4-басылым) басылып шықты. Сөздікке 16500 сөз кірген, жауапты редакторы С. Бизақов.

Антонимдік сөздіктер. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздердің сөздігі антонимдер сөздігі деп аталады. Қазақ тілі білімінде антонимдерге байланысты екі сөздік жасалған: бірі 1984 ж. Ж. Мусин жасаған сөздік (онда

1000-дай антоним сөз қамтылған), екіншісі - 2000 ж. А. Жұмабекова жасаған сөздік (онда 257 антонимдік жұп қамтылған).

Орфографиялық сөздіктер. Сөздердің орфографиялық (емле) ережелеріне сай дұрыс жазылуын көрсететін сөздік орфографиялық сөздік деп аталады. Көлемді «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» 1963 ж. жарық көрді, одан кейін толықтырылып, өңделіп, 1978, 1988, 2001 жж. басылып шықты, соңғысына 50 000 сөз кірген. 2005 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» өңделіп, толықтырылып 5-басылымы (53 000 қамтиды, жауапты редакторы Р. Сыздық) жарық көрді. Р. Сыздықтың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышы» 1960, 1974 және 2000 ж. басылып шықты.

Орфоэпиялық сөздіктер. Сөздердің дұрыс айтылуын көрсететін сөздік орфоэпиялық сөздік деп аталады. Сөздердің бәрі бірдей қалай жазылса, солай айтыла бермейді. Сөздің дұрыс жазылуын реттеп отыратын емле заңдылықтары болатыны сияқты сөздің дұрыс айтылуының да өзіндік заңдылықтары бар. Қазақ сөздерінің дұрыс айтылуы дыбыстардың үндесім және үйлесім заңдылықтарына негізделген. Қазақ тілінің жүйелі орфоэпиялық сөздіктері 20 ғ. екінші жартысынан бері жасала бастады. Солардың алғашқылары: К. Ниеталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (1977). Бұл сөздікте 15 000-ға жуық сөз және сөз тіркестерінің айтылым нормасы берілген. М. Дүйсенбаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфографиялық сөздігі» (1981). Мұнда күнделікті өмірде жиі қолданылатын 5000-ға жуық сөз қамтылған. 2004 ж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (61.500 сөз қамтиды, жауапты редакторы Ә. Жүнісбек) жарық көрді.

Абай тілінің сөздігі. Тіл білімі институты 1968 жылы Абай Құнанбаев шығармаларының сөздігін (редакциясын басқарған А. Ысқақов) жасап, бастырып шығарды. Сөздік Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан М. Әуезовтің басқаруымен 1957 ж. (Алматы) шығарылған ақын шығармаларының екі томдық жинағы негізінде жасалған.

Абай сөздігін жасау мақсаты - ұлы ақын өз шығармаларын жазуда қазақ тілінің сөз байлығын қалай пайдаланды, қанша сөз және оларды қандай мағынада қолданғандығының бетін ашу. Абай шығармаларында алты мыңға жуық жеке-дара сөз қолданылғандағы анықталды. Абай сөздігі - қазақ тілінің өткені мен қазіргісін салыстыра отырып тексерген жеке зерттеу еңбек болмағанымен, бір дәуірдің белгілі жүйеге түскен дайын материалы деп есептеледі. Сөздік қазақ тілінің лексикасында Абай өмір сүрген заманда қандай сөздер мен формалар болғандығын және олар қандай мағынада қолданылғандығын, ол кездегі сөздердің айтылу нұсқаларын анықтау үшін аса маңызды құрал болып табылады.

Этимологиялық сөздік. Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Тілдің даму барысында сөздер түр-түрпаты мен мән-мағынасы жағынан қандайлық өзгерістерге ұшырағандығы айқындалады. Яғни сөздің о



бастағы түрі мен мәнін туыстас тілдердің материалдарымен салыстыра отырып ашып, қазіргі қалпына дейін қандай даму процестерін өткендігі көрсетіледі. «"Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» 1966 жылы жарық көрді. Мұнда 333 сөздің арғы түп-төркіні, алғашқы мағынасы туралы мәлімет берілген.

Ономастикалық сөздіктер. Жалқы есімдерді, олардың шығу тегін түсіндіретін сөздіктер ономастикалық сөздіктер деп аталады.

Жиілік сөздіктер. Жиілік сөздіктің мақсаты - белгілі бір мәтін көлеміндегі не нақты бір анықтамалардағы сөздердің қолданылу дәрежесін көрсету. Қазақ тіл білімінде жиілік сөздіктер 20 ғ.-дың 70-жылдарынан бері шыға бастады. Жиілік сөздіктердің сипатымен таныстыру үшін, М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігіне толығырақ тоқтаймыз. Сөздік үш бөлімнен тұрады: 1) алфавитті-жиілік сөздік, 2) кері алфавитті-жиілік сөздік, 3) жиілік сөздік.

1. Алфавитті (әліпбилі)-жиілік сөздікте мәтіндегі барлық сөз әліпби тәртібімен тізіліп жазылады да, әрқайсысының тұсына оның қай сөз табына жататыны (цифрмен белгіленген), мәтін ішінде қанша рет кездесетіні көрсетіледі. Романның әліпбилік-жиілік сөздігінің реестрінде 16.983 сөз орналасқан. Бұл - романда осыншама сөз қолданылғанын білдіреді.

2. Кері алфавитті-жиілік сөздік мәтінде грамматикалық форманттардың жұмсалуды зерттеуге арналған. Сөздікшілер алдымен зат есім, етістік, сын есім форманттарының қолданылу статикасына көңіл бөлген. Мысалы, сөздікшілердің есептеуі бойынша, зат есімдерге жалғанған жалғаулар жеке және өзара құрамдастырылып, 496 формада кездесуі мүмкін, соның тек 276-ы ғана романның екінші кітабында қолданылғаны байқалады. Романның екінші кітабында кездесетін 42,159 зат есімнің 40,5 пайызы жалғаусыз қолданылған, 46,6 пайызы септік жалғауға, 10,1 пайызы тәуелдік жалғауға, 2,6 пайызы көптік жалғауға аяқталған. Романдағы барлық етістіктердің 27 пайызы есімше формасында жұмсалған. Романның екінші кітабында сын есімнің 81 аффиксі 5587 рет қайталанып жұмсалған т. б.

3. Жиілік сөздіктердің статикалық сипаттамалары тілдің теориялық және қолданбалы мәнін терең танып-білуге мүмкіндік береді. Мәселен, қолданылу жиілігі 500-ден артық сөз саны романда 144. Бұл жалпы сөз санының 0,84 пайызын құрайды, ал қолданылу жиілігі жалпы сөз қолданыстың 48 пайызын құрайды. Романда тек бір не екі рет қолданылатын 8698 сөз барлық 16.983 сөздің 50 пайызын құрайтыны жайында мәліметтер берілген.

Қосымша мәлімет: 2013 жылғы орфографиялық сөздікте әдеби тілдегі сөзді барынша қамту мақсаты көзделген жоқ, сондықтан сөздікте көнерген сөздер, сирек ұшырасатын атаулар, тарөрісті терминдер мен кейбір кәсіби сөздер, жергілікті сөздер т.б. сөздердің саны шектеліп берілді. Ал мұның есесіне орфографиясы қиын, емле қателері жиі ұшырайтын жазу тәжірибесіндегі «қауіпті аймақтарға» көбірек көңіл бөлінді. Сонымен қатар сөздік тілдің бүгінгі тынысын тап басатындай, тілдің ішкі құрылымындағы өзгерістер мен қоғамдағы әртүрлі жаңалықтарды көрсететіндей болуы шарт екені де ескерілді» [2].

Тілдегі жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды, оны туғызатын әртүрлі себептер болады. Солардың бір алуаны:

- қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі жаңа зат, құбылыс, уақиғаны атау қажеттілігінен: құзырхат, ашықхат, айдарбелгі, затбелгі, ғаламтор, флеш-жад, айқұлақ, хатқалта, ықпалшара, эоорталық, әуесерік, көзқаман, дәрумен;

- мазмұны, тұлғасы өзара жақын, бірақ білдіретін ұғымдарында азды-көпті айырма бар мағыналарды бөлек-бөлек атауды керексінуден: көріктендіру – абаттандыру (благоустройство), залалсыздандыру (обезвреживание)-зарарсыздандыру (стерилизация), иелену (приобретение) – иемдену (присвоение), жайылыңқы (диффузный) – жиылыңқы (компактный); құзыреттілік (компетентность) - біліктілік (квалификация); көрсетілім, тұсаукесер (презентация);

- бірнеше сөзбен аталатын белгілі бір құбылысты бір сөзбен атау немесе тұлғалық жақтан ықшамдау үрдісінен: үй тұтқыны - мырзақамақ, күміс қылшықты түлкі - қалтар, қара ләйлек - қарабай, әсіре мемлекетшіл болу - әсіре мемлекетшілдік, әсіре демократ болу - әсіре демократ, ғарыш айлағы - ғарышайлақ, іс парағы - іспарақ, ғарыш кемесі - ғарышкеме, мұз айдыны - мұзайдын т.б;

- кейбір терминдерді, өзге де атауларды ұлттық сананың оянуымен байланысты төлтума сөзбен қайыра атауды (реноминацияны) қажетсінуінен: террорист > лаңкес, терроризм > лаңкестік, экстремист > содыр, экстремизм > содырлық, территория > аумақ, зона > аймақ, регион > өңір, пеня > өсімпұл, турник > белтемір, штанга > зілтемір, стаж > өтіл т.б.;

- ұлттың азаматтық тарихындағы ерекше уақиғаларды, соларға қатысты жайттарды арнайы мамандандырылған сөзбен атауды керексінгеннен: оралман, желтоқсаншылар, ауғаншылар (ауған соғысының ардагерлері), ұлан, байрақ т.б

- қоғамдық сананың бір түрі ретінде діни сананың жаңғыруына байланысты діни мазмұндағы сөздердің әлеуметтік мән алуынан: ахлақ, аятолла, ифтар, мәзһаб, Барат түні, Қадір түні, Миграж түні, Рағайып түні, инсан, ғұсыл, нәпіл, жәһид, Мәуліт, намазжай т.б. туындап отыр.

Әдеби тілдің лексика-фразеологиялық жүйесінде стандарт, штамптар тәрізді бірліктердің қатары бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көбейе түсті: ашық қоғам, азаматтық бірегейлену, бағалы қағаздар, кешенді тестілеу, зияткерлік меншік, емдеу-сауықтыру кешені, көтерме базар, ластаушы заттар, зейнетақы қоры, геосаяси түзілім, еншілес компания, төлқұжат үстелі т.б.

Сөзжасамдық жүйеде, әсіресе, етіс қосымшалары, қимыл есімінің белсенділігі арта түсті. Бұлардың ғылыми, публицистикалық, ресми дискурста жиі қолданылатыны айқын байқалады: ұлтсыздандыру, ырықсыздандыру, ізгілендіру, отансыздандыру, орталықсыздандыру, жарнамалану, жаһандану, кәсібилендіру, әртараптандыру, жекешелендіру, ырықтандыру т.б.

Сөздіктегі шеттілдік ауыс-түйіс сөздердің дені:

- мемлекеттің саяси құрылымына (министрлер кабинеті, вице-министр, парламент, сенат, сенатор, департамент, палата т.б.)

- экономикалық құрылымдағы өзгерістерге (коммерция, брокер, менеджмент, инвестор, маркетинг, лизинг, бартер, менеджер, валюта, банкомат, субвенция, фиксинг, фолио, форвад, франчайзинг т.б.)
- қоғамдық-саяси саладағы қатынастарға (консенсус, саммит, электорат, имидж, плюрализм, брифинг, медиафорум, субэлита т.б.)
- ақпарат техникасы саласындағы жаңалықтарға (компьютер, принтер, файл, байт, мегабайт, интерфейс, винчестер, дисплей, сканер, сайт, диск т.б.)
- музыка, спорт салаларындағы жаңалықтарға (рокер, плейер, брейкер, хиппи, саундтрэк, рэпер; айкидо, айкидошы, кикбоксинг, каратэдо, биатлон, стиль-чез) қатысты атаулар болды.

Тіліміздің лексикалық жүйесінде бұдан сөздердің саны соңғы жылдарда қауырт көбейді: агроөнеркәсіп, агросаясат, аудиокітап, автошеру, бейнетаспа, бейнефильм, биоотын, бортсерік, бухесеп, велобәйге, велошабандоз, дендробақ, зоодүкен т.б.

Сыртқы түрткіжайттардың (факторлардың) әсерінен болып жатқан осы тәрізді жаңалықтар мен тілдің ішкі құрылымында пайда болып жатқан өзгерістер үрдісін байқату және олардың орфографиялануын көрсету мақсатымен сөздікке жоғарыда аталғандай едәуір атау сөздер енгізілді.

Сөздіктің сөзтізбесіне лексикалық, стильдік мағынасы жаңа едәуір сөз қосылды: айқұлақ (электрондық мекенжайдағы таңба), бағаншам, гүлшоқ, қанатқақты, құлаққап, пернетақта, тоқбасар т.б.

Бұрын сөздіктерге енбеген, бірақ әдеби тілдің сөздік қорында бар қылауыш (кисть), тісқылсап (тіс шеткесі), алпауыт (олигарх), еңбекшерік, пайшерік, жолдасу, дәрғаһ, баялд, дәсер табақ, ақжағалақ, ауыр дәулет, ашалаң, буылдық т.б. тәрізді сөздер енгізілді.

Соңғы сыңарлары -аралық, -нама, -тану, хана, -жай, сондай-ақ бірінші сыңары әсіре-, көп- тәрізді бейдерек мағынадағы сөздермен келген атаулардың қатарына едәуір сөз қосылды: ауданаралық, пәнаралық, уииверситетаралық, заңнама; топырақтану, жантану; ойынхана, дәмхана; жағажай, мекенжай; әсіресолшылдық, әсіреұлтшыл, көпбалалы, көпдеңгейлі т.б.

Бұрын жарыспалы сөздер санатында жүретін адал//халал. уәде//уағда, әкім//хакім т.б. сөздердің мағыналық, стильдік тұрғыдан сараланған сыңарларына жақша ішінде түсініктеме беріліп отырды: халал (діни),уағда (кіт.), хакім (кіт.) т.б.

Біріккен сөзді ұқсас сөз тіркесінен ажырату және сондай-ақ олардың терминденуін көрсету үшін жақша ішінде түсіндірме белгі көрсетілді: алажертесер (зоол.), балмұрын (өс.), желімайлар (этн.), желқұяң(ауру), қаракүйе (зоол.) т.б.

Дыбысталуы ұқсас, мағынасы әрбасқа сөздерді (омонимдерді) бірбірінен ажырату үшін сөз тіркесі берілді: самал - самал ауруы, самал самал жел т.б.

Біріккен сөзге сырттай ұқсас, бірақ бөлек жазылатын тіркесті сөздердің жазылуына назар аударту мақсатында олар сөздікке көбірек енгізілді: қара күз, қоңыр күз, бесіккертпе құда, бес саусақ, ақ аю, алғы сөз, бұлшық ет т.б.

Бұрын қолданылып келген кірме сөздердің қазақша баламалары берілді: белтемір(турник), қолтабақ (поднос), сүтсірне (сыр), әуесерік (стюардесса), ғарышайлақ (космодром) т.б. Әдеби норма ретінде қазақша баламасы пайдаланылатын болғандықтан, олардың шеттілдік нұсқасы Сөздіктен алынып тасталды.

Орыс тілінен енген сөздердің білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, экономика, өндіріс пен техника т.б. салаларда кеңінен қолданылатын және БАҚ-та жиі кездесетін түрлері сөздікке енгізілді және дүдәмал тұстарда қосымшалардың қалай жалғанатыны көрсетілді: турист, туриске, турисі; ведомость, ведомосқа, ведомосы; стоматолог, стоматологке, стоматологі; пароль, парольға, паролі: грамм, грамға, грамы т.б. [а], [ә] дыбыстарымен келетін жазылуы дүдәмал сөздердің емлесі көрсетілді: жай, жайлау, жайлауға; шай, шайға, күнә, күнәға, күнәсі, күнәлары; ділда, ділдасы; тілмаш, тілмаштық т.б.

Бір буыны жуан, келесі буыны жіңішке, я болмаса, керісінше, бірінші буыны жіңішке, келесі буыны жуан бейүндес сөздердің жазылу үлгісі көрсетілді: қауіп, неғұрлым, сәнқой, өнерпаз, құдірет, құзырет, қошемет, біраз, рақмет, ақырет, кесапат, қағылез т.б.

Қысаң дауыстылардың қандай сөздерде таңбаланып, қандай сөздерде таңбаланбайтыны көрсетілді: а) абырой, ақырын, жағылан, жапырақ, запыран, қапырық, тақырып ә) арлан, емле, мемлекет, наурыз, сәуірік, тағдыр, қайны т.б.

Соңғы буында қысаң дауыстылары бар сөздердің қосымшалармен түрленгенде түсіріліп жазылатыны көрсетілді: нарық - нарқы, бөрік бөркі, парық - парқы, түрік - түркі, ауыз - аузы, мойын - мойны, мұрын - мұрны т.б. Соңы [н] дыбысына аяқталған сөздер қосымшалармен түрленгенде қандай нұсқада жазылатыны көрсетіліп отырды: жауын, жауынға; диірмен, диірменге; қымыран, қымыранға; жайын, жайынға, т.б. Соңғы дыбысы [з], [ш] дауыссыздарына аяқталған сөздер қосымшалармен түрленгенде сөздің қандай нұсқада жазылатыны көрсетілді: шашу, шашса, шашшы; қашу, қашса, қашшы т.б. [қ], [к], [п] дауыссыздарының біріне аяқталған сөздер қосымшамен түрленгенде, түбір соңындағы дыбыстың жазудағы өзгерісі көрсетілді: жағу, жақ, жағады; қағу, қақ, қағады; қабу, қап, қапты, қабады; ағу, ақ, ағады т.б. Соңғы дыбысы [й] дауыссызы болып келген қой-, жай-, ой- тәрізді етістік сөздердің қосымшалармен түрленгендегі жазылуы көрсетілді: қою, қой, қояды, қояйын, қоюы; сою, сой, сояды, сояйын, союы т.б.

[рт] дауыссыздар тіркесіне аяқталған сөзге [с] дыбысынан басталатын қосымша жалғанған сөздердің орфограммасы көрсетілді: сөндірту, сөндірт, сөндіртті, сөндіртсе; тайдырту, тайдырт, тайдыртты, тайдыртса т.б.

Ауызекі тіл арқылы игерілген кірме сөздердің жазылуы көрсетілді: мәшине, мәйкі, бәнкi, пойыз, кәстөм-сым, кәләш, кәстрөл т.б.

Бірге жазылатын тіркесті сөздердің жазылуы көрсетілді: қолорамал, беторамал, асқасық, шайқасық, қолсағат, қолайна, желдиірмен, будиірмен т.б.

Алдыңғы сыңары бір сөзімен, сондай-ақ -ым (-ім) жұрнағымен келген ұлттық өлшем атаулары бірге жазылды: бірсалар, бірсауым; сүтпісірім, көзкәрім, атшаптырым т.б.

Атаулық мән алған және жұрнақ жалғану арқылы бір ұғымды білдіретін сөзге айналған тұрақты тіркестердің бірге жазылуы көрсетілді: ержүрек, ержүректік, ержүректілік; көре алмау - көреалмаушылық; тізе қосу - тізеқосушылық т.б.

-лық/-лік, -шылық/-шілік, -лы/-лі жұрнақтары арқылы бірге жазылатын сөздердің қатары молайды: малшаруашылық, егіншаруашылық; жантүршігерлік, жатжерлік, адамсүйгіштік; ашатұяқты, сүтқоректі, көпшілікқолды т.б.

Қосымша жалғануы қиындық келтіретін кейбір сөздердің жазылуы көрсетілді: отбасы, отбасысы, отбасылар, әрқайсысы, әрқайсысына, әрқайсысылар, әрқайсысымыз т.б.

## Тапсырма

Берілген теориялық деректерді кестеге түсіріңіз.

### Әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: Сөздік-Словарь», 2006. 223-246 б.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі  
[//https://emle.kz/uploads/files/7897c672483778e6da555373be5d1099.pdf](https://emle.kz/uploads/files/7897c672483778e6da555373be5d1099.pdf)

### Тақырып 3.9 Бастауыш сыныпта лексиканы оқыту әдістемесі

Лексиканы оқытудағы қойылатын талаптар оқушыларды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп, айта білуге тәрбиелейді.

Лексиканы оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар, бүкіл тілдік жүйені меңгеруге, оқушының ана тілі арқылы көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Лексиканы оқытудағы қойылатын талаптар оқушыларды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп, айта білуге тәрбиелейді. Бастауышта лексика саласы бойынша өтілетін тақырыптар:

Омоним, синоним сөздерді оқытқанда, омонимдердің омоним екеніне көз жеткізу үшін ондай сөздерге синоним іздеп көру керек. Бірдей дыбысталатын, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздерге синоним мағыналы сөздердің ешқандай қатысы болмайды. Мысалы, ат-есім, ат-жылқы, ат-мылтық, «ат» етістіктік мағыналы сөзде ешқандай синоним, ешқандай көпмағыналық ортақтық байланыс жоқ. Омонимдер мен синонимдерді салыстырмалы түрде оқыту

қажеттігі мынада: омонимдердің дыбысталуы бірдей болуы керек болса, синонимдердің дыбысталуында өзгешелігі болуы керек; омонимдер әртүрлі сөз табына қатысты болса, синонимдер бір сөз табына қатысты болады; синонимдер мәтінде бірдей сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарса, омонимдер әртүрлі сұраққа жауап беріп, басқа-басқа сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мұндай қорытындыны оқушылардың өздеріне де жасатуға болады. Ол үшін омонимдерді бір бағанға, синонимдерді екінші бағанға жазып, олардың дыбысталуына назар аудару қажет. Мұнан кейін олар қандай сөз таптарына жататынын ажыратып жазады.

Синонимдер тақырыбын оқытқанда, оқушылардың сөйлеу, жазу дағдысында ең қажетті белгілердің бірі – синонимдік қатарға енетін сөздердің біразы бірінің орнына бірі қолданылса, кейбіреулерінің басқа сөздермен тіркесу қабілеті шектеулі болатындығы. Оқушылардың сөздерді орнымен қолдану біліктілігін дамытуда синоним сөздерді мүмкіндіктеріне қарай пайдалана білуге төселдірудің мәні зор. Синонимдік сөздіктен теріп жазған синонимдік қатардағы сөздердің әрқайсысын байланысуға қабілетті сөздермен тіркестіріп, сәтті сөз тіркестері және сәтсіз сөз тіркестері деп топтаған әрі қызық, әрі тиімді тәсіл. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын түсіндіргенде, оқушылардың өзін қатыстыра отырып әңгімелеген дұрыс. Сынып оқушыларын топқа бөле отырып, бір топтағы оқушылар тура мағыналы сөзді айтады, ал екінші топтағы оқушылар сол сөзбен еркін сөз тіркесін құрай алатын сөздерді атайды. Соның бастапқы мағынасымен құралған тіркесті ойынды жүргізуші анықтап, тура мағыналы сөз тіркестерінің қатарына қосады. Ауыспалы мағынасымен құралған тіркестер, келтірінді мағыналы сөз тіркестер тырнақша «Қоржынына» салынады. Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді оқытқанда, оның не екенін, қандай белгілері бар екенін білгізіп қана қоймай, тұрақты тіркестерді оқушының сөздік қорына көптеп енгізуді, сөйлеу мен жазу дағдысына белсенді түрде қолдануды мақсат ету керек. Ол үшін фразеологизмдерді әрбір сөз табына қатысты алып, «Кім көп біледі?» жарысын топтар арасында өткізген жөн. Фразеологиялық синонимдер, фразеологиялық антонимдік сөздік кітабын оқушылардың өздеріне құратуға болады. Сыныпшілік немесе мектепшілік тапсырма ретінде «Кім фразеологизмдерді белсенді түрде қолданады?» деген апталық жарыс өткізу де тиімді. Көп мағыналы сөздерді оқытқанда, көп жағдайда омоним сөздермен шатастырады. Ұқсастығы – екеуінің де бірдей дыбысталатындығы, айырмашылығы – көп мағыналы сөздер мағыналары жағынан жақын болып келетіндігі, ал омоним мағыналары жағынан басқа-басқа болатындығы. Көп мағыналылық – бір сөздің әртүрлі контексте түрлі мағына беруі. Көп мағыналылыққа жататын сөздердің мағыналары арасында мағыналық байланыс, жақындық, ортақтық болады. Ондай жақындық, ортақтық сөздің негізгі, тура мағынасынан шығады. Сөздің келтірінді мағыналарын негізгі мағынасымен салыстыра қарағанда түсінікті болады. Мәселен, адамның басы дей отырып, төбенің басы, таудың басы дей береміз, көйлектің етегі дей отырып, таудың етегі дейміз. Бірінші тіркестегі сөздер – өздерінің тура мағынасында, соңғы тіркестегі сөздер ауыспалы мағынада тұр. Бұлардың

әрқайсысы әртүрлі сөзбен аталмай, бір-ақ сөзбен айтылуындағы заңдылық – ұқсастық заңдылығы. Осы жұмыстарды орындатқан соң, мәтіндердегі, сөйлемдердегі көп мағыналы сөздерді тапқызған жөн. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін мынадай жұмыстар жасау керек: 1) қоршаған ортаны бақылау (табиғат, балалардың оқу, ойын, еңбек іс-әрекеттері); 2) құрдастары және үлкендермен қарым-қатынас жасау; 3) сыныпта және сыныптан тыс оқу. Оқылған мәтін мазмұнын талдау және ол туралы пікірлесу; 4) арнаулы тілдік, орфографиялық және орфоэпиялық жаттығулар жүргізу арқылы қазақ тілі грамматикасын игеру; 5) әңгіме, ертегі, өлең т.б. мазмұнын баяндату, олардың ерекшеліктерін, тілін талдау, түрлі тақырыптарда мазмұндама және шығарма жаздыру арқылы баланың сөздік қорын молайту. Жаттығу жұмыстарының ұсынылған түрлері тіл дамыту (ауызша және жазбаша) көздеріне жатады. Балалар жаңа сөздермен тек сыныпта өткізілетін сабақтарда ғана танысып қоймайды, сонымен бірге өз беттерінше кітап оқу, түрлі сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу, кино, театр, саяхатқа бару, радио тыңдау және теледидар бағдарламасын көру нәтижесінде де жаңа сөздер үйреніп, тіл сындырады. Мағынасы түсініксіз сөздерді меңгерту көбінесе қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарында жүргізіледі [4].

Қорыта айтсақ, лексика бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, ал лексикология сол сөздердің шығу төркінін, мағыналық сипатын және оның әртүрлілігін қарастыратын сала. Сөздің лексикалық мағынасын бала айналасын тани бастағаннан түсінеді, мектепке келгеннен бастап сөздің екі жағын, лексикалық және грамматикалық мағынасын меңгереді.

### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипатына байланысты түрлері қандай?
2. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін қандай жұмыстар жүргізіледі?
3. 2-сыныптың қазақ тілі (2-бөлім) оқулығынан 15-тапсырмаға (11-бет) дескриптор жазыңыздар.

### Білім тексеру тапсырмасы

Орындаушының аты-жөні: \_\_\_\_\_

№	Тапсырмалар	Орындалуы	Ұпай
1	Лексиканың зерттеу нысанын және зерттелуін жазыңыз.		
2	Дәрістен алған біліміңді жоспарлаңыз.		
3	Атауыш сөздердің көмекші сөздерден айырмашылығы неде?		
4	«Лексика» тарауына жарнама жасаңыз.		
5	«Лексикалық қоржынды» қалай		

## Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет ресурстар

1. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Зият Пресс, 2004.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Арыс, 2001.
3. Қараев М. Қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993.
4. Қазіргі қазақ тілі және оқыту әдістемесі», /Б.М.Жамекова, К.С.Мусина, А.А.Жолдасова, Н.К.Бекишева / – Астана: «Кәсіпқор» Холдингті коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018.
5. Сарекенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. Оқулық. - Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ, 2010. - 151 б.
6. [twirpx.com/file/1822888/](http://twirpx.com/file/1822888/)

## Білім, білік және дағдыны бекітуге арналған өзіндік жұмыс тапсырмалары

### Лексика

### Сөз мағынасы және оның түрлері

**1-жаттығу.** Мәтіннен жеке тұрып белгілі бір ұғымды білдіретін сөздерді бір бөлек, ұғымды білдіре алмайтын сөздерді бір бөлек теріп жазыңыздар. Жеке тұрып ұғымды білдіре алмайтын сөздердің қалыптасқан мағынасын көрсете отырып, сөздің ұғымы мен мағынасының арасындағы айырмашылықты ашыңыздар.

Аздан соң Оспанды ертіп Тәкежанның үйінен Абай аттанғанда, күн кешкіріп, екінтіге тақап қалған екен. Екі туысқан кешкі қоналқада қайда боларын шешпесе де, атқа мінісіп, өлкені, өзенді бойлады. Кешкі суға келіп жатқан қалың жылқыларды шеттей жағалай түсіп, ешбір ауылға соқпай, белгілі бір сейілге шыққандай. Осылайша атқа мініп, оралып қайтуын Оспан тілеген соң, бағанағы сөзін айтар деп, Абай үндемей ерген-ді. Бірақ бұл жүрісте де Оспан сөзін бастағанша көлденең бір жай олардың келелі сөзінің арасына түсіп кетті. Ол күйдің себепшісі - бұл екеуінің аңшы інісі, әдемі көк қаршығаны қолына ұстаған, сұлу жарау, ақсұр байтал мінген Шәке болатын (М. Ә.).

**2-жаттығу.** Мәтіннен қазіргі қазақ тілінде бірнеше мағынасы бар сөздерді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңыздар.

1. Қыр басынан етекке қарай болат арқан тартып, он шақты жұмысшы жүр (Ғ. Мұст.). 2. Қыр келбеті құлпырып, Дәулеттенді сар дала (Ж.). 3. Төсек үстінде керіле түсіп, Хакім сол қырынан жатып, терезеге күлімдей қарайды (Х. Е.). 4. Қыр көрсеткені ме, мақтанғаны ма, кім білсін, теңселе жүріп, талтаң



басады аяғын (Ғ. Мұст.). 5. Жаз бойы Бөкенші мен Борсаққа Құнанбайдың қабағы келіспей, қырына ала берген болатын (М. Ә.). 6. Есжан алғашқыдай емес, қыры сынып қалыпты (Ғ. Мұст.). 7. Қылдан тайған сорлының Қыр соңынан қалмайсың (С. Д.). 8. Қараңғыдан шыға келген адам мылтығын атып жіберді (С. Е.). 9. Ашуланып атты Гүлжан кесегін, Дегендейін бекер екен кешегім (Х. Ерғ.). 10. Олар жатқан орындарынан атып тұрды (Д. Ә.). 11. Жас ағаштар шешек атып, құлпырып кетті (О. Ш.). 12. Қуат шақшасын алды да, насыбайып атты (Ғ. Мұст.). 13. Маша ашулана, қаһарын төге, оны оқты көзімен бір атты да, есікке қарай жүгірді (Ә. Н.), 14. Игілік қазір тігіліп жатқан үйінің сыртында отыр (Ғ. М.). 15. Академик ту сыртынан көзін айырмай қарап тұрғандай болды (С. Е.). 16. Қапан сырт жерде достарының шаршы ортасында жүреді (Баязитов). 17. Уәдесінен жалтарып, сырт айналып бара жатқан Бөрібайды көрді (Қ. Жарм.). 18. Жаманменен дос болсаң, сыртыңнан жүрер өсектеп (мақ.).

**5-жаттығу.** Түсіндірме сөздіктерден сөздің тура және ауыс мағыналарына талданған бес мысал келтіріп, олардың бір-бірінен айырмасын көрсетіңіз.

**6-жаттығу.** Төмендегі етістік сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіргенде, олардың қандай мағынаға ие болатынын анықтаңыздар. Осындай тіркестерді өздеріңіздер де ойлап табыңыздар.

Қату (түн, сүт, мұз, қабағы, буыны, сілесі, ішегі, басы, аяғы, қаншырдай).

Қану (ұйқы, шөлі, шайға, мән-жайға, әңгімеге, сусыны, айызы).

Салу (төсек, жерге, ер, көз, қол, кісі, үй, егін, құлақ, бас, пәле, дүние, күш, құс, шұрқан, ойнақ, асыр, зер, әлек, қолқа, созбұйдаға, талқыға, базарға, көз қырын).

Ұшу (құс, аспанға, оққа, зәресі, үрейі, иманы, мұрттай, түсу).

Табу (мал, ойлап, қаза, ақыл, жөн, ебін, қапысын, бала, бабын, пайда, жай, тілін, жол).

Қағу (бебеу, қутың, зар, ырсыл, есік, барабан, шаң, шеге, ым, аң, таңдай, жүрек, ызың).

**7-жаттығу.** Мәтіннен тек бір мағынада қолданылатын сөздерді теріп жазып, мағыналарын анықтаңыздар.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар. Алтай, Күршім - не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған - ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі -

Алтай жазы тау еркесі - киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны (Ж. А.).

**8-жаттығу.** Төмендегі үзінділерден мағынасы кеңейген я тарылған сөздерді теріп жазып, сөз мағынасындағы мұндай өзгерістердің себебін ашыңыздар.

1. Біз әуелі сөйлем мүшелерін мағынасына қарай топтастырдық. Бұл жағынан сөйлем мүшелері: бастауыш, баяндауыш, айқындауыш деген үш топқа айрылады. Бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелерінің бәрін де айқындауыш деп атадық. Онан кейін айқындауыш мүшелерді айқындалушы сөздерге қалайша, қандай амалмен байланысатынына қарай екі ірі жікке айырдық: жалғаусыз, тура күйінде тұрып-ақ айқындауыш болғандарын анықтауыш дедік; жалғау не жалғауыштың күшімен басқа бір сөзге жетектеліп, соны айқындап тұрған болса, ондайларын толықтауыш дедік. Сондықтан мұның алдыңғысы тура айқындауыш, соңғысын бұрма айқындауыш деуге де болады. Бірақ біз бұрынғы қолданылып жүрген терминдерді тастамай-ақ қоялық деп, алдыңғысын толықтауыш деп атап отырмыз (Қ. Жұб.). 4. Сонда қарапайым қазақ балықшыларының аузынан не бір асыл сөз маржандарын естідім. Бір ғана толқынның өзін олар оннан астам түрге бөледі екен. «Сылқылдақ толқын», «ырпылдақ толқын», «ақбас толқын», ақжал толқын», «бұйра толқын», «дәңбек толқын», «ереуіл толқын» «өксік толқын» деген сөздерді тек сол жолы ғана естідім Көк жазира теңіз бетіндегі әр алуан толқындарды көргенде, халықтың әлгі атауларының соншалықты дәл, соншалықты терең екендігіне көзім әбден жетті (І.О.).

**9-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерден қазіргі кезде бастапқы мағынасы белгісіз, арнаулы сөздермен ғана тіркесетін сөздерді теріп жазыңыздар.

1. Оспан екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоқтай қадалып, сазарып тұрып қалды. Ұрғанына титтей міз баққан да, қалт еткен де жоқ (М.Ә.). 2. Жаңа байқады. Алпамсадай болған асау қара баласы Абайдың кеудесіне мініп ап тұрғызбай жатыр екен (М.Ә.). 3. Той сарпалдаңынан шаршаған ауыл бырдай ұйқыда (М.Ә.). 4. Майбасардың етік, шалбарын түгел сыпырып, тырдай жалаңаштап алды (М. Ә.). 5. Жасанып шапқан қол көштегі еркектерді сойылдап, бықпырт тигендей қып, қашырып тоздырды да, жылқы, сныр атаулыны тиіп алды (М. Ә.). 6. Бұл кезде, оқта-текте болмаса, қалың ауылдар азырақ кездеседі. Құнанбай ауылдары да бір-бірінен шанжау-шанжау болатын (М. Ә.). 7. Тегінде, үлкен жанжалға тауаны жоқ, бұдырсыз болатын (М.Ә.). 8. Қауменнің екі ұлы да арыстай үлкен, қабыландай қайратты болатын (М. Ә.). 9. Мен ұрысы емеспін, өшімін, Жоқ-жітікке, әлсізге тисем, айтсаңшы!..- деді (М. Ә.). 10. Бұл табында аттардың да талай аягөзі бар екен. Мен солардың әр біріне қызығып ем, қарт жылқышы оны қоя тұралық деді (С.М.). 11. Ешкіні түлен түртерінде, шопанның таяғына сүйкенер (мақ.). 13. Жолдастар ап

соққандай жүдеді (С. С.). 13. Көздері мөп-мөлдір, қап-қара, баданадай (С. С.). 14. Түн баласы бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықпырт тигендей қылады (М. Ә.). 15. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауылдың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді (М.Ә.). 16. Алғаш көргенде «жалмауыз» дедім. Нобайы адамға ұқсамайды. Қап-қара, тырдай жалаңаш, Бойы еңгезердей үлкен, биіктігі кісі бойы - қол созымдай, шашы бұрқырап тұр (М. Ә.). 17. Бірақ елсіз жерде, ен далада болған соң, бұларды ала алмаймыз деген күдік көңілімізге титтей де келген жоқ (М. Ә.).

**10-жаттығу.** Түсіндірме сөздіктерден мағынасы кеңейтен я тарылған сөздерге бес мысалдан келтіріп, оған талдау жасаңыздар.

**12-жаттығу.** Төмендегі сөздердің әрқайсысын түрліше мағынада қолданып, сөйлем құраңыздар. Сол арқылы қазіргі қазақ тіліндегі сөз мағынасының даму жолына сипаттама жасаңыздар.

Айналу, асу, байланыс, бұрыш, дала, жұрт, жылым, кебу, кең, қалың, қарақшы, мүше, орта, отыру, тамыр, тың, тізгін, тарту, от.

**13-жаттығу.** Мәтіндегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарына талдау жасап, сөз мағынасының бұл екі түрінің бір-бірінен айырмасын көрсетіңіз.

Барлығы дабырласып далаға беттеді. Жатар алдында таза ауада жүріп қайтпақ болып, үлкендер де ере шықты. Балаларын машинаға отырғызып, олар көше айналып көрінбей кеткенше, әке-шеше соңдарынан қарап тұрды (К. Жұмад.). 2. Осынау қара дауылдың түбінде бір соғатыны хақ еді. Сол күткен сәт те туды. Сай-сүйекті сырқыратқан шешесінің зарлы үні бұл ойлағаннан да қаһарлы, бұл күткеннен де қасіретті шықты (Қ. Жұмад.). 3. Үйде ол күні бөтен ешкім болған жоқ. Татар әйел үй ішін жинастырып болды да, мана қайтып кетті. Келімді-кетімді ешкімнің де қарасы көрінген жоқ. Бар болғаны қарт екі рет әлдебіреулермен телефонмен сөйлесті (Ж. Ж.).

**14-жаттығу.** Мәтіннен лексикалық мағынасын жоғалтқан (десемантикалану) сөздерді тауып, олардың қандай сөздер екенін анықтаңыз.

Осы кезде Баймағамбет тағы да Қарашолақтың құлағына сіңген өткір жіңішке үнімен қысқа ғана «кеу!» деп қалды. Қарашолақ тағы кетті. Бұл жолғы ұшуы жаңағыдай емес. Қайтадан таңертеңгі алғашқы кетісі сияқты. Салқындау қанатпен жәй қағынып, сылбыр ұшқандай. Бірақ түлкі иек асты жақыннан, төменнен қашқан еді. Құс аттылар үстінде аз көтеріліп, жәй қалқи түсті де, іле төмен құлдилап кетті. Дәл осы кезде оң жақта қоңыр биіктен құлдай ұшып, тағы бір бүркіт көрінді. Аяғында балақ бауы бар, бөгде бүркіт, қақпақтай қалқып, Баймағамбет алдындағы түлкіге қарай бет түзеп, құлдилап келе жатыр.

Тау басындағы аңшылар сөзбен айтпаса да, «екі бүркіт ұстасып қалады-ау!» деп іштерінен үндемей қауіп илесіп, қатып тұр (М. Ә.).

## **Қазіргі қазақ тілі лексикасындағы омонимдер Синонимдер және антонимдер**

**15-жаттығу.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін пайдалана отырып, төменде келтірілген сөздерге омоним болатын сөздерді тауып жазыңыздар, оларға түсінік беріңіз.

Барыс, бақ, бақыр, баспа, безеу, би, блок, бөген, бұршақ, дана, жады, жазу, жару, жастық, жете, қию, өлең, сал, салт, булық, сырттан, тап, еңбек, парла, түбек, ұшық.

**16-жаттығу.** Түсіндірме сөздіктерден омоним сөздердің қатарын тауып жазып, оларға түсінік беріңіз. Әр студент үш омонимдік қатарға мысал келтіріп, талдау жасайды.

**17-жаттығу.** Түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып, төмендегі сөздерден омоним сөздерді бір бөлек, көп мағыналы, ауыс мағыналы сөздерді бір бөлек теріп жазып, олардың мағыналық айырмашылықтарын көрсетіңіз. Әрі омоним, әрі көп мағыналы, ауыс мағыналы сөздерді жеке талдаңыз.

Бас, баспа, баспалдақ, баспақ, белдеу, бел, боздақ, бозғыл, болыс, бөлу, булық, бұқа, біте, бітім, желбегей, жом, жүздік, жым, жіңішке, жіті, заңғар, зауал, иық, кәсіп, кез, кеңес, керімсал, тебін, той, тірек, түбек, түп, ұзақ, ұрпақ, үкі, үйір.

**23-жаттығу.** Төмендегі сөздердің синонимдерін түгелдей келтіріп, синонимдік қатар құраңыздар, оларға ұйтқы болып тұрған тірек сөзді (доминант сөзді) көрсетіп түсінік беріңіздер. Талдау үшін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін», «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігін» пайдаланыңыздар.

Абайлау, аласа, алыс, араз, асығу, ауру, бала, барлық, бет, дардай, епті, зат, кездесу, кенеттен, қорқу, мезгіл, реті, сотқар, тәрізді, уайым.

**24-жаттығу.** Төмендегі үзінділерден бір-біріне синоним болып тұрған сөздерді тауып түсінік беріңіз.

1. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдан құтылып, сонау жеті қат көктегі ғарышқа апарып, жүрегін алтын легенге салып жуғандай, анадан жаңа туғандай тазарды (Ж. А.). 2. Ақбілек баяғы емес. Өзгерген, өнер тапқан, жетілген, ысылған. Әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ,

сызылған, мұнайған Ақбілектің ізі де жоқ. Ақбілектің қылығын, ісін көргенде ақсақал танданады: «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар? Жұп-жуас, ұялшақ бала емес пе еді?» деп ойлайды (Ж. А.). 3. Уай, дүние шіркін-ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие, жирен бие, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер ме еді! Қаздия, қақшия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадай тастап, көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делеңдетіп, елпілдетіп, елеңдетіп желер ме еді! (Ж. А.). 4. Күнікей атын көк атқа матастырып, жұртта таранып, сыланып жатқан Шәмши, Шәлкендердің жанына келді (Ж. А.). 5. Бір-бірін қиып кете алмай, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұсап; жалғызынан айрылып, қанатынан қайрылып, зарлаған бейне жанға ұсап, болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұсап, өкінішті, өксікті, қасіретті, мұнды әнді сарнады (Ж. А.). 6. Арада он күн өтті. Қимылсыз, қаракетсіз жым-жырт он күн. Ана жақ: «Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты» деп масайрап, жамырасып жатыр (М. Ә.). 7. Бірақ, әйтеуір, кеше ел шауып, ығыр қып отырған Құнанбай өз ықтиярынсыз дуанға шақыртылып кетіп отыр. Соғысқан, белдескен күнінде жеңе алмай қалғаны тағы бар (М. Ә.). 8. Бірлесіп қарсылық көрсеткен үш ру ел біржолата қойындасып, құшақтаса араласып жатыр (М. Ә.). 9. Бірақ Жігітек жағының желігін, асыр-сауығын, мәз-мерекесін естіп жүрген (М. Ә.).

**26-жаттығу.** Төмендегі көп мағыналы сөздер мен омонимдердің мағынасына талдау жасап, олардың әрқайсысының мағынасына синоним болып келетін сөздерді анықтаңыздар.

Үлгі: жол көп мағыналы сөз, бір мағынасы - соқпақ, оған сүрлеу, із сөздері; екінші мағынасы - әдіс, оған тәсіл, айла, есеп сөздері синоним болып тұр.

Кем, жақын, дүние, қалау, жай, сал, үй, сана, салт, сасу, тану, тартпа, таю, көрші, шабу, там, тек.

**27-жаттығу.** Түсіндірме сөздіктерден сөз мағынасын түсіндіру үшін келтірілген синоним сөздердің бес қатарын теріп жазып, оларға негіз боларлық басым сөздерді анықтаңыз.

**28-жаттығу.** Төмендегі үзінділерден мәндес сөздердің бір-бірімен тіркесіп, бірігіп, қабаттасып қолданылуынан жасалған плеонастикалық сөздерді тауып жазып, олардың мағыналық ерекшеліктеріне, синонимдерден айырмасына талдау жасаңыз.

1. Таласқан аспанменен заңғар тауым, Көз жасы заттасыңның саған жауын! (С. Тор.). 2. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп (Ғ. М.). 3. Мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан мынау қиянаты мен күнәсі мол дүниеде күнәһар болмай тал бойын таза алып жүрген жалғыз кісі бір өзі сияқты (Ә. Н.). 4. Енді бұрынғыдай біреудің ығын паналамай, жауласқан жерде бойын көрсетіп қап жүр (Ә. Н.). 5. Екі жақсы қосылса, бірін-бірі қиыспайды,



Екі жаман қосылса, кең дүниеге сыйыспайды (мақ.). 6. Аттының несібесі - алтау, жаяудың несібесі - жалқы (мақ.). 7. Айыратын жаман бар, қосатын жаран бар (мақ.). 13. Шығасы шықпай, кіресі кірмейді (мақ.).

### **Қазіргі қазақ лексикасының тарихи құрамы** **Негізгі сөздік қор және сөздік құрам**

**32-жаттығу.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінен негізгі сөздік қорға кіретін сөздерді теріп жазып, олардың мағына жағынан сөздердің қандай тобына жататынын анықтаңыздар. (Әр студент 20 сөз талдауға тиіс).

**33-жаттығу.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінен сөздік құрамға кіретін сөздерді теріп жазып, олардың мағына жағынан сөздердің қандай тобына жататынын анықтаңыздар. (Әр студент 30 сөз талдауға тиіс).

**34-жаттығу.** Мәтіннен негізгі сөздік қорға жататын сөздерді бір бөлек, сөздік құрамға жататын сөзді бір бөлек айырып жазып, оларға түсінік беріңіздер.

1. Бірақ үлкен темір кереуетте арыстай болып зорға сыйып жатқан жас жігіт әлі толық оянбаған қалпында, көзін ашпаған күйі қымтана түсіп жата берді. Балға қонған шыбындай кірпіктері ауырлап, санасы сазға батқандай бірте-бірте бұлыңғыр тартып, тәтті ұйқының құшағына қайтадан ене берген. Осы сәтте келіншегі қайта оралып, күйеуінің табанын қытықтады. Оған да болмаған соң танауып қысып, еркелеп ойнауға кірісті. Тек осыдан кейін ғана, жігіт амалсыз көзін ашып алған. Қолымен қармап Бибіні ұстап алмақ еді, ол сықылықтай күліп, ұзап кетіпті. Үй іші самаладай жарық. Күн едәуір көтеріліп қалса керек, терезе жақтауынан төр жаққа қиғаш сәуле түсіп тұр (Қ. Жұмад.). 2. Ертістің сол қабағында Қарашолақ ауылы бар. Қарашолақтың алпысқа тарта үйі бар. Қарашолақтың халқы қазақ болмаса, әжептәуір қаласымақ болар еді. Қарашолаққа қаланың ауылы алысырақ еді. Не бір көше жоқ, не үй сияқты үйі жоқ. Боқтықтан, күннен, күлден, көз жылтыраған, жалпиған үйме-жүйме бірдеме. Бір кездегі ауқатты үйлердің қора-мүлкі қиқайып-сиқайып қалыпты. Отырған жерінің шөбі арғы беттегі казак-орыс қаласынікі. Солардан жалдап шабады. Қарашолақтың кедейлері отын, шөп сатады. Тәуірлері алыпсатарлық қылады. Еті тірі Әсембай дейтін бетке шығары қазақ оқырмандарымен танысып, земстводан пұл алып, енді ауылын ағартуды ниет қылады. Мұғалім сұраған соң, Қартқожаны берген екен (Ж. А.).

**41-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерден қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерді теріп жазып, олардың тілдегі қандай мағыналық топтарға жататынын анықтаңыздар. Қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын араб-парсы сөздерін бөліп көрсетіп, қолданылмау себебін ашыңыздар.

1. Тәңірберген оны оңаша алып отырып, қайын атасы мен екеуінің арасына делдал дәнекер болуын өтініп еді: анау құлшына кірісетін пейіл білдіріп, жүгініп отыра қалды (Ә. Н.). 2. Сопы пәтуасын айтқанда, олар да шұғыл құптап, бастарын шұлғып құнжындады да қалды. (Ә.Н.). 3. Көп ішінен оның бір өзіне ілтифат етіп, оң тізесін сәл бүгіп сәлем беріп еді (Ә. Н.). 4. Жарайт, Ебейсіннен базарға қосқан малыңның құнын өндіріп алыпсың (Ә. Н.). 5. Арғы ойы белгілі: соңында сырқатынан тәуір боп қызметке орналаса қалса, қысылған жерде оны өздерінің бір кәдесіне жаратпақ (Ә. Н.). 6. Ақбала басқа кісінің сөзіне шүбәланса да, Тәңірбергенге сенетін, әсіресе оның ісінде қателік болмасына кәміл сенуші еді (Ә. Н.). 7. Мықтысы әлсізін талап, қырқысып жатқан мына қиянаты мен күнәсы мол дүниеде күнәһар болмай, тал бойын таза алып жүрген жалғыз кісі бір өзі сияқты (Ә. Н.). 8. Оны осы сәтте көрген кісі: «Ойпырмай, мына баланың иман жүздісін-ай!» - деп ойлаушы еді. Болыс ағасы өлгесін бұрынғы мүләйім мінезін қойып, бет пердесін сыпырып тастады (Ә. Н.). 9. Мұнда келгесін Ебейсін өзінің дағдылы кәсібіне кірісіп, жұрттың тері-терсегін шай, шекерге айырбастай бастады (Ә. Н.). 10. Қасына келген кісіні сезбеді: ауру мен азаптан басқа, бұл дүниеде ана махаббаты, әке жүрегінің ыстық лүпілі болатынын сезбей, шерлеп өскен балапан (Ә. Н.).

**45-жаттығу.** Келтірілген үзінділерден қазақ тіліне орыс тілінен онген сөздерді теріп жазып, олардың тілдегі қандай мағыналық топтарға жататынын анықтаңыздар.

I. 1. Қартқожа әр болыста ауылнай, үшкөл деген бар деп естіді, бәленшенің, түгеншенің балалары сол үшкөлдерде оқып жүр, екі-үш жылда орыс тіліне судай болады екен, сонсоң тілмәш, періуатшік болуға жарайды екен деген сөздерге құлағын салатын болды. Ол былтыр крестьянский нашалніктің періуатшігін көрген. Ол қандай еді! Үсті-басы аппақ! Сары ала түйме! Шашын қайырған. Аяғында әмірқан етік, Нашалніктің алдында аузы-аузына жұқпай судыратқанда, кісілер таң қалмаушы ма еді?! Ол бір стражнікпен орысшаласып-орысшаласып, жеңіп кеткені қайда? (Ж. А.). 2. Сендерде мұрат бар ма? Бақыт бар ма? Жүрек бар ма? Бүгін - идеалист, ертең - материалист, бүгін - реалист, ертең - символист, бүрсігүні - футирист, тағы бірдеме «ист», әйтпесе әрқайсысынан бір шөкім (Ж. А.). 3. Хорымыз жамырап жақсы шықпады... Рақымбек декламациясын жақсы айтты. Скрипкаға ән қосқан он екі жасар Мәржім тамаша соқты. Қайта-қайта шақырып, залды дүрсілдетті. Өзі тіленіп шыққан студент бикешіміз «Жалғыз шалды» бастағаннан мінгірлеп, «қаттырақ-қаттырақ» дегізіп еді, орта кезіне барғанда, төбеге ұрғандай тұрып қалды (Ж. А.). 4. Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияқтанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық (Ж. А.).

II. 1. Ол бай Ертіс өзенін құлдап жүретін үш пассажир пароходы, бірнеше баржалардың қожайыны (I. Ж.). 2. - Марш! - деп жігіттерге «кет» деді. Жігіттер күйіп кетті. Бірнешеуі бір барқыт диванды алуға қол қойды. Угар барып

жиылыс басқармасының үстеліндегі жасыл сукноны жұлып кеп алды. Үй іші апыр-топыр. Айқай-ұйқай. Бұлардың жанжалына күтініп тұрған клубтағы жүкшілердің барлығы да қаптап кетті (І. Ж.). 3. Бірі арбакеш, бірі жүкші, бірі көшір, бірі тағы бірдеме болып қала қыстайды, мұндайлар өздерін «зимовщик» дейді (І. Ж.). 4. Жігіт алуға келген подрядчиктермен арамызда сондай договор жасалды. «Задатке» деп қолға байдан біраз ақша алып, ел күзем алып жатқан уақытта Сібірге қарай жолға шықтық (І. Ж.).

**47-жаттығу.** Орысша-қазақша сөздіктерден баламасы орысша беріліп келген сөздерді тауып, қазір оларға қандай қазақ сөздері балама болып жүргенін анықтаңыздар, жасалу жолдарын талдаңыздар. Әр студент он сөз талдайды.

### Термин сөздер

**48-жаттығу.** Мәтіндерден қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикасындағы термин сөздерді тауып, ғылымның қай саласына жататынын анықтаңыздар, қазақ сөздерінен болған терминдерді бөлек теріп жазып, олардың қалай қалыптасқанын талдаңыздар.

1. Кең көлемді жекешелендірудің тағы бір қыры - оның республика экономикасын Батыс Еуропа, Азия және Таяу Шығыс экономикалық кеңістігіне бірігуін алдын-ала бағдарлау. Соңғы жылдың ішінде біздің қандай сыртқы және дипломатиялық жұмыстар жүргізгенімізді сіздер білесіздер. Оның барлық маңызы мынаған - егеменді Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа өркениетті кіруінің барынша қолайлы жағдайын қамтамасыз етуге келіп саяды. Басқа уақытта ондаған жылдар керек болатын нәтижелерге жету үшін бізге бір жылдан астам ғана уақыт қажет болды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толық хұқылы мүшесі болды. Батыста және Шығыста көптеген лайықты достар тапты. Ондаған жоғары дамыған елдермен және әлемнің жетекші фирмаларымен тиімді сауда-экономикалық келісімдер жасады («Е. Қ.»).

II. 1. Қазіргі кезде геологтар әсіресе Жердің жоғарғы мантиясының құрылысына қатты көңіл бөледі. Өйткені Жердің жоғарғы тас қабатындағы рудалық қазындылардың бәрі және минералдардың көпшілігі біртіндеп сығылып шығудың немесе вулкандық атқылау әрекетінің салдарынан бір кезде осы жоғары мантиядан пайда болған деп саналады. Жоғарғы мантияда темір, никель, магний, хром сияқты металдар көп болады. Сонымен қатар мұнда фосфор, күкірт, көміртек сияқты металлоид заттар да кездеседі. Радиоактивтік ыдыраудың салдарынан және де басқа да себептерден мантия тереңдіктерінде заттар ұдайы өзгеріске ұшырап жатады. Зор қысымдар мен тым жоғары температураның әсерінен, мысалы, көміртек алмазға айналып, кимберлиттік түтіктер деп аталатын ерекше үңгірлерді бойлап жер бетіне сығылып шығады. Геологтар алмаз кендерін көбінесе осы кимберлиттік үңгірлер арқылы табады (Т. Әбдісадықов). 2. Сирек металдардың қазіргі техникадағы ролі күн санап



артуда. Оларды көбінесе химия өнеркәсібіне, электротехникаға, радиотехникаға және прибор жасау өнеркәсібіне, қажетті вольфрам, хром, никель, ванадий, молибден, кобальт және титан араластырудан легирленген болаттар және басқа тағы құнды құймалар шығарып алу үшін қолданады.

III. Әуезділік деп нені айтамыз? Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдердің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы - дыбыстардың тізілу түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы - сөйлемдердің тізілу түрінен. Сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. Дауыс ағымы сөз ішінде дыбыстардың тіркесуіне қарайды да, сөйлеу ішінде сөйлемдердің тіркесуіне қарайды. Сөз ішінде дауысты-дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар араласып тіркесе келеді. Бір сөзде дауысты дыбыстар көп болады. Бір сөзде дауыссыз дыбыстар көп келеді (А. Б.). 2. Сөйлем түрлерінің басқаларын қоя тұрып, жалаң, жайылма, күрделі деген үш түрінің өзін қалайша таптастырғанымызды байқап қарасақ, мүше құрылысына қарай таптастырғанымызды көру қиын емес. Біреуі - тұрлаусыз мүшесінің жоқтығынан жалаң атанған. Біреуі - тұрлаусыз мүшесі болғансын жайылма атанған, енді біреуі - бір мүшенің өзі жайылма бола тұрып, бөтен жайылмалардай емес, бір сөйлем болып құрылғандығына қарай, күрделі деп атанған. Қысқасы, сөйлемді бұлайша таптастыру - сөйлем мүшелерінің белгілі түрде құралуына қарай таптастыру болып шығады (Қ.Жұб.).

**50-жаттығу.** Төмендегі қолданылу сипаты бірыңғай емес сөздерге талдау жасай отырып, олардың ішінен жалпыхалықтық сөздерді, диалектизмдерді және кәсіби сөздерді жеке-жеке ажыратыңыздар. Диалектологиялық сөздіктерді найдалана отырып, соңғы екі топтағы сөздердің мағыналарын, қандай жерлерде айтылатынын көрсетіңіздер.

Айлақ, итбалық, даң, жары, жазы, тұянадай, топы, бапандай болу, қаршадай, сүдін, кәте, ызасырық, көпшік, күнәйім, ермене, дайра, кейінжі, атау-кере, сүдігер, жүйектеу, баданадай, сәуір, бастан, мық, шіли, делдал, құдағай, ақта ат, бітедей сору, қауқар, шақат, сүгірет, ішқұста, ширығу, шамырқану, жылға, бәдірен, жасымық, жағлан, нәумез болу, нұрау, торлама, қаза басу, жырынды, тіксіну, тәлімі бидай, томырық, еге, көшкі, әйдік, кіл, зілдей, зілмауырдай, зілмәндай, жылым, мияттау, сиықты, сияқты, бесін, күләбі, тайжақы, қысқаша, қысқаш, сіріңке, кеуірт, әтешкір, тонау, сонау, падашы, пісу, пысу, жеккі, еркею, қойыру, маңлай, жұмалау, қыштау, секер, домалау, үгей, жәнәнші, шаққа, беркіну, эзер, құлдау, нам, мәс, нәи, есім, собық, рә болмаса, жегенелеу, шалт, ырдуан, қам, бықпырт тигендей, қарабура, ұтыр, әстайлы, атжал, әшкерту, кеуіл, мүттәм.

### Қазақ тілінің фразеологиясы

**69-жаттығу.** Келтірілген сөйлемдерден сөз тіркестерін теріп жазып, олардың ішінен еркін тіркестерді бір бөлек, тұрақты тіркестерді бір бөлек айырып жазыңыздар.

1. Шекер «Сырдың суын жұлығынан келтірмей» жүрсе де, енді ойланбасқа болмады (Ж. А.). 2. - Несі бар, «Бірдің құны, нардың пұлы» дейсің бе? - деп, Шекердің де жыны ұстап, бастырмалатып шығып кетті (Ж. А.). 3. Игілік би ақынды ұзын арқан, кең тұсаумен маңайынан ұзатпай, өрелеп ұстайды (Р. М.). 4. Күн арқан бойы ғана көтеріліп қалған кез еді (Сағымбаев). 5. Нұрлан тоғанына оралған ұзын арқанның бір ұшына үлкен екі мес байланған (С. Айни). 6. Мен дертімнен отан басты болып, ауылдың жердегі мектептің төңірегінен әрі ұзай алмадым (С. К.). 7. Бала кірпік қақпай көрер танды көзімен атқызды (М. И.). 8. Екінің бірі, егіздің сыңары (мақал). 9. Тізгінді тең ұстамаса, жас жылқы сыңар езу болады (Ж. Т.). 10. «Сулы жер - нулы жер» деп бұрынғылар тегін айтқан ба (Қ. Жұмад.). 11. Қазақ екіге бөлінейін деп тұр ғой. Тегінде «екі кемеңнің құйрығын ұстаған суға кетеді» дейтін бе еді? (Қ. Жұмад.).

**71-жаттығу.** Келтірілген тұрақты тіркестердің құрамында кездесетін көне сөздер мен тұлғаларды көрсетіп, мүмкіндігінше олардың нақты мағынасын ашыңыздар. Әр тіркестің қазіргі кезде қандай мағына беретінін анықтаңыздар. («Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін», түсіндірме т.б. сөздіктерді пайдаланыңыздар).

Тілі мірдің оғындай, бықпырт тигендей, ит арқасы қиян, аза бойы қаза болу, нарттай жану, бырдай болу, жұрдай болу, қаншырдай қату, қаршадай бала, төбеңе құй қаздым ба, құла дүз, ұрын келу, үдере көшу, көзайым болу, місе қылмау, құнт қылмау, түлен тұрту, телегей теңіз, әуселесін көру, ұнжырғасы түсу, дес бермеу, емешегі құру, көзі шырадай ашылу, шайдай ашылу, ләм-мим демеу, тоқым қағар жасау, сұғын қадау, суқаны сүймеу, судай жаңа, омалып отыру, қолаң шаш, жігері құм болу, ебелек қағу, екі көзі бұлаудай, баз кешу.

### **Пайдаланылған әдебиет**

Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, К.Бейсембаева, С.Хасанов, А.Әбілқасов, Б.Шалабаев. Қазіргі қазақ тілі (жаттығулар жинағы) -Алматы: Ана тілі, 1997 ж. 5-68 бет.

### **Бақылау тапсырмалары**

#### **I нұсқа**

- **Лексика.** Мына сөздердің омонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **айлық, жабағы.**
- Мына сөздердің синонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **бағалы, семіру.**

• Мына сөздердің антонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **сылбыр, озу, сүйіну, баю, еріншек.**

**Фонетика.** «Жұмысшы» сөзіне дыбыстық талдау жасаңыз.

**Сөз құрамы.** Жолаушы, білімді, тырнақ, түндік, көркем.

**Синтаксис.** Оспан жұмыс басына бармақшы болып, Әйгерім мен Ерболды үйден ерте шықты.

## II нұсқа

• **Лексика.** Мына сөздердің омонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **той, саз.**

• Мына сөздердің синонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **ерік, ас.**

• Мына сөздердің антонимдерін тауып, әрқайсысының мағынасын ашатындай сөйлем құрап жазыңыз: **бұрынғы, бейнет, жеңіс, теріс.**

**Фонетика.** «Шекара» сөзіне дыбыстық талдау жасаңыз.

**Сөз құрамы.** Орынды, төсек, мекенде, бөлім.

**Синтаксис.** Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын.

ҚР Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету болып табылады» деп атап көрсетілген [1].

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша оқытылатын қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия пәнін оқытуда ұсынылып отырған оқу құралы білімалушылардың дербес ізденуі мен алған теориялық білімді практикалық тапсырмалармен бекітуіне көмекші бола алады.

Оқу құралын пәнді оқытуда қосымша пайдалану арқылы студенттер тіл білімінің фонетика, лексика салаларынан алған теориялық білімін тереңдетеді және өзінің білім, білік, дағдысын тексере алады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде каллиграфиялық жазу дағдысын жетілдіріп, ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалану арқылы сөздік қорын байытып отырады. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған контекстер грамматикалық талдау дағдысын жетілдіреді әрі көркем шығарманы оқуға бағыттайды.

Оқу құралы болашақ маманның лингвистикалық және әдістемелік дайындығын арттыруымен құнды.

## Фонетика және лексика тарауы бойыншы тест тапсырмалары

### I нұсқа

1. Үндестік заңына бағынбайтын қосымша:

- A. –лық, -лік
- B. –тал
- C. –та
- D. –шы
- E. –ақ, -ек

2. Әріп санынан дыбыс саны көп сөз:

- A. тау
- B. жол
- C. керемет
- D. жиналыс
- E. қағаз

3. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөз:

- A. өнегедей
- B. асқақта
- C. өнерпаз
- D. тасты
- E. өзгеріссіз

4. Ашық буыннан құралған сөз:

- A. оқулық
- B. өрнек
- C. бақытты
- D. болады
- E. атты

5. Тұйық буыннан құралған сөз:

- A. бес
- B. бала
- C. қант
- D. өрт
- E. су

6. Бітеу буыннан тұрған сөз:

- A. көркемде
- B. бөлме
- C. белгімен
- D. тәуекел

Е. қызметкер

7. Дұрыс тасымалданған сөздер қатары:

А. қай-ық, бау-ыр-сақ

В. құ-мырс-қа, жа-на, жа-уын

С. құм-ырс-қа, жау-ын

Д. қой-ырт-пақ, сая-быр

Е. сая-быр, сау-ал

8. Ілгерінді ықпал:

А. асқазан

В. теңізші

С. күлгін

Д. итбалық

Е. Қызылорда

9. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар сөз:

А. қайнар бұлақ

В. әсем ән

С. жаз мезгілі

Д. жылқы зауыты

Е. жирен қасқа

10. Кейінді ықпал:

А. Қамысбай

В. ала кел

С. арбакеш

Д. қара қой

Е. ақ лақ

11. Үнді дауыстыға аяқталған сөз:

А. міндет

В. Кенесары

С. ағаң

Д. Күлаш

Е. қозы

12. «Қара ала» сөзіндегі үндестік орны:

А. тіркесті сөздерде

В. қос сөзде

С. біріккен сөзде

Д. түбір сөзде

Е. қысқарған сөзде

13. Буынға бөлінбейтін сөз:

- A. іні
- B. әпке
- C. қарт
- D. дала
- E. намыс

14. Буын талғайтын әріп:

- A. а
- B. е
- C. ы
- D. н
- E. ә

15. Қатаң дауыссызға аяқталған сөз:

- A. жұмбақ
- B. тәж
- C. тәжірибе
- D. таң
- E. жібер

16. Буын құрай алмайтын дыбыс:

- A. и
- B. ү
- C. і
- D. ж
- E. о

17. Қысаң, езулік дыбыс:

- A. и
- B. у
- C. ө
- D. а
- E. ә

18. Қос қатаң дауыссыз қатар тұрған сөз:

- A. әліпби
- B. етпетінен
- C. жазғы
- D. арман
- E. түнгі

19. Соңғы буынына екпін түспейтін сөз:

- A. студентпіз

- В. мектепке
- С. бала
- Д. оқушылар
- Е. ерлік

20. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі:

- А. буын үндестігі
- В. дыбыс үндестігі
- С. ерін үндестігі
- Д. тасымал
- Е. екпін

II нұсқа

1. Бітеу буын қалай жасалатынын белгілеңіз.

- А. Дауыстыдан басталып, дауыстыға аяқталады.
- В. Тіл мен жақтың қатысы арқылы.
- С. Салдыр мен үн арқылы.
- Д. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталады.
- Е. Дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталады.

2. «Тазалық – саулық кепілі, Саулық – байлық негізі» мақалының түйіні:

- А. Батырлық
- В. Ынтымақ
- С. Егіншілік
- Д. Денсаулық
- Е. Ас, тағам

3. Бірыңғай еріндікті сөз.

- А. Әңгіме
- В. метр
- С. жеміс
- Д. білімді
- Е. көну

4. Ілгерінді ықпал.

- А. сөзсіз
- В. үйшік
- С. балаша
- Д. ашса
- Е. қайғы

5. «Өкіну» мағынасында қолданылатын тұрақты тіркес.

- А. бармағын тістеу



- В. есінен шығу
- С. ағынан жарылу
- Д. көз аларту
- Е. арасынан қыл өтпейді

6. Синонимі бар сөйлем.

- А. Даңқ үшін, думан үшін қызмет етпе.
- В. Бие үш жыл қысырап, биыл құлындады.
- С. Біреуді мұқату, кеміту дұрыс емес.
- Д. Бала қышқыл өрік пен алманы жей алмады.
- Е. Сапардың аярлығы Сағиланы жирендірді.

7. Диалект сөздер.

- А. қара, ат
- В. орман, тоғай
- С. көпшік, дарбаза
- Д. бөз, боз
- Е. оның, соған тасбиық

8. Тұрақты тіркес.

- А. Көпірден өту
- В. Дүкеннен ойыншық көрді.
- С. Алыстағыны жақсы көреді.
- Д. Ұйықтағанда тісін қайрайды.
- Е. Жауы тізе бүкті.

9. Мәтелді ажыратыңыз.

- А. Ердің атын еңбек шығарар.
- В. Бірлік болмай, тірлік болмас.
- С. Әжет адам өлімді жеңеді.
- Д. Соқыр тауыққа бәрі бидай.
- Е. Бірлігі күшті ел озады.

10. Мақалды табыңыз.

- А. Алтын алма, алғыс ал.
- В. Пішуіне қарай тігісі.
- С. Құс аяған көкке қарар.
- Д. Үндемеген ит қабар
- Е. Ит ашуын тырнадан алады.

11. Антонимді табыңыз.

- А. ақау – кінарат
- В. тұңғыш бала – кенже бала
- С. сағы сыну – сіресу

- Д. кез – кезең
- Е. гүлді алқап - сулы жер

12. «Барғысы бар, келгісі бар» сөздері қай қатарға тән.

- А. антоним
- В. синоним
- С. омоним
- Д. кәсіби сөз
- Е. диалект

13. Омоним бола алатын сөз.

- А. халық
- В. үлкен
- С. биыл
- Д. түс
- Е. үшеу

14. Көнерген сөз.

А. Мен Біржан күннен-күнге айқындалған, Көкшетау дуанына даңқым барған.

- В. Қарлығаштар әдемі ұя сала бастады.
- С. Жер-жерге үндеухат жазылды.
- Д. Үйге кеше ағайым келді.
- Е. Басқарма мүшелерінің жиналысы болды.

15. Сөздің тура мағынасын табыңыз.

- А. Олар сүттей ұйып, тыңдап отыр.
- В. Оң қолым ұйып қалыпты.
- С. Сүт таңертең ұйып қалыпты.
- Д. Көптен атқа мінбегендіктен аяғы ұйып қалды.
- Е. Әңгімені ұйып тыңдадық.

16. Кәсіби сөз.

- А. сұрғылт
- В. тыңла
- С. бала
- Д. азон
- Е. әңгелек

17. Сөздің ең алғашық мағыналық бөлшегі.

- А. біріккен сөз
- В. қосарлама сөз
- С. туынды сөз
- Д. күрделі сөз

Е түбір сөз

18. Лексиканың саласы.

- А. морфология
- В. синтаксис
- С. фонетика
- Д. семасиология
- Е. грамматика

19. «Күріш» сөзіндегі дыбыстардың дұрыс талдан қатары.

- А. к- ұяң, шұғыл
- В. ү – жіңішке, еріндік, дауысты
- С. р – ұяң, ызың
- Д. і – үнді, тіл арты
- Е. ш – ұяң, ызың

20. Сөздік қорға не жатады.

- А. түбір сөздер
- В. туынды сөздер
- С. біріккен сөздер
- Д. диалектілер
- Е. архаизмдер

21. Шаруашылық, сауда қатынастары арқылы енген кірме сөз:

- А. емтихан
- В. аруақ
- С. мереке
- Д. мақта
- Е. ғылым

22. Қазақ тілінде омонимдік қатарға енген сөздердің саны қаншадан аспайды.

- А. 5-9
- В. 10-15
- С. 4-5
- Д. 7-8
- Е. 15-20

23. Араб-парсы тілінің «иттифақ» сөзі қазақ тілінде қалай өзгерген.

- А. серік
- В. ынтымақ
- С. шәкірт
- Д. қант
- Е. құн

24. «аузының суы құрыды» сөзінің мағынасы.

- А. таңданды
- В. шошыды
- С. қуанды
- Д. ойланды
- Е. көрді

25. Түркі тіліне ортақ сөз.

- А. шарапат
- В. аспап
- С. пұл
- Д. есеп
- Е. ер

III нұсқа

1. Қысаң дауысты дыбыстар қатары.

- А. ы, і, и, э
- В. ү, і, э, е
- С. і, ы, ұ, ү
- Д. а, ы, и, ғ
- Е. о, и, а, ө

2. Диалект сөз: Асқаров Мараттың баратын жері алыстұғын.

- А. баратын
- В. Асқаров
- С. Мараттың
- Д. жері
- Е. алыстұғын

3. Үнді мен қатаң дауыссыздар қатар тұрған сөзді анықтаңыз.

- А. көгөніс
- В. жеміс
- С. сөйлем
- Д. аңшы
- Е. жидек

4. Сөз аралығындағы ілгері ықпал.

- А. мейманханаға бару
- В. түстен кейін
- С. әдептіліктің белгісі
- Д. қазақша білу
- Е. аспаздық

5. Тұрақты тіркес.

- A. қала мен ауыл арасы
- B. алты қанат ақ үй
- C. көпке тараған ән
- D. қас пен көздің арасында
- E. ел арасында

6. Синонимі бар сөйлем.

- A. Қора ішінде арба, дөңгелек, түрлі темірлер шашылып жатыр.
- B. Қалың ел қаңтарылып, сусыз қалыпты.
- C. Қазыбек қарттың көзі қарауытып, иесіз қалған, қараң қалған үйге түсті.
- D. Жүсіпбек ілгері ұмтылып, ұшып келеді.
- E. Қаңғыбас кедейге бақ қонды.

7. Көнерген сөзді табыңыз.

- A. Отаның мен халқыңа еңбек ет.
- B. Сексен түйе үстінде, Алтын жағлан орнаған.
- C. Ол жанын шүберекке түйді.
- D. Өзі оңбаған антұрған.
- E. Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында.

8. Омоним болатын сөз.

- A. наразы
- B. алпыс екі
- C. Күлпаш
- D. оқтау
- E. ойын

9. Антоним сөздер.

- A. үрпию - ербию
- B. шайтан – пері
- C. тұнжырау – жадырау
- D. шабу – ору
- E. жанды- жақты

10. Уақыт, дәуір ұғымындағы мақал-мәтел.

- A. Көргені көп көш бастар.
- B. Әңгіме жол қысқартады.
- C. Елу жылда ел жаңа.
- D. Сөзі – аз, ісі – саз.
- E. Жетерін білсең, жей тұр.

11. Сөйлемдегі кәсіби сөз: Ағам базардан атауыз сатып әкелді.

- А. сатып
- В. атауыз
- С. базардан
- Д. әкелді
- Е. ағам

12. Омоним бола алмайтын сөз.

- А. қасы
- В. қалыңдық
- С қарт
- Д. тарту
- Е. шабу

13. Ауыспалы мағына.

- А. Үй тарлығынан қысылып отыр.
- В. Менің кішкене үйім сөздерге тарлық етер.
- С. Тарлық тірі жанға не істетпейді.
- Д. Аяқ киімің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда.
- Е. Үйі тарлық жасағандықтан қонақ шақыра алмады.

15. Диалект сөз.

- А. қарық
- В. арық
- С. атыз
- Д. опан
- Е. алтын

16. Кәсіби сөз.

- А. ау, әңгелек, полюс
- В. вокзал, әйбат
- С. жылым, күнжара, мұрап
- Д. сүдігер, айдау, доктор
- Е. ғасыр, түрме, қаяз

17. Мақалды табыңыз.

- А. Мұзға отырғызып кетті.
- В. Тайға таңба басқандай.
- С. көзі ашық
- Д. Ердің екі сөйлегені - өлгені.
- Е. Көзді ашып-жұмғанша

18. «Ө» қандай дыбыс.

- А. езулік
- В. ұяң

С еріндік  
Д. үнді  
Е. қысаң

19. Бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы қалай аталады.

А. түбір сөздер  
В. сөздік құрам  
С. сөздік қор  
Д. қосымшалар  
Е. дыбыстық жүйе

20. Мәдени және ғылыми қарым-қатынастар арқылы енген кірме сөз:

А. таға  
В. қағаз  
С. ораза  
Д. намаз  
Е. таразы

21. Синонимдік қатарда кемінде неше сөз болуы керек.

А. 1  
В. 2  
С. 10  
Д. 15  
Е. 20

23. Араб-парсы тілінің «гәр аба» сөзі қазақ тілінде қалай өзгерген.

А. ынтымақ  
В. нан  
С. дана  
Д. арба  
Е. кәрлі

24. «еті тірі» сөзінің мағынасы.

А. семіру  
В. күн батты  
С. пысық  
Д. есім  
Е. жуас

25. Түркі тілдеріне ортақ сөз.

А. ұстаз  
В. құн  
С. қол  
Д. мұғалім

Е. шәкірт

**Каллиграфия**

**ҚОСЫМША 2**



## **Бастауыш сыныпта көркем жазуға үйрету жолдары. Жазу жұмыстарына қойылатын талаптар**

**1-тапсырма.** Берілген мәліметті дәптерге көшіріп жазыңыздар. «Жазуды үйренуде қолданылатын принциптер» мен «каллиграфикалық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістерін» кесте не басқа көрнекі үлгіде ұсыныңыздар.

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Жазудың міндеті - әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады. Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Көркем жазудың ойдағыдай болуы гигиеналық талаптарды орындаудың нәтижесінде болады. Ол мектеп жиһазы партаның оқушыға сәйкес келуі, оның ыңғайлылығы, жарықтың түсуі. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламды дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпта - 5 минут, 2 сыныпта - 8 минут, 3 сыныпта - 12 мин, 4 сыныпта - 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т. б ұғымдарды меңгереді.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.
2. Сапалық принципі: мұғалім басында не үшін көлбеу жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Көлбеу жазу тез, әрі ыңғайлы.
3. Қайталау принципі: жаттығуды орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуының дұрыстығын тексеріп отырады
4. Генетикалық принципі: алғашында жеңіл әріптер, содан соң жазылуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н т.б., қолы жаттыққаннан кейін қ, ж, б, в, ф, т.б әріптер жазылады.

5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б. ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әртүрлі Сондықтан да жазу каллиграфиялары әртүрлі. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Каллиграфиялық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:


1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға жазып көрсетуі тиіс.
2. Ауада жазу. Мұғалім әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс үлгісін ұғады.
3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.
4. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.
5. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: «а» әрпі бір дөңгелектен және бір көлбеу сызықтан тұрады.

**2-тапсырма.** Көркем жазу дәптеріне үлкен және кіші түзу көлбеу сызықтар жазыңыздар. Жоғарыда аталған талапты сақтаңыздар.

### Негізгі, күрделі әріп элементтері. Бас әріп және кіші әріптер

**Тапсырма.** Әліппе кезеңінде оқулықтағы тақырып реті бойынша бас әріптер мен кіші әріптерді түсіндіріп жазып үйреніңіздер.

#### А әрпі



Аталуы: үлкен өте көлбеу сызық




Аталуы: аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.


- сызықша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын, оңға дөңгелете иіп, жоғары қарай үлкен өте көлбеу сызық сызамын, көмекші жолдың ортасына жеткенде төмен қарай түзу көлбеу сызық сызып, төменгі сызыққа жеткенде оңға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, белдігін сызамын.

#### а әрпі




Аталуы: толық сопақша.

 **Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, солдан оңға, оңнан солға дөңестігін байқап алып, толық дөңгелектеп, қолды үзбей төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық жазамын.

## Н әрпі

 **Атауы:** Үлкен жоғарғы ілмек


 **Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, ілмек жасап алып, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде солға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткенде солға төмен қарай иіп алып, аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық жазамын.

## н әрпі

 **аталуы:** түзу көлбеу сызық


 **аталуы:** ортаңғы тұзақша

 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін, қолды бір рет үзіп, ортаңғы тұзақшаны жұмыс жолының жоғары сызығына жеткізіп, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


## Л әрпі

 **Аталуы:** үлкен өте көлбеу сызық


 **Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын, оңға дөңгелете иіп, төменнен жоғары қарай үлкен өте көлбеу сызық сызып, кең жолдың ортасына жеткенде қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### л әрпі




**Аталуы:** кішкене өте көлбеу




**Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген кіші түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын да, төменнен жоғары оңға қарай өте көлбеу сызық сызып, жоғары сызыққа жеткенде қолды үзбей төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Р әрпі




**Аталуы:** оңға дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу




**Аталуы:** Екі жағы дөңгелете иілген жұмыс жолының сызығына горизонталь бағытта келетін түзу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен көлбеу сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей, оңға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп көмекші жолда жұмыс жолының сызығына горизонталь бағытта екі жағы дөңгелете иілген дөңес сызық жүргіземін.

### р әрпі




**аталуы:** үлкен түзу көлбеу сызық



**аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін, көмекші жолдың ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу жазамын, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### О әрпі




**аталуы:** - үлкен толық

сопақша

**Түсіндіруі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарғыдан төмен қарай солға қарай дөңгелете иіп үлкен толық сопақша жазамын.


### о әрпі




**Аталуы:** толық сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғары сызығынан сәл төмен бастаймын, солдан оңға дөңестігін байқап алып, кіші толық сопақша жазамын.


### т әрпі




**Аталуы:** Аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.



**Аталуы:** үлкен көлбеу түзу




**Аталуы:** аяғы оңғаға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.




**Аталуы:** Жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық


**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей солға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, көмекші жолдың ортасынан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін. Қолды бір рет үзіп, көмекші жолдың ортасынан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды тағы бір рет үзіп, солдан оңға иіп алып, жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық жүргіземін.

### т әрпі



**аталуы:** түзу көлбеу сызық.


 **аталуы:** сол жағы иілген түзу көлбеу сызық

 **аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу.


**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргіземін, жұмыс жолының төменгі сызығында жалғас сызық шығарып, екінші кіші көлбеу сызық жүргіземін. Қолды үзбей оңға жоғары қарай жүргіземін де, төмен иіп кіші түзу көлбеу сызамын, төменгі сызыққа жеткенде, оңға қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элемент арқылы қысқаша түсіндіру:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргізіп, қолды үзбей жалғас сызық арқылы екі рет түзу көлбеу жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### У әрпі




**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық




**Аталуы:** Аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының жоғары сызығында оңға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін, қолды үзбей төмен қарай қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей солға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### у әрпі




**аталуы:** жалғас сызық қосылған түзу көлбеу.

 **аталуы:** төменгі ілмек

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жеткіземін. Қолды үзбей жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай үлкен түзу

көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасына келгенде солға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ш әрпі



**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық




**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық



**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын. Оңға жоғары ілмек жасап алып дөңгелете иемін де, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткіземін. Қолды үзбей жалғасы сызық арқылы жоғарыдан төмен қарай екі рет үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### ш әрпі



**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жоғары сызыққа жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай екі рет төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген кіші түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### С әрпі



**Аталуы:** Үлкен сол жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, солға төмен қарай дөңгелете үлкен сол жақ жарты сопақша сызық сызып, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элемент арқылы қысқаша түсіндіру:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, үлкен сол жақ жарты сопақша жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### с әрпі



**Аталуы:** сол жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, жоғары сызыққа жеткізіп, солға дөңестеу сызық жүргізіп, төменгі сызықта дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элемент арқылы қысқаша түсіндіру:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан сәл төмен бастаймын, кіші сол жақ жарты сопақша жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Д әрпі

**Аталуы:** оңға дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу

**Аталуы:** Үлкен оң жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен көлбеу сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей, оңға дөңгелете иіп, төменгі сызыққа жеткіземін де үлкен оң жақ жарты сопақша жазамын, көмекші жолдың ортасында иіп аяқтаймын.

### д әрпі

**Аталуы:** толық сопақша

**Аталуы:** төменгі ілмек


**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғары сызығында бастаймын, солдан оңға, оңнан солға дөңестігін байқап алып, толық дөңгелектеп, қолды үзбей жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасында солға жоғары иіп өте көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ы әрпі

**Аталуы:** үлкен түзу көлбеу сызық

**Аталуы:** толық сопақша







**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, жарты сопақша жазамын. Қолды бір рет үзіп, жалғас сызық арқылы аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### ы әрпі




**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық




**Аталуы:** толық сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғары сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жарты сопақша жазамын. Қолды бір рет үзіп, кіші көлбеу жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### М әрпі



**Аталуы:** үлкен өте көлбеу сызық



**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.





**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын. Оңға дөңгелете иіп, жоғары қарай үлкен өте көлбеу сызық сызамын. Көмекші жолдың ортасына келгенде қолды үзбей төмен қарай екі рет аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### м әрпі


 **Аталуы:** кішкене өте көлбеу

 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық


 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын. Төменнен жоғары оңға қарай кіші өте көлбеу сызық сызып, қолды үзбей екі рет төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық сызамын. Жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### Қ әрпі



**Атауы:** Үлкен жоғарғы ілмек



**Аталуы:** Екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу.




**аталуы:** төменгі тұзақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын. Ілмек жасап алып төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық сызып, төменгі сызыққа жеткенде солға жоғары өте көлбеу сызып, көмекші жолдың ортасында иіп аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу және төменгі тұзақша жазамын. Жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### қ әрпі

 **аталуы:** түзу көлбеу сызық.

 **аталуы:** дөңестеу өте көлбеу.




- екі жағы дөңгелене иілген кішкене түзу көлбеу (бөлікке жазылады)

 **аталуы:** төменгі тұзақша


**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық сызып, төменгі сызыққа жеткенде солға жоғары

өте көлбеу сызамын. Жұмыс жолының ортасында иіп аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жағы дөңгелене иілген кіші түзу көлбеу және төменгі тұзақша жазамын. Жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ү әрпі



**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық.




**Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай бұрыштана біткен үлкен түзу.


- сызықша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының жоғары сызығында оңға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай үлкен көлбеу сызық сызып, көмекші жолдың ортасына жеткенде оңға жоғары бұрыш жасай өте көлбеу сызып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп сызықшаны жазамын.

### ұ әрпі




**Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық



**аталуы:** төменгі жағы оңға бұрыштана біткен үлкен түзу көлбеу сызық.

**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының жоғарығы сызығынан бастаймын. Төмен қарай кіші көлбеу сызамын. Қолды үзбей жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасында төменгі жағы оңға бұрыштана біткен үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп сызықшаны жазамын.

### І әрпі




**Аталуы:** Аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, ілмек жасап алып, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей солға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс


жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп жұмыс жолының үстінде нүкте қоямын.


### і әрпі


 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Жазылуы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу жүргізіп, төменгі сызыққа жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп көмекші жолдың ортасында нүкте қоямын.

### Е әрпі




 **Аталуы:** сол жақ жарты сопақша

 **аталуы:** сол жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдістері:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, солға қарай дөңгелете иіп, дөңес сызық сызып, жұмыс жолының жоғарғы сызығына жеткіземін, қолды үзбей кіші сол жақ жарты сопақша жазамын, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### е әрпі



 **аталуы:** сол жақ жарты сопақша.


**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, солға жоғары дөңгелете иіп, төмен қарай дөңестеу сызық сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға дөңгелете иемін де, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### К әрпі




**Атауы:** Үлкен жоғарғы ілмек

**Аталуы:** Екі жағы дөңгелене иілген түзу

 **көлбеу.**


**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, ілмек жасап алып төмен қарай түзу көлбеу сызық сызып, төменгі сызыққа жеткенде солға жоғары иіп көмекші жолдың ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу жазамын.

### к әрпі




 **аталуы:** түзу көлбеу сызық

 **аталуы:** дөңестеу өте көлбеу


 - екі жағы дөңгелене иілген кішкене түзу көлбеу (бөлікке жазылады)

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай кіші түзу көлбеу сызық жүргіземін. Жұмыс жолының төменгі сызығын жеткенде жоғары оңға қарай дөңестеу өте көлбеу сызып, жоғары сызықта төмен қарай иіп аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жағы дөңгелене иілген кішкене түзу көлбеу жазамын.

### Ү әрпі



**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық




**Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай бұрыштана біткен үлкен түзу

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының жоғары сызығында оңға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай үлкен көлбеу сызық сызып, көмекші жолдың ортасына жеткенде, оңға жоғары бұрыш жасай өте көлбеу сызып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### ү әрпі

 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық



**аталуы:** төменгі жағы оңға бұрыштана біткен үлкен түзу көлбеу сызық.

**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының жоғары сызығынан бастаймын. Төмен қарай төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық жазып, қолды үзбей жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасында төменгі жағы оңға бұрыштана біткен үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### И әрпі

**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық

**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасында бастаймын. Ілмек жасап алып, төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### и әрпі

**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жеткіземін де, қолды үзбей төмен қарай тағы түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Й әрпі


**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық


**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық


**аталуы:** жоғарғы қосымша элемент.

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасында бастаймын. Ілмек жасап алып, төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп жоғарғы қосымша элементті жазамын.

### й әрпі


 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық


 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

 **аталуы:** жоғарғы қосымша элемент.

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жеткіземін де, қолды үзбей төмен қарай тағы түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп жоғарғы қосымша элементті жазамын.

### Ғ әрпі


 **Аталуы:** оңға дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу.

 **Атауы:** Жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық

Ортаңғы сызықша -


**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен көлбеу сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей, оңға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, солдан оңға қарай иіп алып, жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық сызамын. Қолды екінші рет үзіп, белдігін сызамын.

### ғ әрпі


 **аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу - ортаңғы сызықша

**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары сызыққа қарай жүргіземін де төмен иіп түзу көлбеу сызамын, төменгі сызыққа жеткенде оңға қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, белдігін сызамын.

### Г әрпі

 **Аталуы:** оңға дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу.






**Атауы:** Жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен көлбеу сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей, оңға жоғары дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, солдан оңға қарай иіп алып, жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық сызамын.


**г әрпі**




**аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу

**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары сызыққа жеткіземін де, төмен иіп түзу көлбеу сызамын, төменгі сызыққа жеткенде оңға қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


**н әрпі**



**аталуы:** түзу көлбеу сызық




**аталуы:** ортаңғы тұзақша



**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу


көлбеу сызық




**Аталуы:** төменгі тұзақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін, қолды бір рет үзіп, ортаңғы тұзақшаны жұмыс жолының жоғары сызығына жеткіземін. Қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін, төменгі тұзақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Ө әрпі**



**аталуы:** - үлкен толық сопақша




**аталуы:** ортаңғы тұзақша


**Түсіндіруі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан сәл төмен бастаймын да солға қарай дөңгелете иіп, жоғарыдан төмен қарай толық дөңгелете сопақша жазамын. Қолды бір рет үзіп ортаңғы тұзақша жазамын.



### ө әрпі




**Аталуы:** толық сопақша.



**аталуы:** ортаңғы тұзақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан сәл төмен бастаймын, солдан оңға, дөңестігін байқап алып, толық дөңгелектей сызамын. Қолды бір рет үзіп ортаңғы тұзақша жазамын.


### З әрпі




**аталуы:** оң жақ жарты

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, оңға жоғары қарай дөңес сызық сызамын да, жұмыс жолының жоғары сызығына жеткенде кіші оң жақ жарты сопақша жазамын.

### з әрпі




**аталуы:** оң жақ жарты сопақша



**аталуы:** төменгі ілмек

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары қарай жарты сопақша жазамын, қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасында солға дөңгелете иемін де, оңға жоғары өте көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ә әрпі



**Аталуы:** Үлкен оң жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Кең жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, төмен қарай дөңес сызық сызамын да, төменгі сызыққа жеткенде солға дөңгелете иіп, жалғас сызық шығарып жұмыс жолының жоғары сызығында аяқтаймын.


### ә әрпі




**аталуы:** кіші оң жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай дөңестеу сызық сызып, төменгі сызықта солға дөңгелете иіп, сопақшаны жабамын.


## Ж әрпі



**Аталуы:** Үлкен оң жақ жарты сопақша.



**Аталуы:** Екі жалғас сызықты үлкен түзу көлбеу.



**Аталуы:** Үлкен сол жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдісі:** көмекші жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, оңға жоғары қарай сызып, кең жолдың ортасынан төмен қарай дөңес сызық сызамын да, төменгі сызыққа жеткенде солға дөңгелете иіп, жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жалғас сызықты үлкен түзу көлбеу сызамын. Қолды тағы бір рет үзіп кең жолдың ортасынан бастаймын, солға қарай дөңгелете иіп, төмен қарай дөңес сызық сызып, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


## ж әрпі



**аталуы:** оң жақ жарты сопақша.




**аталуы:** екі жалғас сызықты түзу көлбеу.



**аталуы:** сол жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары қарай жүргізіп, жоғары сызыққа жеткенде төмен қарай дөңестеу сызық сызып, төменгі сызықта солға дөңгелете иіп, сызықтан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі жалғас сызықты түзу көлбеу жазамын. Қолды екінші рет үзіп, жұмыс жолының жоғарғы сызығынан сәл төмендеу бастаймын, солға жоғары дөңгелете иіп, төмен қарай дөңестеу сызық сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға дөңгелете иемін де, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


## П әрпі



**Аталуы:** Аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.




**Аталуы:** аяғы оңғаға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық.




**Атауы:** Жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей солға қарай дөңгелете иіп, жоғары сызып жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, көмекші жолдың ортасынан, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды екінші рет үзіп солдан оңға иіп алып жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық сызамын.

### п әрпі




**аталуы:** түзу көлбеу сызық.




**аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу.

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде қолды үзбей екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу жүргіземін, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### Б әрпі



**Аталуы:** оңға дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу.




**аталуы:** оң жақ жарты сопақша



**Атауы:** Жұмыс жолына горизонталь бағытта келетін түзу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Кең жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен көлбеу сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей, оңға дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жекенде сопақша жасап алып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.




**Аталуы:** толық сопақша.




**аталуы:** - жоғары жағы жұмыс сызығына горизонталь бағытта келетін үлкен көлбеу сызық.

**Жазылуы:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, солдан оңға, оңнан солға дөңестігін байқап алып, толық дөңгелектеп, қолды үзбей жұмыс жолының төменгі сызығынан жоғары оңға қарай үлкен көлбеу сызық сызып, кең жолдың ортасында оңға қарай жұмыс сызығына горизонталь етіп сызамын.

### Х әрпі



**Аталуы:** Үлкен сол жақ жарты сопақша



**Аталуы:** Үлкен оң жақ жарты сопақша


**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, оңға жоғары қарай сызып, кең жолдың ортасынан төмен қарай дөңес сызық сызамын да, төменгі сызыққа жеткенде солға дөңгелете иіп, жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп көмекші жолдың ортасынан солға қарай дөңгелете иіп, төмен қарай дөңес сызық сызып, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элементер арқылы қысқаша түсіндіру:** Көмекші жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, үлкен оң жақ жарты сопақша жазамын. Қолды бір рет үзіп үлкен сол жақ жарты сопақша жазамын. Жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### х әрпі



**аталуы:** оң жақ жарты сопақша




**аталуы:** сол жақ жарты сопақша


**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары қарай жүргізіп, жоғары сызыққа жеткенде төмен қарай дөңестеу сызық сызып, төменгі сызықта солға дөңгелете иіп, сызықтан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп жұмыс жолының жоғарғы сызығынан сәл төмендеу бастаймын, солға жоғары дөңгелете иіп, төмен қарай дөңестеу сызық сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға дөңгелете иемін де, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элементер арқылы қысқаша түсіндіру:** Жұмыс жолының жоғары сызығынан сәл төмен бастаймын, кіші оң жақ жарты сопақша жазамын. Қолды бір рет үзіп кіші сол жақ жарты сопақша жазамын. Жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### h әрпі




**аталуы:** үлкен түзу көлбеу сызық




**Аталуы:** екі жағы дөңгелене иілген түзу көлбеу.

**Түсіндіру әдісі:** көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде қолды үзбей екі жағы жағы дөңгелене иілген кіші көлбеу сызамын, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### Я әрпі



**Аталуы:** үлкен өте көлбеу сызық



**Аталуы:** толық сопақша.



**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын, оңға дөңгелете иіп, жоғары қарай үлкен өте көлбеу сызық сызып, кең жолдың ортасына жеткенде жарты сопақша жазамын, қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.


### я әрпі



**Аталуы:** кішкене өте көлбеу




**Аталуы:** толық сопақша.



**Аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген кіші түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары бастаймын да, жоғары оңға қарай өте көлбеу сызық сызып, жоғары сызыққа жеткенде жарты сопақша жазамын, қолды үзбей төмен қарай кіші көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ф әрпі



**Аталуы:** Аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

 аталуы: оң жақ жарты сопақша


 аталуы: сол жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай аяғы солға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін. Қолды бір рет үзіп сол жақ жарты сопақша жазамын. Қолды екінші рет үзіп оң жақ жарты сопақша жазамын.

### ф әрпі

 аталуы: оң жақ жарты сопақша

 аталуы: сол жақ жарты сопақша



аталуы: үлкен түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін. Қолды бір рет үзіп сол жақ жарты сопақша жазамын. Қолды екінші рет үзіп оң жақ жарты сопақша жазамын.

### Ю әрпі

 аталуы: Үлкен жоғарғы ілмек

 аталуы: үлкен толық сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, ілмек жасап алып, жоғарыдан төмен қарай үлкен түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде солға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін. Қолды бір рет үзіп жоғарыдан төмен қарай үлкен толық сопақша жазамын.

### ю әрпі

 аталуы: түзу көлбеу сызық


 аталуы: ортаңғы тұзақша

 аталуы: толық сопақша.



**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін, қолды бір рет үзіп, ортаңғы тұзақшаны жазамын. Қолды бір рет үзіп, кіші толық сопақша сызамын.


### Ё әрпі



**Аталуы:** Үлкен сол жақ жарты сопақша

**Түсіндіру әдістері:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, солға қарай дөңгелете иіп, дөңес сызық сызып, жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай сол жақ жарты сопақша жазамын, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі нүкте қоямын.


### ё әрпі




**аталуы:** сол жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, солға жоғары дөңгелете иіп, төмен қарай дөңестеу сызық сызып, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткенде оңға дөңгелете иемін де, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп екі нүкте қоямын.

### В әрпі




**Атауы:** Үлкен төменгі ілмек




**аталуы:** оң жақ жарты сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей солға қарай дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін де төмен қарай дөңестеу сызық сызып, жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастап кіші оң жақ жарты сопақша жазамын, жұмыс жолының ортасында иіп аяқтаймын.

### в әрпі




**Аталуы:**  
жоғарғы ілмек



**Аталуы:** кіші толық сопақша.

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, жоғары оңға өте көлбеу сызып, кең жолдың ортасына келгенде солға қарай дөңгелете иемін де, кіші толық сопақша жазамын.

### Э әрпі



**Аталуы:** Үлкен оң жақ жарты сопақша  
- Ортаңғы сызықша

**Түсіндіру әдісі:** Кең жолдың ортасынан сәл төмен бастаймын, оңға жоғары қарай сызып, кең жолдың ортасынан төмен қарай дөңес сызық сызамын да, төменгі сызыққа жеткенде солға дөңгелете иіп, жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, сызықша жазамын.


### э әрпі




**аталуы:** оң жақ жарты сопақша  
- Ортаңғы сызықша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары қарай жүргізіп, жоғары сызыққа жеткенде төмен қарай дөңестеу сызық сызып, төменгі сызықта солға дөңгелете иіп, сызықтан сәл жоғары аяқтаймын. Қолды бір рет үзіп, сызықша жазамын.

### Ц әрпі



**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық




**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық



**Аталуы:** төменгі тұзақша


**Түсіндіру әдісі:** Кең жолда оңға қарай жоғары сызып, төмен дөңгелете иемін де, көмекші жолдың ортасына жеткіземін, қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолының төменгі сызығында оңға қарай дөңгелете иіп, төменгі тұзақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### ц әрпі



**аталуы:** жалғас сызық қосылған түзу көлбеу.





 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

 **Аталуы:** төменгі тұзақша

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жеткіземінде, қолды үзбей төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, төменгі тұзақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Щ әрпі


 **Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық


 **Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңгелене иілген үлкен түзу көлбеу сызық

 **Аталуы:** төменгі тұзақша

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолда оңға жоғары ілмек жасап алып, төмен дөңгелете иемін де, жұмыс жолының төменгі сызығына жеткіземін, қолды үзбей төменнен жоғары қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, көмекші жолдың ортасынан төмен қарай тағы көлбеу жүргізіп, төменгі тұзақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### щ әрпі

 **аталуы:** жалғас сызық қосылған түзу көлбеу.

 **аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

 **Аталуы:** төменгі тұзақша

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, жұмыс жолынан төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп, жоғары сызыққа жеткіземін, қолды үзбей төмен қарай екі рет түзу көлбеу сызық жүргізіп, өменгі тұзақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### Ч әрпі

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Аталуы:** Басы дөңелене иілген үлкен жалғас сызық.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Аталуы:** аяғы оңға қарай дөңелене иілген үлкен түзу көлбеу

**Түсіндіру әдісі:** Көмекші жолдың ортасынан бастаймын, жоғарыдан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының жоғары сызығында оңға жоғары дөңгелете иіп, көмекші жолдың ортасына жеткіземін, қолды үзбей, төмен қарай қарай түзу көлбеу сызық жүргіземін де, жұмыс жолының төменгі сызығына сәл жеткізбей оңға қарай дөңгелете иіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### ч әрпі

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**аталуы:** екі жағы дөңелене иілген түзу көлбеу.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңелене иілген түзу көлбеу

**Түсіндірілуі:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, оңға жоғары иіп алып, төмен қарай кіші көлбеу сызамын, төменгі сызыққа жеткенде оңға қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын. Қолды үзбей жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элементтер арқылы түсіндіру:** Жұмыс жолының ортасынан бастаймын, екі жағы дөңелене иілген түзу көлбеу сызық жүргіземін, қолды үзбей төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу жүргізіп, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

### ь белгісі

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Аталуы:** толық сопақша

**Түсіндіру әдісі:** Жұмыс жолының жоғары сызығынан бастаймын, төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жарты сопақша жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

## ь белгісі



**Аталуы:** жоғарғы тұзақша.

**аталуы:** төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық

**Түсіндіру жолы:** Жұмыс жолының жоғары сызығында жоғарғы тұзақша жазып төмен қарай түзу көлбеу сызық жүргізіп, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға жоғары қарай дөңгелете иіп жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**Элементтер арқылы түсіндіру:** Жұмыс жолының жоғары сызығында бастаймын, жоғарғы тұзақша және төменгі жағы оңға қарай дөңгелене иілген түзу көлбеу сызық жазып, жұмыс жолының ортасында аяқтаймын.

**ҚОСЫМША 3**

**Пән сабақтарында қолданылатын ауыз әдебиетінің үлгілері**

**1-тапсырма.** Берілген жаңылтпаштарды жаттап, 5-8 минут ішінде қайталап айтып беріңіздер. Неше жаңылтпашты жаттағаныңызды есепке алып жүріңіздер.

Бөспе көже ішті.  
Бөспе кеспе көже ішті.  
Бөспе кеште кеспе көже ішті,  
Кеспе көжені өзі ішті.  
\*\*\*

Айдын көлде саңқылдап,  
Аққу жүзді таранып.  
Ауық-ауық жақындап,  
Анадайдан қарадық.  
\*\*\*

Ата мен әже, ана да,  
Алма мен алмұрт тереді,  
Ауырға Арман бала да,  
Арбамен тасып береді.  
\*\*\*

Әнуэр - өнер түлегі,  
Әдемі етіп тігеді.  
\*\*\*

Әділ әбігер неге әбігер?  
Әмір мен әділдің әбігеріндей  
Әркімнің әбігерлігі бар.  
\*\*\*

Бас мақала,  
Баспаханада,  
Баспаханада,  
Бас, мақала.  
\*\*\*

Гүл-гүл жайнап, жер аспан.  
Гүрілдейді сайда өзен,  
Гүлжазира жарасқан  
Гүлдерімен – қай кезең?  
\*\*\*

Кім сызғышсыз?  
Біз сызғышсызбыз.  
Сызғышсыздарға  
Сызғышсыз сызғыш.  
\*\*\*

Баланың жаман баға алмағаны,  
Мұғалім ағаның жаман болмағаны.  
\*\*\*

Қоғанбай қомағай ма?  
Жоқ, ағай  
Қоғанбай қомағай емес,  
Зор ағай.  
\*\*\*

Дәуреннің  
Дутары бар.  
Дағарадай,  
Далада Дана да доп ойнап жүр,  
Далада Сана да доп ойнап жүр.  
\*\*\*

Досым маған еліктеп,  
Домбырамен ән салды,  
Дән риза болып көп,  
Дуылдады, тамсанды.  
\*\*\*

Ескермес те, Естемес те,  
Есіл сөздерді ескермес пе?  
\*\*\*

Есім есі кетіп есінеп отыр екен.  
Ол несіне.  
Есі кетіп есінеп отыр екен.  
\*\*\*

Жағажайды жағалай,  
Жүгіреді Қамажай.

**2-тапсырма.** Жұмбақтарды әліппе кезеңінде қалай қолдануға болатынын ойластырыңыздар. Жаттап алыңыздар.

#### Жұмбақтар

1. Ызақор бұғып жатыр,  
Сақалы шығып жатыр. (жуа)
2. Қалың киім ұнатады  
Шешіндірсең жылатады. (жуа)
3. Бұл не деген көп киім,  
Жетпіс қабат көп киім.  
Жаңбыр одан өтпейді, қабат-қабат тоны бар,  
Түймелеуге жетпейді. (орамжапырақ)
4. Үстіне тігіп көк шатыр,  
Астында қызыл дәу жатыр. (қызылша)
5. Сырты жасыл қатты  
Іші қызыл тәтті. (қарбыз)
6. Жерде жатып желіндейді,  
Күз түскенше желінбейді. (қауын)

7. Көк лағым көгенде жатып семіреді. (қарбыз)
8. Жасыл ала дөңгелек,  
Бақшада жатыр дөңгелеп. (қарбыз)
9. Әр желінің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп  
қоям. (қияр)
10. Бұтағында азығы  
Ортасында қазығы. (алма)
11. Ақ құман жүр жүзіп. Су бетін сүзіп. (аққу)
12. Бес қаруы белінде  
Самғап жүреді көгімде. (бүркіт)
13. Талдың басында, жемі бар қасында,  
Там тұр саялы, достары аялы. (құс ұясы)
14. Ағайынды бәрі:  
Шықса-көк,  
Түссе-сары. (жапырақтар)
15. Шәкіртке жанашыр,  
Мейірман кім, жаны асыл. (ұстаз)
16. Қабат-қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (кітап)
17. Жіп-жіңішке денесі,  
Ортасында шегесі. (қарындаш)
18. Жазу жазып жалықпаған,  
Жаза-жаза арықтаған. (бор)
19. Білімнен мол сиясы,  
Балғындардың ұясы. (мектеп)
20. Қиналып көтеріп,  
Өзінен ауырды.  
Жорғалап кетеді,  
Жүкшідей кәдімгі. (құмырсқа)
21. Бейбітшілік құсы деп,  
Атайды оны барша жұрт. (көгершін)
22. Қыста киімін тастайды,  
Көктемде киіне бастайды. (ағаш)
23. Ұшады қанатсыз,  
Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)
24. Беттескен қос табақ,  
Ортасында бас тамақ.  
Киізбен шоққа ораса,  
Дәм піседі тамаша. (таба нан)

**3-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді тақырыптық ерекшелігіне орай пайдаланып, диалог құрастырыңыздар. Адамгершілік, достық, ұлтжандылық тақырыптарында мақал-мәтел жазып келіңіздер.

1. Еңбек ерлікке жеткізер

Ерлік елдікке жеткізер.  
2. Еңбек ширатады  
Өмір үйретеді.  
3. Жер – өмірдің бесігі.  
Еңбек – ердің несібі.  
4. Кедейлік кетсін десең, еңбек ет.  
Молшылық жетсін десең, еңбек ет.  
5. Жақсы болар жігіттің  
Жұмыссыз жүрер күні жоқ.  
Жаман болар жігіттің  
Еш жұмысқа қыры жоқ.  
6. Ерінбей еңбек етсең,  
Ерінің асқа тиеді.  
Ерініп ілбіп кетсең,  
Иегің тасқа тиеді.  
7. Есті бір өледі.  
Еріншек мың өледі.  
8. Берекесіз бейбақтар  
Терлеп еңбек етпейді.  
Терлеп еңбек етпеген  
Тілегіне жетпейді.

Санамақтарды жаттаңыздар. Өліппе кезеңінде оқушыларға жаттатуға болатын санамақтарды тақырыптық ерекшелігіне орай пайдалану әдістерін түсіндіріңіздер.

– 1.Бас бармағым – әкем,  
Балалы үйрек – анам,  
Орған терек – ағам,  
Шылдыр шүмек – мен,  
Кішкене бөбек – сен.  
Бір үйде біз нешеуміз?  
Бір үйде біз бесеуміз.

2. Жеті ұл  
Сәл демалып, тынып ал.  
Тақпақ тыңдап, ұғып ал.  
Апта деген ағайдың  
Жеті бірдей ұлы бар:  
Біріншісі – Дүйсенбі,  
Екіншісі – Сейсенбі,  
Үшіншісі – Сәрсенбі,  
Төртіншісі – Бейсенбі,  
Жұма деген – Бесінші ұл,  
Алтыншы ұл - Сенбі,

Жетіншісі – Жексенбі.

3.

-Адамда қанша бауыр бар?

Біреу.

Қанша өкпе бар?

Екеу.

Бір тоқсанда неше ай бар?

Үшеу.

Есеп шығаратын амал қанша?

Төртеу.

Күнде оқылатын намаз қанша?

Бесеу.

Әлемде қанша құрлық бар?

Алтау.

Бір аптада неше күн бар?

Жетеу.

Малда қанша жілік бар?

Сегіз.

Домбыраның пернесі қанша?

Тоғыз.

Цифрлар қанша болды?

Он.

Міне өстіп жаңалап

Айтып шықтық санамақ.

4. Басталады саусағым бас бармақтан, бірінші,  
Балаң үйрек болады, санағанда екінші,  
Орған терек биігі тұрып қапты, үшінші,  
Шылдыр шүмек келеді кезегім деп төртінші.  
Кішкентай бөбек таласпай, болған екен бесінші.

5. Бір – дегенім бірлік,  
Бірге ойнап күлдік,  
Бір үйдегі көп бала,  
Бір көлікке міндік.  
Екі – дегенім елім,  
Ата-мекен жерім.  
Ол – өзен, көл, кең дала,  
Ол – тауларым менің  
Үш – дегенім үй,  
Үйсіз оңбас күй.  
Үй - туған ел бөлшегі,  
Соны еске түй.  
Төрт атақты төрт түлік,



Төрт түлікте тоқшылық.  
Жылқы, сиыр, қой, ешкі  
Өсір бәрін көп қылып  
Бес – қолыңда бес саусақ  
Іске даяр тұр самсап.  
Тас қамалды бұзамыз,  
Жұдырықтай бір болсақ.  
Алты – асау арғымақ,

Мінсең шабар арқырап.  
Қиялдайды сондайды,  
Бәйге сүйгіш әркім – ақ.  
Жеті – туған жеріміз,  
Біз – туған жер төліміз.  
Жиі барсақ ауылға,  
Тола түсер кеміміз.  
Сегіз – дегенің салтанат,  
Ел жиналар анталап.  
Тәуелсіздік тойы бар,  
Сайыс құрар бар талант.  
Тоғыз – торғын тоғайың,  
Бауыр, туыс, ағайын.  
Ұстаздарын достарың,  
Шаттық толы маңайың.  
Он – Отаның ардақты,  
Ол – қорғаның салмақты.  
Сені ақылды болар деп,  
Бар тілегін арнапты.  
6. Бір дегенім – баспақ  
Бұзауды жүр бастап.  
Екі дегенім ешкі  
Ешкі қойдан есті  
Үш дегенім – үйрек  
Жем бер, қолға үйрет.  
Төрт дегенім – тайлақ  
Тайлақты қой байлап.  
Бес дегенім – бие  
Құлынына ие  
Алтын дегенім – атан  
Мініп жүрген атам.  
Сиыр тұзға үйір.  
Жеті дегенім – жорға  
Жорғаны мін жолға  
Сегіз дегенім – сиыр  
Сиыр тұзға үйір.

Тоғыз дегенім – тоқты  
Тоқты жемді соқты.  
Он дегенім осы  
Төрт түліктің досы.  
7. Бір дегенім билік, барлық іске килік.  
Екі дегенім – ерік, қойма еркінді беріп.  
Үш дегенім – үміт, шақырады күліп,  
Төрт дегенім – талап, босқа жатпа қарап.  
Бес дегенім – бірлік, бірліксіз жоқ тірлік.  
Алты дегенім – арман, шығатұғын алдан.  
Жеті дегенім – жігер, жеңгенінді тілер.  
Сегіз дегенім – сенім, сенген табар елін.  
Тоғыз дегенім – талғам, оқуменен алған.  
Он дегенім – өзім, бәрін білер кезім.  
8. Бір ме бір -  
Тәртіпті жүр  
Екі ме екі –  
Беске оқуға бекі.  
Үш пе үш –  
Денеңе жина күш.  
Төрт пе төрт –  
Озат болуға берші серт.  
Бес пе бес –  
Әдепті болып өс.  
Алты ма алты -  
Тазалық жақсының салты.  
Жеті ме жеті –  
Балаларының нұрлы болсын беті.  
Сегіз бе сегіз –  
Білімің болсын ұшан – теңіз.  
Тоғыз ба тоғыз –  
Азамат бол нағыз.  
Он ба он –  
Ата – анаңды сыйлағаның жөн.  
Айтқан ақылға көн!  
9. Бір дегенім – білеу,  
Екі дегенім – егеу,  
Үш дегенім – үскі,  
Төрт дегенім - төсек,  
Бес дегенім - бесік,  
Алты дегенім - асық,  
Жеті дегенім – желке,  
Сегіз дегенім – серке,  
Тоғыз дегенім – торқа,

Он дегенім – торқа,  
Он дегенім – оймақ,  
Он бір қара жұмбақ.  
10. Бір дегенім – бала,  
Санды дұрыс сана.  
Сенің қанша атаң бар?  
Сенің қанша апаң бар?  
Екі дегенім – ешкі,  
Таудан келер кешке.  
Лағы оның қанша?  
Ізде келмей қалса.  
Үш дегенім – үйім,  
Үйде жақсы күйің.  
Бақшадан да қалма,  
Тап – таза боп киін.  
Төрт дегенім – түлік,  
Жүргін мұны біліп.  
Жылқы, сиыр, түйе, қой –  
Төрт түлігін біліп қой.  
Бес дегенім – бесік,  
Келеді сәби өсіп.  
Бабамыздан қалған,  
Бақыт және несіп.  
Алты дегенім – астық,  
Қылма досқа қастық.  
Үлкендерді сыйла,  
Бол иіліп жастық.  
Жеті дегенім – жеңіс,  
Жемісіңді жегіз.  
Спорт пенен Жеңіс,  
Әрқашанда егіз.  
Сегіз дегенім – сенім,  
Қорғайтының – жерің.  
Отаныңды сүйсен,  
Мақтан етер елің.  
Тоғыз дегенім – таңдау,  
Ата жолын жалғау,  
Ақылды боп өсіп,  
Биіктерге самғау.  
Он дегенім – Отан.  
Есейгенде ертең,  
Сыйлап жүрер ортаң.  
11. Бір  
Бір дегенім – Білім,

Төрт пен беске ілін.  
Алып жүргін, балам,  
Мұғалімнің тілін.  
Екі.  
Екі дегенім – Еңбек,  
Еңбек етсең өнбек.  
Жалқау болсаң, балам,  
Бар қиындық төнбек.  
Үш  
Үш дегенім – Үміт,  
Жайдары жүр күліп,  
Қиқар болсаң, балам,  
Дейді апаң жүлік.  
Төрт  
Төрт дегенім – Төзім,  
Сабырлы бол өзің.  
Ұшқалақ болсаң, балам,  
Мәнсіз болар сөзің.  
Бес  
Бес дегенім – Берік,  
Жақсылық болсын серік.  
Жалқау достың, балам,  
Соңынан кетпе еріп.  
Алты  
Алты дегенім – Ақыл,  
Болғын ойлы, тапқыр.  
Атаң айтса, балам,  
Құп алғаның мақұл.  
Жеті  
Жеті дегенім – Жеңіс,  
Жолым болсын деңіз.  
Спортшы боп, балам,  
Жемісіңді жегіз.  
Сегіз  
Сегіз дегенім – Сабыр,  
Кітапханадан табыл.  
Көп оқысаң, балам,  
Арманың болар қабыл.  
Тоғыз  
Тоғыз дегенім – Тоқтам,  
Қайратты бол, шоқтан,  
Сақ болғайсың, балам,  
Тілсіз жауың – оттан.  
Он

Он дегенім – Оқу,  
Қажет емес қорқу.  
Білгеніңді, балам,  
Көңіліңе тоқу.

\*\*\*

Бір дегенім – бесік,  
Шықтық содан өсіп.  
Екі деген – елім,  
Далам, тауым, көгім.  
Үш дегенім – үміт,  
Үміт артар жігіт.  
Төрт дегенім – төзім,  
Төзе білем өзім.  
Бес дегенім – бақыт,  
Бағалайтын уақыт.  
Алты деген – ақыл,  
Тындағаның мақұл.  
Жеті деген – жалау.  
Жүректегі алау.  
Сегіз деген – сөзің,  
Серт беретін кезің.  
Тоғыз деген – тоқтау,  
Елдің жоғын жоқтау.  
Он дегенім – Отан,  
Қорға соны, ботам!

12. Бір дегенім – бидай,  
Ас атасы дейді – ай.  
Екі деген – емен,  
Сондай қатты екен.  
Үш дегенім – үйеңкі,  
Жанға жайлы көлеңке.  
Төрт дегенім – тарақ,  
Шашыңды жүрсін тарап.  
Бес дегенім – бұта,  
Шығады ол жылда.  
Алты деген – алма,  
Жақсы көрер бала.  
Жеті деген- жидек.  
Бұтағы оның тікенек.  
Сегіз деген – сәбіз,  
Тәтті одан қарбыз.  
Тоғыз деген – тоғай,  
Бүлдірген теру оңай.

Он дегенім – орман,  
Іші оның қорған.

**Өтірік өлеңдер**  
Тазшаның өтірік өлеңдері

1. Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,  
Қой қылып құмырсқаны жаздай бақтым.  
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,  
Адыр-адыр қойтастан түлкі қақтым.

2. Мен өзім жас күнімде тырна бақтым,  
Тырнамды семірсін деп қырға бақтым,  
Байлықтың бас-аяғын түгендеуге  
Іледе итке мініп үш жыл ақтым.

3. Мен өзім жас күнімде қарға бақтым,  
Қарғаны семірсін деп жарға бақтым.  
Мешін жылы ақ сүйек үлкен жұт боп  
Арығына қарғаның жабу жаптым.

4. Қарға жеріп ішпеді суын қақтың,  
Қашықтық қылды суы Белбұлақтың.  
Ақөзектен инемен құдық қазып,  
Күнде үш уақ қарғамды суға жаптым.

5. Шымшықтың шылым қылдым қу басынан,  
Шылбыр естім бозторғай шудасынан.  
Көбелектің қанатын көпір қылып,  
Теңіздің өте шықтым турасынан.

6. Көбелек тумай жатып ойын көрдім,  
Балықтың соймай жатып миын көрдім.  
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,  
Астыма тышқан мініп, түйе өңгердім.

7. Келемін өзен бойлап, масаны айдап,  
Үркіттім инелікті аңдағайлап.  
Болғанда құрман айты қыз қуамын,  
Асауын көбелектің жіпке байлап.

Айттым да өтірік өлең желдей естім,  
Ұстап ап қос құланның мұрнын тестім.  
Болса да өзгем өтірік, осыным шын.  
Жүк артып бес қоңызға түнде көштім.

8. Айттым да өтірік өлең желдеп кеттім,  
Соныман көбелекке кел деп кеттім.  
Асауын бөгелектің ұстап мініп,  
Астыма бес қап бидай теңдеп кеттім.  
Бөгелек ертең ерте пысқырып жүр,  
Тақымға тамам тауды қыстырып жүр.  
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,  
Мойнында бөгелектің бес құрық жүр.

9. Үлкені бұл дүниенің маса батыр,  
Маса батыр бір тауды қашап жатыр.  
Бір масаның семізін сонда көрдік,  
Алпыс екі табаққа жасап жатыр.

10. Ауыры бұл дүниенің үрген қарын,  
Жалғыз өзім көтердім соның бәрін.  
Терлеп-тепшіп көтеріп қойғанымда,  
Көтере алмай жығылды атандарым.

11. Жыланды жолда жатқан таяқ қылдым,  
Сүйегін тасбақаның аяқ қылдым.  
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,  
Қоспастан үйіріне саяқ қылдым.

12. Айттым да өтірік өлең жұртқа жақтым,  
Қайырып көбелекті көлде бақтым.  
Инелік пен масаны құда қылып,  
Үстіне инеліктің шекпен жаптым.

13. Айыл қылдым жыланның жонын илеп,  
Көбелекке жүр екен сона күйлеп.  
Сол сонаның айғырын іздеп жүрсем,  
Бір тоғайда жүр екен түйе сүйреп.

14. Инелікке міндім де сона қудым,  
Үш күн түнеп сонаны қона қудым.  
Енді жеттік дегенде белі үзіліп,  
Енді инелік мінбеске тоба қылдым.

15. Төскі тартпам жыланның үйегінен,  
Тіс шұқуышым шіркейдің сүйегінен.  
Аламандай араны алты ай қуып,  
Жаңа қайтып келемін түнеугіден.

16.Көр тышқанның тісінен балта еткенмін,  
Бас терісін басқаша қалта еткенмін.  
Көбелектің қанатын көпір қылып,  
Адам өтпес дариядан алты өткенмін.

17.Келеді мына жақтан топты маса,  
Біреуінің тұмсығы темір аса.  
Жегенге ептеп-септеп тамақ жұқпас,  
Ет шықты елу табақ бір томаша.

18.Жібердім бес сауысан Ұржарға,  
Жануар бірі жүйрік, бірі жорға.  
Өзгем өтірік болса да, осыным шын,  
Жүк қылдым кекілікті бес жүз нарға.

19.Бөденемен қайырдым бөлтірікті,  
Басына қарағайдың көл тұныпты.  
Өзгем өтірік болсам да, осыным шын,  
Бір шалды шіркей теуіп өлтіріпті.

20.Жоғарыдан келемін құлан атып,  
Шолақ құлақ тышқанды бұландатып.  
Үйірімен әкелген құланына  
Ауыл-аймақ барлығы қалды батып.

21.Арамен Алтауды алты шаптым,  
Көр тышқанның жонына айыл тақтым.  
Күзгі қарда тышқанды жемдеп мініп,  
Жеті өзеннің бойынан түлкі аттым.

22.Айттым да өтірік өлең қызық қылдым,  
Алты құлаш жыланнан шұжық қылдым.  
Шаңыраққа қақита іліп тастап,  
Қыздың көзін шұжыққа қызықтырдым.

23.Маса қызын беріпті көбелекке,  
Күйеу жолдас болыпты бөгелек те.  
Шаранадан қарық қып жыртыс жыртып,  
Той қылып, ат шаптырды төңірекке.

24.Маса қызын беріпті көбелекке,  
Қара шыбын жүріпті жеңгелікке.  
Сол тойға тоғыз торғай алып сойып,



Ақ киізін артыпты инелікке.

25. Төмен жақтан келемін жоғары өрлей,  
Төрт қап өлең теңдедім аузын түйрей.  
Төрт қабының бірінің аузын ашсам,  
Анау-мынау қашады тонын сүйрей.

26. Шымшықтың шылым қылдым қу басынан,  
Торғайдың шідер естім шудасынан.  
Бір өзіме қарайтын мың торғай бар,  
Ешкім менің бай емес бір басынан.

27. Алтыннан ақ қоянға қақтым таға,  
Бір тышқаннан үш тонға піштім жаға.  
Суыққа киіп алсам күйдіреді,  
Кешке оранып жатады бала-шаға.

28. Айттым да өтірік өлең айла қылдым,  
Кесіп ап бетегені найза қылдым.  
Торғайды үш қонаққа сойып беріп,  
Жарты етін алып қалып пайда қылдым.

29. Дүниеде болады екен тышқан мықты,  
Жабылып он бес жігіт зорға жықты.  
Соғымға сойған едім, семізін-ай,  
Бүйрек майдан басқасы бес қап шықты.

30. Артқаным бір қоянға бес қап тұзды,  
Басады қатар-қатар жылтыр мұзды.  
Екі күни жүрсем-дағы ішін тартпай,  
Қампиып қардың бетін қарны сызды.

31. Масаның кішкенесі батыр екен,  
Сона деген қан сорғыш бақыр екен.  
Үйіне сол сонаның жетіп барсам,  
Ас беріп әкесіне жатыр екен.

32. Көнектей көбелектің жұмыртқасы,  
Ерімнің жауқияқтан шап тартпасы.  
Бір қызын инеліктің алып қашып,  
Бітпей жүр баяғыдан барымтасы.

33. Міндім да қара тышқан Мекке кеттім,  
Жеткізбей қуған елге жеке жеттім.

Тышқаным сөйтіп жүріп жауыр болып,  
Екі үзік, бір туырлық желқом еттім.

34. Айдадым бес сауысқан Петерборға,  
Жануар өзі жүйрік, өзі жорға.  
Өзгем өтірік болса да, осыным шын;  
Келемін кекілік артып бес жүз нарға.

**1-тапсырма.** Қалаған шумақтарды жаттап алыңыздар.

**2-тапсырма.** Өтірік өлең туралы бастауыш сынып оқушыларына мәлімет не үшін беріледі?

### Жарапазан

Үйің, үйің, үй екен,  
Үйдің көркі ши екен.  
Саба көркі бие екен,  
Сандық көркі түйе екен.

Сиырлары жусаған,  
Түйесі күйсеп сусаған.  
Қоралап қойын айдатқан,  
Желілеп бие байлатқан,  
Босағасын борлатқан,  
Маңдайшасын сырлатқан,  
Патефонын сайратқан,  
Ұл, қыздарын ойнатқан,  
Самаурынын қайнатқан,  
Шыны-аяғын жайнатқан  
Ырыс кірген шаңырақтан  
Қозы, лағын жамыратқан  
Билер мақтап хан ұнатқан,  
Ақордадай көрінген,  
Бір көрсең кетпес көңілден  
Түндігінен таңданып,  
Күндіз күн, түнде ай үңілген  
Салтанатты құт мекен  
Қайсы байдың үйі екен?

Ассалаумағаләйкүм, дәуіт қалам,  
Байларға осы үйдегі бердік сәлем.  
Байларға осы үйдегі берсек сәлем  
Жеткізсің сәлемімді Алла тағалам.

Бай Мұхаммет үмбетіне жарапазан,  
Қабыл болсын оразаң ұстаған жан.

Айтайық жарапазан енді сізге,  
Пітірің оразаның берсең бізге.  
Пітірің оразаның берсең бізге  
Қойыңыз жүзге жетер келер күзде.

Айтайық жарапазан ауылыңа,  
Байлапсың алпыс бие сауыныңа.  
Кәдесін жарапазан молдап берсең  
Пейіштің қосыласын қауымына.

Айтайық жарапазан еліңізге  
Байлай бер мәуіті орамал белімізге.  
Өзгеден жомарттығың аса түссе  
Қайтамыз мақтай-мақтай жерімізге.

Айтайық жарапазан есігіңе,  
Ұл берсін ер Ғалидай бесігіңе.  
Ұл берсе ер Ғалидай бесігіңе  
Туады өзі батыр несібіңе.

Айтайық жарапазан есігіңе,  
Қыз берсін ханшайымдай бесігіңе.  
Қыз берсе ханшайымдай бесігіңе  
Туады өзі сұлу несібіңе.

Бай Мұхаммет үмбетіне жарапазан,  
Қабыл болсын оразаң ұстаған жан.

Адыр-адыр таулардан  
Айғыр мініп біз келдік.  
Ауыздығы бой бермей  
Сіздің үйге кез келдік.

Бұжыр-бұжыр таулардан  
Бура мініп біз келдік.  
Бұйдасымен алысып  
Сіздің үйге кез келдік.

Сыйың болса алып шық,  
Тегенеге салып шық!

Айтамыз арапазан жапсарына,  
Бақ берсін құт-береке бастарына.  
Байлардан бір шарапат тиер бізге  
Түсінсе сөзіміздің астарына.

Айтамыз жарапазан шиіңізге  
Шығыңыз тоныңызды киіңіз де.  
Қой берсең қозысымен көпсінбейміз,  
Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге.

Айтамыз жарапазан мақтап қана,  
Жеңешем осы үйдегі аппақ қана.  
Жеңешем осы үйдегі аппақ болса  
Мол сыйлық алып шығар баптап қана.

Қасына ақ орданның шатыр қонсын,  
Жиылып ұл мен қызың батыр болсын.  
Алғанда жау жағадан, бөрі етекпен  
Қызың жүз, ұлың мыңға татыр болсын.

Ақ үйің айға қарап орда болсын,  
Мінгені балалардың жорға болсын.  
Тұс-тұстан жорғалатып келген кезде,  
Шаттыққа байекеңнің көңлі толсын.  
Үстімдегі ай еді  
Батайын деп барады.  
Астымдағы тай еді,  
Жатайын деп барады.

Қасымдағы бала еді  
Қалғиын деп барады.  
Сыйың болса алып шық,  
Қоржыңына салып шық.

Осы үйдің арт жағында құрық жатыр,  
Жеңешем құрық бойлы тұрып жатыр.  
Болар деп ат мінгізіп шапан жапсақ  
Мәслихат мырзасымен құрып жатыр.

Осы үйдің арт жағында тайдың ізі,  
Құлынды бие бермек байдың қызы.  
Қоса алса жеңгемізбен қыздың тілін  
Шын жомарт болар еді байдың өзі.

Айтамыз жарапазан жәйіменен,  
Ораза, рамазан айыменен.  
Бола ма жеңешеден дәметпесек  
Ала шық құрт, ірімшік майыменен.

Арнаған өлеңіміз осы әніміз,  
Үмітпен енді үй ішін тосалы біз.  
Айттық өз ойындар деп ойымызды,  
Бар болса қарсы емеспіз қосарыңыз.

### **Жарапазан батасы**

Балаларының мінгені  
Жорға, жорға тай болсын,  
Жорғалатып келгенде  
Байдың көңлі жай болсын.  
Ауылыңның қонғаны  
Жылға- жылға сай болсын  
Ай жағыңа қарасаң  
Алтыннан терек орнасын.  
Күн жағыңа қарасаң  
Күмістен терек орнасын.  
Үйге келген қонағың  
Атын оған байласын.  
Аты жатып аунасын.  
Өзі жатып қунасын.  
Бала-шағаң, немерең  
Басына шығып ойнасын.  
Ақ ордадай үйіңе  
Жаңбыр жауса өтпесін.  
Оқ бөкендей қойыңа  
Қасқыр шапса жетпесін.  
Құдай берген несібең  
Қуаласаң кетпесін.  
Жұртта қалған жұрнағың  
Қунап келіп тай болсын.  
Тыста қалған тулағың  
Тулап келіп тай болсын.  
Төрт құбылаң сай болсын  
Асағаның май болсын.  
Қыдыр дарып, бақ қонсын  
Аллау әкпәр!

**Ертегілер  
Зеректік**

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып:

- Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? – деп сұрайды.

Жолаушының біреуі:

- Түйенің оң көзі соқыр ма еді? – дейді.

Жоқшы:

- Ие, - деп басын изеді. Екінші жолаушы:

- Түйенің сол жақ артқы аяғы ақсақ па еді? - деп сұрайды.

- Дұрыс! Сол жақ артқы аяғының сылтыңы бар еді, - дейді.

Сонан соң үшінші жолаушы:

- Түйенің құйрығы шолақ па еді? – деп сұрайды.

Жоқшы:

- Иә, құйрығы шолақ, - деп асығып жауап береді де: - ол түйені қайдан көрдіңдер? – деп сұрай бастайды.

Жолаушылар:

- Көргеніміз жоқ, - дейді.

- Көрмесеніздер, түйемнің белгісін қайдан білесіңдер? Түйемді сендер ұрладыңдар! – деп жоқшы жабыса кетеді.

Жолаушылар:

- Ау, жаным, денің сау ма? Түйені ұрламақ түгіл, көргеніміз де жоқ, - дейді.

Жоқшы бұл жауапқа қанағаттанбайды. Төртеуі бір биге келіп жүгінеді. Би сұрастыра келе:

- Ұрламасаңдар, көрмесендер, ол түйенің бейне-белгісін, көрген кісідей анықтап, байқап қайдан білдіңдер? – дейді.

Жолаушылар:

- Біз ұры емеспіз, мал баққан, малмен көзімізді ашқан шаруалардың балаларымыз, сондықтан білдік, - деп жауап береді.

- Қалай білдіңдер? – деп, би қайта сұрайды. Жолаушылар:

- Түйенің оң көзі соқыр ма еді? – дегеніміз: түйе бара жатып, ылғи жолдың сол жағындағы шөпті жепті, оң жағындағы шөпті жемепті. Аяғының ақсағын білгеніміз: тұрған жерінде артқы сол аяғын көтеріп тұрыпты. Түйенің құйрығы шолақ екенін білгеніміз: құмалақ тастағанда, алысқа жіберіпті. Шолақ түйенің құмалағы алысқа түседі, құйрықты түйе құмалағын алысқа тастай алмайды, - депті.

### **Қасиетті құдық**

Баяғы бір заманда бір ханның жалғыз баласы болыпты, дәулеті сонша – бір өзеннен тоқсан мың жылқы суарады екен. Жылқыларын қайда суарса да, су шақ келмепті. Күндердің бір күнінде хан бір жерден екінші жерге көшіп, басқа бір құдыққа қоныс аударыпты. Әлгі құдықтан қанша жыл суарса да суы таусылмайды, мөлдіреп шығады да тұрады екен. Хан бұл құдық бір қасиетті құдық екен деп, құдыққа келген сайын бір ту бие тастап кетіп отырады екен. Бірнеше жыл өткен соң хан қатты ауырып, өлер алдында баласына айтады:

- Балам, сен осы құдыққа жыл сайын бір ту бие тастап кетіп жүр, ұмытпа. Өзі бір қасиетті құдық, - дейді. Әкесі өлген соң, бала уәзірдің баласы екеуі ақылдасып, мұның не кереметі бар екен деп ойлайды. Ханның баласы айтады:

- Сен не де болса осы құдыққа түс, осының бір кереметі бар шығар, әйтпесе, құдыққа жылына бір ту бие тастап кетеміз, неге ол сасымайды? – дейді. Сөйтіп уәзірдің баласын шыңырау құдыққа түсіреді. Бала түсіп, құдықтың түбінен бір тас көреді. Өлгі тасты аударып қараса, ар жағы жап-жарық кең бір дүние екен. Ішіне кіріп барса, үлде мен бұлдеге малынған қырық сұлу отыр, олардың ортасында бір мамық төсектің үстінде ұйықтап жатыр екен. Бала қырық қыздан мұның жөнін сұрайды. Сонда қыздардың айтқаны:

- Бұл қыз – пері патшасының қызы. Егер кімде-кім қызды өзіне жар етіп алғысы келсе, қызды тізесіне ұйқтатып, оятарлықтай үш әңгіме айтып берсе, қыз соған тиеді, - дейді. Уәзірдің баласы қызды алуға ниет қылып, оятпақшы болып, не қызық әңгіме айтса да қыз оянбапты. Сонан соң бала құдықтан шығып, ханның баласына болған уақиғаны баян етеді. Енді ханның баласы құдыққа түседі. Баяғы отауға келіп, қызды тізесіне жатқызады да әңгіме айтуға кірісіп, бірінші әңгімесін баян қылыпты:

- Баяғы заманда бір байдың үш баласы болыпты. Бай бір күні үлкен баласын шақырып алып, бір түйе жүк беріп, бір жұмыс тапсырыпты: «Осыны базарға апарып, сатып пұл қыл да, қалаған нәрсеңді ал», - дейді. Бала апарып сатып, бір айна алады. Оның қасиеті жердің жүзін көз алдыға әкеп көрсетеді екен. Екінші күні ортаншы баласын қаншама дүниемен базарға жіберіпті. Ол сатқан дүниесіне бір ғажайып кілем сатып алып келеді. Ол кілемнің қасиеті сол – үстіне отырсаң болғаны, қалаған жеріңе көзді ашып-жұмғанша ұшып барады екен. Бай енді ең кенже баласын жіберген екен. Ол барып базардан бір таяқ сатып алып әкеліпті. Сөйтсе, ол өлген адамды қолма-қол тірілтетін таяқ екен. Бір күні үшеуі жиналып отырып, айнадан қараса, бір жерде ханның өлген бір сұлу қызын қабірге қойғалы жатыр екен, үш жігіт кілемге отырып алып, сағатында ұшып барып қызды тірілтіп алады. Енді үшеуі қызға таласады. Айнасы бар жігіт:

- Егер менің айнама болмаса, өлген қызды қайдан көрер едіңдер? – дейді.

Ал кілемі бар жігіт: - Егер менің кілемім болмаса оған қалай жылдам келер едіңдер, сендер келгенше көміп қояр еді ғой, - дейді. Үшінші жігіт: - Егер менің таяғым болмаса келгенмен, көргенмен не бітірер едіңдер, қалай тірілтер едіңдер? – дейді. Ал, қыздар, осы қызды енді үшеуінің қайсысына бұйырарсыңдар? – дейді. Қырық қыз таба алмайды, жігітке өзіңіз шешіңіз дейді. Сонда жігіт: «Мен айнаға бұйырар едім» дей бергенде, ұйықтап жатқан қыз ұшып тұрып: «Жоқ, мен таяққа бұйырамын, себебі ол таяқ тірілтпесе, өлген қыз кімге керек еді», - дейді. Сүйтіп, қыз бір оянып, қайта жатып ұйқтапты.

Осыдан кейін екінші әңгімесін бастапты: - Бір жігіт бір арқа шөп арқалап келе жатып, жолдан бір ешкіге кездеседі. Жігіт ешкіні ертіп алып келе жатса, бір қасқыр әлгілерге жолдас боламын деп бірге еріп жүреді. Олар біраз жүрген соң бір дарияға келіп жетеді. Дариядан өтейін десе, қайыққа екі кісіден артық сыймайды екен. Жігіт не істерін білмейді. Ең алдымен шөпті алып шығайын

десе, қасқыр ешкіні жеп қояды. Ал ешкіні алып өтейін десе, ешкіні апарып қойғасын, қасқырлы алып шығып, шөпке кеткенде қасқыр ешкіні жеп қояды. Ал осыны дариядан қалай, қайтып өткізер едіңдер, қыздар шатасып, бірі былай десе, бірі олай дейді. Ұйықтап жатқан қыз ұшып тұрып: «Мен былай өткізер едім дейді. – Мен, ең алдымен, ешкіні алып шығар едім. Сонан соң шөпті алып шығып, одан кейін қасқырды алып келер едім, - деп қайта жатты. Енді жігіт үшінші әңгімесін баян етті: - Баяғы заманда кемпір мен шалдың бір баласы болыпты. Бір күні үшеуі бір жерде келе жатқанда бала ат басындай алтын тауып алыпты. Оны бала көтере алмаған соң, әкесі көтеріп әкеледі де, кемпіріне сақтауға беріпті. Сонан көп жылдар өтіп, бала ер жетеді, әке-шешесі қартайды. Бір күні отырып, үшеуі алтынға таласады. Сонда бала айтады: - Егер мен таппасам алтынды қайдан алар едіңдер? – дейді. Әкесі айтады:

- Егер мен көтеріп әкелмесем, қайтып әкелер едіңдер? – дейді. Шешесі айтады:  
- Егер мен сақтамасам, бұл алтын осы күнге шейін тұрар ма еді? – дейді. – Ал, шешіңдер, алтынды осының қайсысына берер едіңдер? – дейді бала. Қырық қыз шеше алмайды. Сонда ұйықтап жатқан қыз оянып: «Мен алтынды сақтаған шешесіне бұйырар едім, себебі бала жас болса да өз бетімен күнін көреді. Әкесі де қайратымен күн көре алады. Ал шешесі болса әрі кәрі әрі қайраты жоқ, күнін көре алмайды», - деп қыз үшінші рет оянып, уәде бойынша ханның баласына тиеді. Сүйтіп, олар мал-малданып, жан-жанданып, мұратына жетіпті.

**1-тапсырма.** Ертегілерді шағын топта өзара мазмұндаңыздар.

**2-тапсырма.** Оқиға картасын толтырып, оңай және қиын сұрақтар құрастырыңыздар.

## ҚОСЫМША 4

### Глоссарий

**Бағалау критерийі** – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі



**Білім алушының оқу жетістігінің деңгейі** – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі

**Дескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама

**Жиынтық бағалау** – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі

**Кері байланыс** – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру

**Критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі

**Қалыптастырушы бағалау** – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі

**Модерация** – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс

**Оқу мақсаттары** – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым

**Оқытудың күтілетін нәтижелері** – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы

**Рефлексия** – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

**Рубрика** – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі

**Түрлі деңгейдегі тапсырмалар** – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар

## ҚОСЫМША 5

**М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған контекстер**

«Қазіргі қазақ тілі және әдістемесі, каллиграфия» пәнінен сабақта және сабақтан тыс уақытта білімін тиянақтау мақсатында толық тілдік талдау жасатуға арналған

### Қайтқанда

1. Абай да, Жұмабай да қызығып тыңдасты. Өзі сері, әнші, сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай да қараған еді. Абайдың көз алдына Ойке деген жеңгесі де, Байтастың былтыр жаздағы әншіл, сауықшыл жолдастары да толық елестеді. Естіген әңгімесінің бәрін еңсесімен ынтыға тыңдайтын бала, бұрын Байтаспен сырлас, әңгімелес болмаса да, жаңағының аяғы немен тынғанын білгісі кеп, қызығып келе жатты.
2. Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, баурына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымдағы салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ, баурына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше бір жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.
3. Үлкендер бала мінезіне бір күліп, бір таңданып сүйініп қалды. Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне қадалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ, көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты.
4. Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5-6 жас. Сондықтан Абай қазір де оған аға есепті. Оспан келе бергенде бұ да құшағын жайып бетінен сүйді. Үлкендер бұлардың жаңа көріскенін сезіп, мына мінездерін кешіргендей.
5. Қонақ үйде, дөңгелек үстел үстінде, қызғылт, күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр. Оқтын-оқтын іргеден соққан жел лебімен әлсіз шам кейде ұйтқып, шалқи түсіп, кейде лапылдап, жалпылдай жанады. Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді.
6. Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр. Зор даусында ыза мен зіл бар. Кейде Абайға қызық көрінетін бір мақалдар, мәтелдер айтылып кетеді.
7. Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр. Осы бар үлкеннің мұндай жердегі салты бойынша, әкесі де тұспалдап, орағытып, ұқтырмай сөйлейді. Бір сөзімен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр. Өзіне салса, жаңағы көңілді

үйге, шешесінің жанына қазір кетер еді. Бірақ әкесі шақырған соң, енді кетіп болмайды.

8. Сондықтан бір уақыт ол әке сөзінің сыртын, ағымын тындайды. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады. Әлдекімге қаптап зіркілдеп сөйлеп отырған әке сөзі кейде бұған бір жортуыл, шабуыл үстіндегі шұбырынды, ұзақ сарын сияқтанады. Кейде ұғымсыз сөзден іш пысып, әкесінің пішін, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

9. Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкене күннен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше бір қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе ажымы мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді.

10. Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай болып көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп, дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі оның көтеріңкі жал тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

11. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

12. Сақал-шашы бір рендес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні – көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде ажымы да аз. Бірақ Абайдың көзін оған тартатын бір нәрсе – бұның бітікшелеу, кішкене келген көздері.

13. Құнанбай аға сұлтан болды да, өзгелерінің қатарынан озғындап кетті. Онда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды. Сөзге жүйрік, мінезбенен іске де алғыр. Осының бәрі, өз ортасын бойымен басып жығып беруге себеп болатын.

14. Жарқыраған май күні бір түрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де ал қара көк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан...

15. Бертін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол осы ел ішінде Зеренің жасынан бергі көргені, естігені жайындағы әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты... осыдан жиырма-отыз жыл бұрын Найманның осы елге, осы ауылға шапқанын, сонда Бостанбек деген өзінің асыранды баласы өлгенін және Найман қолынан осы ауылға тұтқынға түсіп, жыл жарымдай кісенде жатқан Қожамберді деген ақын жайын айтады. Соның көп өлеңін шұбыртады. Басқа да «Қарашор шапқан» сияқты шабысты, жортуылды айтады.

16. Тағы бір күндер Мамыр, Еңліктей қыздардың қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді. Және ол көбінесе өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей, шақтап жүрген зейініне таң қалады.

17. Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндерінің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауда келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш-Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

18. Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң Ұлжан Абайға қарап жымыып:

- Ал, балам, әжеңмен екеуімізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын! – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар келбетті келген, зор дауысты ақ сары кісі Барлас Абайға салған жерден ұнады. Білгенін ішіне бүгіп, үндемей отырған өзге үлкендердей емес. Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген, ауыл адамы сияқты.

19. Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

- Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен? – деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

- Әріден келе жатқан деседі-ау, бала, бұның түбін... – деді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, әсіресе, еліткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағзып ұйықтай алмады.

20. Бие байлап болғаннан кейін, түске жақын, ауыл қымызға жиылады. Қыза отырып жыр тыңдайды. Күндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады. Немесе, әредікте шешендер, ділмарлар айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады.

### Қат-қабатта

21. Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын күзеуден бір қар жаудырмай көшпеуші еді. Қазірде қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты. Маңындағы Жігітек, Көтібақ, Толай, Торғай сияқты сыбайлас отырған аталас елдерде көші-қон туралы жөн-жосығын айтпады.

22. Жер алыс болмаса да, Құнанбай күн ұзын ат үстінде жүріп, кешке ғана қайтты. Келіп түскені үлкен бәйбішесі Күнкенің аулы еді. Мұнда бүгін сыбаға әкелген әйел қонақтар көп екен. Ішінде Құнанбайдың тоқал шешелері Таңшолпан да бар. Ақбердінің шешесі бар. Және кәрі жеңгесі Бопай да келіпті. Күнге бірі келін, бірі абысын есепті Ырсайдың шешесі, Жортардың шешесі сияқтылар да бар екен.

23. Осы абысын, жеңге, келін атулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбайдың үйлеріне сыбаға әкелуші еді. Бір сыбаға көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғытұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап осы Күнкенің үйіне де бір-бір келеді. Қыстан сақтап шыққан сұрлерін әкеледі. Екінші рет, қазіргідей қыстай-қыстауға айырыла көшерде әкелетін.

24. Құнанбай кеп түскенше, жапырлап сөйлеп, күлісіп, әзілдесіп жатқан әйелдер Құнанбайға Майбасар кеп есік ашқанда жым-жырт бола қалды. Еркектер төрге кеп отырған соң, тек Таңшолпан ғана:

- Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым. Кәрі әжеңнің орны бір басқа. Оныкі өз бетімен барып жатыр! – деп, Зерені де есіне алды. Барлық үлкен-кіші Зерені «кәрі әжең» дегендіктен Таңшолпан да соңғы жылдар өз күндесін осылайша атайтын болып еді.

25. Құнанбай үндеген жоқ. Таңшолпан өр шешенің бірі еді. Келіншек кезінде, жылқыға жау тигенде, жайдақ атқа мініп, қолына найза ала шапқан ерлігін жұрттың бәрі білетін. Өзінде үйелмен-сүйелмен төрт ұл бар. Ондай көп ұлы бар тоқал өзінен-өзі өр болып кететін әдеті, Таңшолпан Құнанбайдың үнсіз отырғанын жақтырмай, бір ырғалып қойды да:

- Сыбағаны Күнге әкеліп отырғанымыз жоқ. Балам да болсаң бас болдың – саған әкелгізіп отырмын. Ертең қыстау-қыстауға кетеміз де, қыс бойы інге кіргендей жатып қаламыз. Қатынның күні со да. Жыл айналғанша амандық тілеуім, балама берген батам. Содан басқа бізде не болушы еді! – деді.

26. Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал, бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді. Неше қабат, бәйбіше-тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың арасындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді. Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай болып алды.

27. Сияз деген мол шығын. Ол – көп елдің қалың даугерлері келіп орнайды деген сөз. Осы елдің жуан, семіз, мешкей билері, күндіз – түстік, кешке қонақ асы жеп, асықпастан ай жатады деген сөз. Ежелден мәлім: қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл мол шығасылы болмақ. Елден ерекше мазасыздыққа ұшырамақ. Ұлық қай ауылға сияз құрса, сол ауылды қырына алғаны.

28. Осының ертеңінде күн райы өзгеше бұзылып, қыс ызғары біліне бастады. Шыңғыстан аса соғатын бір жел бар. Көктемде бұл жел игілік желі. Қарды қағып, бөктер мен шиді қарайтып кететін жел. Қыстыгүні де Шыңғыс желі шаруаның досы. Тау ішімен бөктерде бір жұмадай, он күндей үзілмей соққанда, қыс қысталаңын сейілтп, мал жайылысын кеңейтіп, шаруаның арқасын жазып кететін.

29. Бұл өзі оңынан соғатын жел. Сондықтан, оншалық көп суық әкелетін жел емес. Бірақ соғуының қаттылығы тым ерекше болады. Бөктерде қиыршық тастарды ұшырып соғатын қара жел. Шөп атаулыдан да, қой оты – мық жусан мен ұсақ, тырбықай бетеге болмаса, өңге бойшаң, тамыры босаң шөптерді жұлып, ұшырып әкететін әдеті бар.

30. Тегінде Шыңғыстың асыл шөбі – мық жусан. Бұл қойдың ырысы. Ал қыстау атаулы қойға жайылық жағынан бағаланады. Қойдың құты Шыңғыс болған соң, көп елдің жақсы қыстау іздегенде тығылатыны да сол Шыңғыс. Шыңғыстың қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ. Күнді суытып, аспанды сұрлантип келеді. бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. Биылғы жылдың ең алғашқы қары осы.

31. Суық жел киіз үйде отырған ауылдарды тегіс бүрістірді. Шыңғыстың бөктері мен қойнауындағы ауылдар бұл уақытта қыстау-қыстауына мінбелеп қонып, күн райын бағып отыр еді. Бүгін сол елдің бәрі де киіз үйлерін жығып,

жүктерін қораға тасып, жылы үйлеріне қауырт кіріп жатқан. Көпшілік осы қарбаласта болса, Құнанбайдың Қарашоқыдағы аулы, ас берген ауылдай, өз әлегімен өзі ұйқы-тұйқы болып жатыр.

32. Дәл осы кезде, қораның ішінде, Дәркембай Бөжей мен Байдалының арасынан ентелеп кеп, сирақты мылтықты көтере берді. Қораның ішкі жағынан жана жүгіріп кеп еді, қайдан алып шыққаны белгісіз, құлағы қайырулы, білтелі қара от қойса тарс бергелі тұр.

### Жолда

33. Бейуақ еді. Кеш қараңғылығы қоюланып келеді. Үлкен үйдің бұрыш-бұрышынан қарауытып түн туып, тұтасып келе жатқан тәрізді. Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй. Абайдың кәрі әжесімен, өз шешесімен бірге тұратын үйі осы еді.

34. Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын тізесінің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде, бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны – Айғыздан туған немере қызы - үш жасар Кәмшат. Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Өте бір өзгеше, ескі жыр. Абайдың өз шешесінен басқа ешкімнен естімеген жыры. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыры.

35. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген, ана жүрегіндей айнымас жыр. Осындай қоңыр кештің қоңыр күйі. Бейуағына жеткен әженің өмірлік гөй-гөйі. Сырт қарап отырған Абай әженің кейде шерлі, кейде мейірбан рақым күйін өзін тербетіп отырғандай сезеді. Аяқталмай созыла түссе екен дейді.

36. Осы қыстауға қонғаннан бері, кеш сайын Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен оңаша қалады. Неге қалатынын әжесіне де айтпайды. Жалғыз-ақ кеш батып, қораға мал келетін уақыт тақалғанда, кіші шешесі Айғыздың үйіне барып, мына кішкен қарындасы Кәмшатты көтеріп, еркелетіп ойнап жүреді де, ақырында әжесіне әкеп береді. Кәмшат тез ұйықтамайды. Қазірде де, ала көлеңкеде кәрі әжесі байқар отыр: ән тоқтай қалса, кішкентай қыз қарақаттай қап-қара көздерін ашып алады. Ұзын кірпігін ұйқылы-ояу қағып, «тағы айт» дегендей қыңқылдай бастайды.

37. Абай Оспанға тап беріп зекіп:  
- Бер құлжасын! – деді.

Оспан:

- Алғам жоқ, өтірік... – деп, тана берді.

Бірақ Абай ырық бермеді. Тінте бастады. Оспанның тінту бермек ойы жоқ. Барынша бұлқынып, Абайдан сытыла қашып, пеш қасына барды. Екі қолын артына ұстап, бұрышқа кептеле тұрып алды. Дәл жанында үлкен биік шелекке ашытып қойған түйенің қымызы бар.

Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы.

Оспан әдейі сол араға тығылып тұр. Абай қыспаққа ала берсе, сол шелектің бір септігін көрмек.

38. Оспан мен Смағұл алысу мен төбелесуден көз ашпайтын. Татулықтары сәл болса, ұрыс-таластары күн ұзын айықпайды. Бүгін Оспан кеш батарда Смағұлға барып, екеуі бір түрлі тату бола қалып еді. Үйткені Смағұл өзінің барлық асықтарын төгіп, Оспанға жаңа боялған бір арқар асығы – қызыл құлжасын көрсеткен болатын.

39. Оспан осыны көргеннен-ақ Смағұл қасынан кете алмаған. Кеш бата үлкендердің барлығы мал жайлағалы тысқа кеткенде, екеуі сол үйде оңаша қалған. Оспан үй ішінің ала көлеңке болуын тосқан екен. Жаңа іңір қараңғысы бола берген кезде, көп асықтың ішінен қызыл құлжаны қымқырып алып, өз үйіне қарай жөнеле берген болатын. Смағұлдың байқап қалып, іле қуғаны әлгі екен.

40. Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді. Қазір көп-көп ойлап, көп бағып, танып көргісі келетіні дәл осы өз қасындағы өз әкесі. Жақын жерден, қасынан қарағалы әкесі бұған үлкен жұмбақ болып тұр.

41. Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға айттырысқан болатын. Алшынбай, сонымен, Абайға үлкен қайыната болушы еді.

42. Келгендер Құнанбай мен Алшынбайдың екі жағынан жарыла отырды. Сөйлеп отырған Алшынбай екен. Сөзін үзіп мыналарға қарап, аз бөгеліп еді, Құнанбай: «Айта беріңіз!» деп ишарат етті.

Толық денелі, қызыл жүз, ақ сақалды Алшынбай, тірсек жең қара камзолдың сыртынан пұшпақ ішігін желбегей жамылып отыр екен. Басында сұрғылт түсті сырма тақиясы бар. Қазақы тақия. Сол тақиясының екі самайдағы жиегінен ойдым-ойдым боп түскен ақ құйқа көрінеді.

43. Құнанбай қайсар жауапты есітті де, басын жоғары алып, қарсы терезеге жалғыз көзімен қадалып қарап, үндемей отырып қалды. Сұрғылт жүзі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде түк атулысы бозғылданып, біліне бастады.



Осыдан басқа не бір дыбыс, не қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ. Барды ішіне жиып, буылып, құрсауланып қалды. Мұның бетіне екі рет көлденеңнен қарап өткен Алшынбай, таңдана түсіп сүйсініп қалды.

«Берік, берік! Бүйрегі без емес, тас болар!..» - деп ойлады. Құнанбайды өзі көріп жүрген атқамінер ішінде бөлекше бағалайтын бір себебі: осындай жердегі ерекше ұстамдылығынан, бойын бермес тұйықтығынан болатын.

44. Бетінде азғантай ғана құрым белгісі бар сап-сары қымыз, арқар мүйізінен істелген үйрек ожаумен Майбасар сапырғанда, көпіршімей, шып-шып етіп шымырлап қана толқиды.

Дастарқан үстіне үш табаққа сап ашыған бауырсақ қойысты... Жаңағы Алшынбай сөзі аяқтала берген кезде Қарабас ауыз үйден үлкен табақ ыстық ас әкелді. Бұл дағдылы ет, қуырдақ емес, Құнанбайдың қымызбен қоса жейтін жаубүйрек деген тамағы еді.

45. Қала ішінде желсіз шыңылтыр аяз білінеді. Жайсыз суық емес. Бойды ширықтырып, жинақы ұстататын жеңіл мезгіл. Таудың қалаға қараған бетін кеш көлеңкесі басқан. Жақын жердегі жақпар тастардың өзі де қазір көкшіл көлеңке ішінде көгілдірленіп, алыстай түсіп, түнге бейімделіп барады.

46. Бүгін Абай көңілі дүниенің бар көрінісінен бітім, жарастық іздеген бір мейірімділік халінде. Жас, кәрісі аралас тегіс құрдастай күлісіп келе жатқан топ Абайға қызықты, жарастықты көрінді.

Себепсіз жымия күліп, осы топты Абай көше ортасында аңырып, тосып қалды. Бірақ топ ішінен мұны байқап, елеген бір жан да болған жоқ. Аяқтары шыны қарды шақыр-шұқыр басып жақындап қалды. Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны – үлкен ақ сақалды, келісті қарт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын, ғажап нәрсе: шалды екі жағынан қолтықтап келеді. шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет бұрмайды. Сөйлегенде де ешкімге қарамай, тура бет алдына қарай сөйлеп келеді...

47. Абай мынадай өзгеше шалды бірталай аңырып, қайран қап тұрып зорға аңғарды. Қарт соқыр екен...

Топтың мұны байқамағаны тіпті жақсы болды... Қасынан өте бергенде Абай да қосылып, ере жүрді. Осы көше бойында жалғыз Абай емес, қақпа алдында отырған қарсы келе жатқан кісінің бәрі де шал тобына қызығып, елесе келеді...

Кейінірек келе жатқан бір бурыл сақалдыдан Абай:

- Бұл кісі кім, аға?.. – деп еді. Анау таңданып:

- Е, білмеуші мең Шөжікенді?.. О не дегенің?.. Бұл – Шөже ақын емес пе? – деді.

48. Осы кештен жиырма күндер өткен мөлшерде Құнанбай елге қайтатын болды.

- Құдай бұйырса ертең аттанамыз. Жол жарағы сай болсын! Ошарылып бөгеп жүретіні болмасын!.. Атқа ерте қонайық! – деп, Құнанбай Қарабас, Жұмағұлдардан хабар таратты.

49. Абай бұл күндерде екі шешесі мен Ғабитханға Қарқаралыда көргендерін, сезгенін көп-көп әңгіме қып айтып жүрді. Кейде мұның әңгімесін тоқал шешесі сұлу Айғыз кеп тыңдайды.

Бөжеймен болған татулықты да айтты. Бірақ бала беру жайын білдірген жоқ. Ол өз ішінде жатқан ауыр күдіктің, қиын уайымның бірі еді. Әкенің өзі айтып білдірмесе, Абай мынау аналардың қуанышпен қарсы алған күндерін мұңайтқысы келмеді. Бұл аналар әкеменен не деседі? Оны көрер, әзірше Абай аузынан естігенде ең алғаш сезері, айтары – ашу, күйік болуға мүмкін. Ондайды мезгілінен бұрын шығарып Абай қайтеді? Ендеше қинамай тұра тұру қажет [1, 102].

50. Абай мына байлауға қатты аңырып, аң-таң болумен бірге, ішінен біртүрлі түршігіп қалды.

- Қай бала?.. Кім беріледі?.. Оспан ба, Смағұл ма?.. – деп, еркек балалар беріледі екен деп ойлады. Жаңағы атаған екі інісінің ешқайсысын да ана қойнынан алып, өзге жаққа жіберуге қия алатын емес...

Ана қойнында уайымсыз, жазықсыз жатқан інілерінің біреуінен өлі айрылғандай көрді [1, 96].

51. Бөжейлер жайғасып отырғаннан кейін, осы бөлмеге Құнанбай да кеп кірді. Қасында Қаратай, Майбасар, Құлыншақ сияқты нөкерлері көп екен.

Абай Бөжей мен өз әкесінің беттесіп отырған пішінін көруден ұялғандай. Өзінен-өзі именіп төмен қарады. Үлкендерге орын босату керек. Соны сылтау қып, бұл үйден шығып кетті.

Осымен бұл кеште де, ертең таңертеңгі аста да әкелерінің үстіне кірген жоқ. Жай сырттан, шешесінен сұрастырғанда, Бөжей мен Құнанбай көп үндеспей, шешіліспей, сыпайы ғана сыйласты дегенді есітті.

Ертеңінде Бөжейлер жүрер кезде Абай Қарқаралыда естіген жат сөзінің шешуі жетті...

Үй ішінде түк өзгеріс сезбеген, бұрынғысынша былдырлаған Кәмшат, тысқа қарай бір бөтен, үлкен кісі ала жөнелгенде ғана шошынып еді.

- Апа!.. Апа!.. Әже!.. – деп, шырылдап қоя берген [1, 104].

## Шытырманда

52. Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде болып жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айрылма! Ұқсама аналарға!.. – деген.

Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Шешелер, малшылар, балалар боп – баршасы телміре тыңдайтын [1, 104].

53. Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді. Өз қыстауынан айрылып, қарауылдың бас жағын – Түйеөркеш деген жерді қыстаған Сүйіндік аулы қазір тамда емес, киіз үйде екен. Мал жаны көп, бай ауыл осы орынды қыстауға лайықтап алғанмен, әлі жаңа қыстау сала алмай, ескілеу тар қораға сыя алмай, күннің көзі жылынысымен киіз үйге шығып алыпты [1, 109].

54. Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші тола тірелген жүк, буулы тең менен сандықтар. Оның ар жағы екі босағаға шейін текемет, алаша, тұскиізбен қоршалыпты.

Саптама мен тиін ішікті әлі тастамаған Абай бұл үйде тоңазитын емес. Биылғы көктемде алғашқы рет киіз үйге қонғалы отырғаны осы. Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар. Көктемгі киіз үй Абайға әрқашан таңсық болатын [1, 109].

55. Үлкен үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласы – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қара қасы да айдай болып қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей [1, 109].

56. Тоғжан үйдегі сөзге құлақ салып, не күліп, не қымсынса, сұлу қастары бір түйіле түсіп, бір жазылып толқып қояды. Елбіреп барып дір еткен қанат лебіндей. Самғап ұшар жанның жеңіл әсем қанатындай. Биікке, алысқа мегзейді... Абай көпке шейін Тоғжан жүзінен көзін ала алмай, телміре қарап қалады.

Қыздың көп кіріп шығысы қонақтардың қамы екен. Аз уақытта дастарқан жайғызып, күтуші әйелге шай құйғызып, өзі әкесінің төменгі жағына отырып, шыныларды әперіп, үй ішіне қызмет көрсете бастады.

Абай Сүйіндіктен қысылған жоқ. Бала емес, ысылған ашық, үлкендерше сөйлейді [1, 110].

57. Аздан кейін ет пісіп, жұрт асқа отырды. Абай мен Қарабасты үй іші бөгде қонаққа санаған жоқ. Сол себепті күндегі дағды бойынша дастарқан айналасына Сүйіндіктің барлық балалары да, бәйбішесі де отырған-ды.

Әкесінің төменгі жағынан шешесімен екі ортадан отырған Тоғжан Абайға қазір бұрынғысынан да жақындай түсті. Абай бағанадан бері Тоғжанға бет алдынан қараса, қазір көбінесе қырынан көріп отыр [1, 113].

58. Орташа келген қыр мұрыны енді анық көрінді. Қырынан қарағанда біртүрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес, әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр [1, 114].

59. Әлденеден, белгісіз себептен Тоғжан пішіні қызара түсіп, қайта сұрланады. Толқып қайтып тұрған ұяндық па, басқа ма? Әйтеуір өзінше, өзгеше тыныс алып, лүпіл қағып тұрған сезім бар.

Қонақасыға әрқашан аса мырза аталған Сүйіндік үйі бүгін де етті келістіріп асқан екен. Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары уілдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Жалғыз сұр емес, сары ала қып асқан екен. Қыс бойы бордаққа байлаған, жаңа сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен. Бапты қып жемек болған семіз қойды жай сойғызбай, үйіткізіп алыпты. Жас ет, үйіткен қойдың еті болғанда, мына табаққа, тағы да өзгеше дәм бітіріп, нәр берді [1, 114].

60. Ол емес, тысқа шығып, өз-өзімен қалғанда, жұлдызды аспанға аса бір рақат қуанышпен қарап тұрып, кең тыныс алды.

Орталап қалған ай батысқа таман сызылып барады. Биік те алысқа тартып барады. Жүректі де реніштен, ылайдан құтқарып, сондайлық биікке, қазіргі бұлтсыз аспандай алысқа, тазалық рақатқа шақырып, жыраққа меңзейді [1, 114].

61. Түйеөркештен Шыңғыстың жақын биіктері жартылап қана көрінеді екен. Қарақошқыл таулар ай астында көкшіл мұнараға оранып, жым-жырт қалғып тұр. Тау жақтан ақырын ғана жел желпінеді.

Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тына алады. Асылбек, Әділбектер жатуға кетті. Көгал сайда отырған бес-алты үйлі ақ ауылдың түңлігі тегіс жабық. Ай астында ақ үйлер де мызғып, қалғып тұр.

Сүйіндік пен Қарабас аттардың маңында жүр. Абай мынадай көктем түнінен соншалық бір тазалық сезіп, таң лебін танығандай. Бұның жүрегі әдейі арналған таң лебін ерекше ұғынып сезінгендей [1, 115].

62. «Махаббат па? Осы ма? Осы болса, мынау дүние, мынау маужыраған тынысты нәзік түн... бесігі ғой. Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой».

Сүттей жарық, айлы түн. Таң әлі жоқ. Бірақ жоқ екенін білсе де, Абай әлдеқандай өзгеше «таңды» сезеді. Күйік те, үміт те, қуаныш та, азап та бар, - жүрек таңы. Кеуде толған өзгеше ыстық, өзгеше жұмбақ, мол сезім. Соның

шалқи түсіп шарықтауы көп. Лыпыл қаққан қанаттай тоқтаусыз құбылып, тыныштық ала алмай лепіреді.

«Нені айтады? Не деп түсінеді? Не сипатты бұл сезім? Не боп барам? Тақат, сабырым қайда?»

Бойына тоңазығандай бір діріл пайда болды. Себепсіз дірілдейді. Жүрегі де тулап кеп, өз-өзінен қысылып, шаншып кеткендей.

«Таң... жүрек таңы... Сол таңым сенсің бе? Жарығымбысың, кімсің?»

Көз алдында Тоғжанның аппақ жұмыр білегі жас баланың етіндей, ақ торғындай мойны!.. Таң осы да... өзі ғой!

...Ақ етің аппақ екен атқан таңдай!

Шынымен бар жанымен құлай табынған сұлуға қарап, бар сезіммен үнсіз жырлап тұрған тәрізді. Тоғжанға арналған, ең алғашқы «ғашығым» деген жарына арналған жан жырының тұңғыш жолы осы еді [1, 115].

63. Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда-санда ғана бір шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығын ұрлап кеткендей, жұтып кетті [1, 116].

64. Үй іші жым-жырт. От әлі маздап жанып жатыр. Үлкен қазанның астын қызыл жалын дамыл алмай жалап тұр. Әуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. Кемерінен орта түсіп, шымыр-шымыр қайнайды. Жаңағы Байдалының ашулы сөздерінің тұсында Абай көзі қазан бетіне түсіп еді. Қоюланып бара жатқан ыстық құрттың ортасы кей кезде көпіршік атып сақылдап қайнайды. Сол көрініс тап Байдалы ашуындай. Қайнауы жеткен ашу қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрқ-бұрқ етеді. Ол дағы осы елдегі әр жерден шаң беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашулары сияқты [1, 123].

65. Жидебайдағы ауыл да киіз үйге тегіс шығып алған екен. Биыл Қарауыл суы мол боп тасып, Жидебай, Мұсақұл үстіндегі кең қорық көк жайқын қалың шалғын боп келе жатыр еді. Көп үйлі аппақ ауыл кеш мезгілінде біртүрлі бейілді, қоналқаға көңілдене шақырып тұр. Ауыл айналасы қалың қой. Қозы жамырап, иттер үріп даңғаза боп жатыр екен [1, 126].

66. Абай үлкен үйге де, шешелерімен амандасып болған соң, көші-қон жайын айтты. Жылдағы әдет бойынша бұл ел әуелі бауырға қарай, көктемдік қоныстарға барушы еді. Ұлжан солай көшерміз деп, қыстауда қалдыратын жүктерін, қоймаларын сайламаған екен [1, 127].

67. Жайлау биыл ерте көктеді. Шыңғыстағы ел бауырға көшпей, жайлауға асығып отыр. Сондықтан бұл ауыл да дүрмектен қала алмайды.

Ол жағын Ұлжан ұқты. Бірақ, баласы ойлағандай тез көше алмайтынын білдірді. Үй ішін жеңілейту, теңдер буғызу, жатақшының жазғы күнін бейқам ету, баршасы да бұл ауылды не қылса да бес-алты күн бөгемекке керек.

Абай өз ішінен: «Сүйіндік аулы сыртқа кетіп қалады, жеткізбей ұзап кетеді-ау» деп тынышсызданып еді. Шынында, сыйлас ауылмен, немесе достас жандары бар ауылмен қатар көшкен қандай қызық. Ертелі-кеш бірге көшіп, бірге қонып отырса, күндіз-түн көрісе жүрудің сылтауы көп. Бірақ шешесінің байлауы жаңағыдай шаруа жағына келгенде, бұзылмайтын байлау болады.

Ондайда Ұлжан Құнанбайдың айтқанын да орындамай, өз билігімен кететін. Көңіл қаншалық қиял ұшып, аласұрса да, Абай амалсыз көнді [1, 127].

### Бел-белесте

68. Күн түске жетпей-ақ Бақанас бойы қайнап, шыжып кетті. Аспанда теңгедей бұлт жоқ. Бұл атырапта бұлт көрінбегелі және бір тамшы жауын жаумағалы талай күн болды. Шыңғыс сыртының өзге жайлауы қоңыр салқын, жауынды келсе, дәл осы Бақанас суынан оңтүстікке қараған жақ өзгеше бір бүк, ыстық болушы еді. Суы молдығына және көк шалғынмен қатар қарағанды, көкпекті, ақ от, қара отына қарап қоныс етеді. Әйтпесе, мынау теріскейдегі қалың қара биіктің арғы сыртынан артық жер жоқ [1, 139].

69. Күз келді. Үш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр. Жайлаудан қайтып, Шыңғыс асып, қыстау-қыстау үстіне аз ғана аял етіп, пішен шапқызып болған ел енді күзекке беттеп келе жатқан. Жидебай, Мұсақұл, Қарауыл, Шүйгін су сияқты пішені шабылып алынған қорықтарда жиі қонып отырған ауылдар көп. Шыңғыстың ұлан-ұзақ, мол қыстаулы бөктерімен Қыдыр, Қызылшоқы, Борлы сияқты балақ таулары да, адыр-қатпарлары да ауыл-ауылға толы еді [1, 152].

70. Жұрт жазғы үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді кішілеу-кішілеу қоңырқай үйлерді көтеріскен. Жазғы күндей емес, қазір жылы киімдер киюмен бірге, баспананы да от жағып, ішіне киіз тұтып, ықшамды қып отыратын болу керек. Соған ыстан қорықпайтын киізі бүтін, бірақ қоңырқай кішілеу үйлер қажет. Әлі келгеннің бәрінің істеген шаруалары осы.

Қазірде күзеуге қарай ауысқан ауылдардың жаздан бөлек тағы бір өзгешелігі, енді қой сауылмайды. Ересек тартқан қозылар қоймен бірге жайылады [1, 152].

71. Құнанбай кеткен соң, он шақты күн өткенде, бұндағы елдің арасы осындай боп, өзінше тыныштана бастады да, арттан қуа кеткен арыз болмады. Қыстау алып, мал алған ру басылар енді елдеріне осы жеңістерінің өзін де қуаныш деп қайта таратты, мол таратты. Арада тағы да әлденеше көкқасқа айтып, күндіз-түн көл көсір қып мал сойып, қалжыңға, күлкі айғайға, ән, жырға бөленіп, ұзақ қызық көріп жатты [1, 162].

72. Биылғы күз аса салқын. Қара суық желі де, бұлыңғыр жауыны да ерте иектеп, мезгілсіз бүрсеңдетіп тұр. Қыс ызғары ерте білінетін болса, қыстауға жақын отырған артық. Ұлжан кәрі енесі мен балаларының жайын ойдап, әдейі осылай тартынып қалған. Қастарында көрші елден үш қана шағын ауыл бар [1, 163].

73. Құнанбай келген уақытта елдің алды қыстаудан киіз үйге шығып қалған. Әр қыстаудың жанындағы тақыр көгалдарда аздаған ақ үйлер, қоңыр үйлер көрінетін. Кемпір-шалы бар үйлер тамнан түгел арылып шықпай, жастар жағы ғана тынысы кең киіз үйлерін көтерген тәрізді. Жас қозы, бота, бұзаулар да әлі қораны жағалайды [1, 176].

74. Жазғытұрғы ауыл қолдан түлеткендей бір түрлі жас иіске, жас өмірге толы. Әдем ренді, әлденеше түсті балапан қозылар, лақтар күншуақта секіріп, дамылсыз маңырайды. Үлпілдек жүн, үлкен қара көзді боталар көрінеді. Жылқы ішінде ұзын құлақ, бұйра жүн, сүйкімді құлындар көбейген. Ересек тартқан, тез шираған бұзаулар да құйрығын шаншып ап, тынымсыз безіп, ортқып ойнайды. Осындай өрбіп өскен бір жанды, дүние тіршілікті даттайды [1, 176].

75. Құнанбай өз басының жалғыздығын осы жолы қатты аңғарыпты. Аға, ініде серікке жарар медеу жоқ. Баланы ойласа, бәрі де жас. Және бір өкінгені – көп баланы үйлендіріп, немере сүйетін шағына жетсе де, сол қызықты өзіне-өзі іркіп, кешендетіп кепті. Енді сүйтіп, балаларының қызығын көрмек.

Бұған Зере бастаған бар шеше қуаныш айтқаннан басқа түк қарсылық білдірген жоқ. Қызық көру дегеннің белгісі не, арты не? Ол ер жеткен балаларды үйлендіру, содан әрі немере сүю. Толып жатқан, шексіз бақыт сияқты елестейді [1, 177].

76. Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді.

Екі жаққа да мәлім ілу китке орай.

Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған, бас құда Құнанбайға кит деп, Алшынбай ауылы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен кит құн жағынан қаралас болатын. Бірақ, Құнанбай оны есептемей, Алшынбайға өз бергенінің дәл өзін жібермепті.

77. Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын түлкі тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлетіп ұсынған-ды. Кәрі әже әшейінде Абайдың дегеніне көне берсе де, бұл тұста ырық бермей, қатты бұйрық еткен:

- Ата бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

78. Осы жолға ере шыққан күні Ербол Абайға аса бір өзгеше сәлем әкелді.

Тоғжан мұның Абай қайнына бірге баратынын естіп отырып:

- Ай батқандай қылды да, адастырып кетті ғой! Бірақ, сонда да жолы болсын! Жақсы қызық көрсін, сәлем айт! – депті де, Ербол кете бергенде көзін басып, жылап қапты.

Осыны есіткенде Абай жол бойында бір сейіле алмады. Өзін бір бұйрық қуып, еріксіздік әкеле жатқандай көретін.

79. Күйеуге арналған үй өзге үйлерден де ереше шатырдай аппақ екен. Ішінде жүк, сандық көп емес. Кең болсын деп, бос қойыпты. Бірақ үйдің керегелері көрінбейді. Уықтың қарына шейін жағалай тұтылған, ылғи су жаңа жібек кілем. Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл, жасыл көрік беріп тұр. Есіктен төрге шейін жайылған тақыр алаша, манат мақпалмен оюлап сырған үлкен-үлкен сырмақтар. Соның үстінде қабат-қабат жаңа көрпе, кестелі жастықтар. Үлкен бұйымнан - оң жақта әдемі сүйек төсек тұр. Он бес қатардай жібек көмкерудің үстіне жібек төсек, үлкен ақ жастықтар, шағи көрпелер жиналыпты. Көкшіл-қызғылт өңі бар, шілтері шымылдық биік төсектің жоғарғы жағын перделеп тұр.

80. Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңай көрсетпеу.

Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек, Той оңай емес. Көп қиын қаммен, асықпай істеледі. Сол тойдың артынан барып қана қол ұстау кеші болады.

81. Сүйтіп, Абай алғашқы күн қана емес, тағы екі күн өткенше де өз қалыңдығы қандай екенін, кім екенін көре алған жоқ, білген жоқ.

Бұлар келген күннің ертеңінде, Ербол ғана барып, Ділдәға амандасып, жүз көрісіп қайтты. Қалыңдықтың түсін, отырысын Ербол айтқысы кеп еді. Ол өзі Ділдәнің ажарына қатты ырза боп, сүйсініп келген. Бірақ Абай айтқызбады. Сөзді басқа жаққа бұрып кетті.

82. Бұл той, Алшынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен. Жиылған қонақтардың аттары топ-топ. Үйірім-үйірім қара нөпір боп көрінеді. Жалғыз сол аттардың өзі де бір қос жылқыдай. Әсіресе үлкен белгі- тойға тігілген



үйлер. Солар саны елу-алпыс. Алшынбай ауылынан бір шақырымдай жоғары, қалың көк шалғынның ортасына ұзыннан-ұзақ екі қатар боп тігіліпті. Ас пісірген жер ол үйлердің маңында емес, жаңа Абайлар шыққан ауылдың шетінде. Қазір сол ас басынан анау алыстағы қонақ үйлерге қарай күтушілер жосылып жатыр. Күтушінің бәрі де ат үстінде. Бастарын ақ шытпен керте байлап алған аспазшылар жиырма шақты жігіт.

83. Бір өзгеше салтанаты – осы жігіттердің бәрі де жорға мініпті. Аттары қан сорпа болған, өңшең желқайықтай жылмандаған жараулар. Сол жиырма кісілік күтуші, қонақ үйлерге қарай Алшынбай ауылынан ағыза жөнеліседі. Қолдарына қос табақ алған жігіттер, тізгіндерін ауыздарына тістеп алыпты. Арттарында егде тартқан жай шапқыншы сияқты үлкен күтушілер бар.

Олар табақшылардың атын қамшылап айдап, қуып отырады. Ыңғайлы, шапшаң табақшылар ат үстінен көсіліп кеп, табақтарының сорпа-тұздығын төкпестен ұсынып, қонақ үйлердің алды-алдына тұра-тұра қалысады. Үй алдында тұрған нағыз күтуші ақсақал, қарасақалдар сол табақтарды шапшаң алып, үй ішіне сүңгітіп жатыр.

Сүйтіп қазаннан жаңа түскен ет, бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұр.

84. Қонақ үйлер дағды бойынша көп жеді. Сол үйлер мен ас үй арасында жиырма табақшы бір емес, екі емес талай рет жорғаларын асыға тайпалтқан еді. Бұл сыйдың басы Абайлар тысқа шықпай тұрып басталса, енді бұлар тыста көп уақыт тосып тұрған кезде де аяқтамай, бітпей жатты.

Қонақ үйлердің ішінде, әр жерге орнатылған емізіктеген сабаларды бұрап болып, жаңағы табақтарды құрғатқан кезде ғана тойшы халық аттарына міне бастады.

Тыстағы ойын: ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды.

85. Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен. Абай Ділдәнің жіңіше саусақтарын көбірек ұстап қап еді. Алдында отырған бір жеңге ақырын мысқылдап, Абайдың қолын тарта беріп: - Тоқта, жабысып қапсың ғой! Бері кел! Шаш сипа! – деді. Жақын отырған қыздар күліп жіберді. Жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділдәнің арқасындағы қос бұрымына тигізді. Әлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті.

Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Жаңағы Абайды мысқылдаған ашық жеңге сол шаш сипарды Ұлжаннан сыбаға ғып алған екен.

86. Абайлар келгенде, жұрт тегіс Шыңғыс сыртында жайлауда екен. Өз ауылдарының шеті Дөңгелек қоныста отырған Күнкенің аулы. Құнанбай сонда

еді. Ауылды қалың жиын қонақ басып жатыр. Абайлар топ ішінде отырған Құнанбайға кеп, сәлем берді.

Құнанбай Ұлжан келгенде, қарсы алып, барлық жайға қанған-ды. Абайдан амандықтан басқа бөтен жай сұрамады.

87. Осы ауылдың қасында ас иелерінің жиыны түгел екен. Абайлар Бөжей үйінен қымыз ауыз тиіп, тысқа шығып, сол жиынға келді. Кішілеу төбенің басында отырып, кейбір аттыларды шақырып алып, кейбіреулерін шапқыза жөнелтіп, әмір таратып тұрған осы жиын. Ортасындағы үлкендері – Байдалы, Байсал, Сүйіндік.

Байдалы былтырғыдан бері недәуір қартайып қалыпты. Сақал-шашының ағы көбейіп, бурылға жақындаған, Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, оң шыраймен амандасты. Байдалы мен Сүйіндік Зере мен Ұлжанның амандық-саулығын сұрап, жас жігітке қастарынан орын берісті. Осы үлкендердің бұйрығын күтіп, қас-қабақтарына қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол бар. Абайдың бұрыннан жақсы білетін бір танысы Жиренше де осында. Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жиреншенің кездескені осы.

88. Әр үйдің ішіне ұсталатын кілем, тұскиіз, сырмақ, текемет, көрпе-жастығы да бірге жіберілді. Көбінің ыдыс-аяғы да сай болған. Дастарқан, орамалдың да олқы болмай, жаңа болуын, таза болуын, Ұлжан өз көзімен атқарып, қадағалап жіберткен.

Әр үйдің тігушілері қазір бірге кеткен жігіттер. Кейін қонақ күтушілер де солар болмақ.

Өңшең пысық, елгезек, сергек, жігіттер екен. Бәрі де Бөжей ісіне бұл ауылдардың бет бергенін іштей шынымен мақұлдаған жастар сияқты. Тегіс көңілденіп аттанысты.

89. Бір уақыт Ербол шабатын аттың санын айтып келді. Жиынын Байдалы санатқанда жүз елу ат бопты. Соның ішінен он атқа бәйге аталыпты. Бәйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бәйге түйе бастатқан тоғыз, екінші жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы - кешегі Ұлжан әкелген күміс еді. Содан арғы тоғыздар да түгел саналыпты.

Үлкен астың күресі де үлкен. Балуандар бәйгесі де сондайлық тоғыз-тоғыздан.

90. Абайдың мінгені ақ жал, сары жорға ат. Ерболдікі ақ сұр. Екеуінің шапан тымақтары да сұрғылт түсті. Жерқылаң мінген қылаңнан киген екі жігіт кешкі салқынмен есіп жүріп кеткенде, кер бетеге, боз көденің арасынан зорға көрінгендей. Түстері де, жүрістері де көзге түспей, ұрлана жүруге бейімдеп апты.

Қара адырдың сыртымен жүрсе, жолшыбай ел қалың, көзге түседі. Екі жас жігіттің мезгілсіз, түнделетіп жүргені сезікті көрінеді. Сондықтан бұлар

Тезектің Қарашоқысын бауырлап, жазықпен тартты. Жол қашандау келетін болды. Бірақ оны есеп қылмай, асыға жүріп, ақ жал аттың қатты жорғасымен келеді.

91. Аздан соң ай туып, аса бір тынық, жым-жырт, жайлы түн жылжып келді. Ақ дала, алыс адырлар жеңіл, көкшіл тұманға батып, түн жібегін оранғандай. Момын, сұрғылт, елсіз дүние мұңға бейім. Биік көк жапанда жалғыз жүзген жүдеу реңді жарты айға қарап, Абай күрсініп қояды.

Тоғжанды ойласа, Абай көңілі де бұл шақта арылмас мұңмен жүдейді.

Тіршілік бұны жігіт етіп өсіріп, жастық дәуреннің таңы атқан шақта, сол аспанның асыл, әсем нұры бұл үшін Тоғжан боп танылып еді.

Кіршіксіз таза көңілдің бар қиялы осы ғана. Бірақ екеуінің арасына өмірдің үлкен бөгеттері, қарсылығы кеп төнді. Алаңсыз тілек, аласыз көңіл қол созып еді. Болмады! Бұның аяғында тұсау, оның аяғында нөқта. Енді міне, екеуін қақ айырған еріксіздік үстінде, бұлардың жүректері ғана бір-біріне талпынып ұмтылады. Бірақ шынжырларын сезіп, шерлі мұңмен, өксік өкінішпен ұмтылады.

92. Қатты жүрген жігіттер ел жатар кезде Жәнібектің тұсына тақады. Жалғыз-ақ, жұрт жатып қалды, көрісудің орны болмас деп өкініп келе жатқан.

Жәнібектің кең шалғынды мол өлкесінің екі жағасы биікше сар қабақ болатын. Соның батыс жақтағы бір беліне кеп шыға бергенде, Абайдың құлағы алыстан талмаусырап келген әнді шалып қалды. Ербол да естіпті. Дәл жотаның өзіне шығып, екі жігіт аз тоқтағанда ән айқынырақ жетті. Қосылып салған ән екен [1, 209].

93. Алтыбақан Сүйіндік аулынан қашандау жерде, кең алаңда екен. Ойынға жиылған жастар қалың көрінді. Кәмшат бөрік, мақпал шапан, жібек шапан киген қыздар көп. араларында қынай бел, әсем кемзал ғана киген қыздар да жүр. Шолпылары тоқтаусыз шылдырлап, көп үнге салады. Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келіншектер де көп. Балалар да мол екен. Жігіт жағы сиректеу көрінді.

Мықты ғып құрылған биік алтыбақанда сұңғақ бойлы екі қыз әлпеншек теуіп тұрып, жаңағы «Топайкөкті» әлі шырқап жатыр. Абайлар тоғай ішінен шығып, сумаңдаған аяңмен дәл қастарына жеткенше сауықшы топ байқамапты [1, 210].

94. Абай аты аталғанда, әлпеншек тоқталып, ән де басылды. Алысырақ ауылдың сыйлы жігіті келгенде, бұл топ бөгелеңдеп қалған. Алтыбақан теуіп тұрған Тоғжан мен Сүгірдің қызы Керімбала екен. Екеуі де тақап келді. Абайдың көзі Тоғжанды әлдеқашан танып тұрған. Топ ішінде ұялысқандай шолақ қана амандасты. Бұл жиында барлық жұрттен еркін Керімбала екен. Бойы Тоғжаннан аласарақ. Құлағында үлкен сырғасы бар, ашық дауысты, күлегеш Керімбала Абаймен амандаса сала:

- Ал ойынымыздың үстіне келіпсіңдер. Жатырқамандар! Аттарыңнан түсіп, алтыбақан тебіңдер! – деді [1, 210].

95. Абайды көргелі үндемей, ойланып қалған Тоғжан күлген жоқ. Бірақ одан көз алмай тұр. Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Айға қарсы қарап тұрған ақшыл жүзінде жүдеулік бар. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ертоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді [1, 211].

96. Жақсы жігіт, сұлу қыз – соншалық бір ерекше жарастықпен, жақсы үйлесті. Тоғжан жүзі айға қарсы келгенде Абай өзгеше бір нұр көрді. Бетіне жұқалаған қызғылт сәуле беріп, іштегі терең сырдан, дос көңілден белгі етті. Сағынған сүйгенінің жанына жаны ұмтылып, айрылмасқа, кетіспеске серт еткендей. Қазіргі әсем әнмен үйлескендері: бауырға кіріп, жабысып тұрып құшқаннан да жақынырақ, күштірек сияқты. Ырғағы көп сезімді сұлу әнге екеуі де бар шындығын тапсырып, бар сырларын бөледі. Ән айтқан жоқ, екі бірдей ынтық жан, қауышып табысқан шаттық айтты. бар жиынға, бар дүниеге, барлық жұлдызды аспан, жарқын айға да: «Көрші бізді, кінәлап көрші!» дегендей.

97. Мінсіз сырына шындап берілген Тоғжан тоқтамай айта берді. Абай бір шақта, жас сұлудың жүзінің бала қуанышын көрді. Бақыт күлкісіндей бір рақат, ырзалық елес беріп, Абайға қадала қарап езу тартты. Келгеніне, тапқанына сүйсініп ішінен алғыс айтқан тәрізді. Қарлығыш қанатының ұшындай боп, айдай сызылған жіп-жіңішке қара қастары көтеріліп-жазылып, Абайға өзгеше бір үн қатқандай болды [1, 212].

### Қияда

98. Таң атқанда жел басылып, жауа бораған боран айығыпты. Алыстағы ақ белден жаңа көрінген күн қып-қызыл екен. Қысылып, қиналып шыққандай. Екі жақтағы сұрғылт бұлттарға қызғылт сары рең беріп, құлақтанып тұр. Маңайда шаңыт бар. Бірнеше күн ұдайы соққан қатты жел енді бәсеңдеп, аяқтап келгенде, жаяу борасындап қояды. Шытырлаған аяз білінеді [1, 224].

99. Әлденеше айға бергісіз он бес күн өтті. Шаруаларды күйзелте бүрістірген ауыр қыстың аяғы осы болатын. Биылғы жұтты халық соңғы қардан, ұзақ бораннан көрді. Әсіресе осы көкек халық пен мамыр арасында көрді. Көктем айы деп санайтын мамыр соншалық сұрапылдай тигендіктен, жұттың атын «мамырдың жұты» деп, бұрынғы жұттардан бөлек санады. Кейде «ақ қардың» жұты дейтін. Онысы да мамыр ішінде жауған соң қарларды атағаны [1, 233].

100. Кедей көршілер Жидебайға тығылғанға он бес күн өткен соң, күн жылынды. Оңтүстіктің жылы желі, ескегі соқты. Осыдан бір ай бұрын соқса, жұрт оны «жыл әкелді», «игілік әкелді» деп, қуанышпен қарсылар еді. Биыл қуанта алған жоқ. Бірақ сонда да қалғанды құтқара келді [1, 234].

101. Көктемнің ескегі соға бастасымен, маңайдың қары ағыл-тегіл тез кетті. Бір ғана қорық емес, адырлар, далалар да әр жерінен ойылып, қарауыта бастады. Мезгілінен асып, ұзақ жатып қалған қар енді тіпті асыға жөнелгендей болды. «Жер аяғы кеңіген» дегендей уақыт келді.

Күннің көзі де әбден жылынып, аспанда жазғытұрдың ақ мамық бұлттары жөңкіліп көшті. Жидебайға жиылған ел осы уақытта өз қыстауларына жетуге асықты [1, 234].

102. Биылғы жайлау – жылдағы жайлау емес. Жаздың өзі күздей жабырқау, жүдеу болды. Күн райынан емес, халықтың көңіл шырайынан солай болған. Құнанбай сияқты атқамінерлер өз ауылдарына жылдағыдай топ жия бермейді. Бұрын Ырғызбай ішін кернеп жүретін қау-көрік сөздер, ұркеппе желіктер де саябыр. Қоныс, өріс ретінен таласатын жөн жоқ. Ырғызбай ортасы сияқты, Байдалы, Байсал, Сүйіндік, Қаратай сияқты азғана жұрт болмаса, көпшілікте мал аз. Сырттың қалың көгін аясын ба! Тұтып тұрған ақтығын аясын ба? [1, 249].

103. Бірақ осы тұста заң өзгеріп кетті. Бұрынғы аға сұлтандық қалып, «болыс» деген жаңалық кіргелі жатыр. Тобықтының дуаны да өзгерді: жаздан бері бұл ел Семейға қарайтын бопты. Және түгел Тобықты бұрын бір ғана старшын еді. Тобықты енді үш болыс ел болып бөлінетін көрінеді. Жаңа дуан жаңа ұлықтың қолында [1, 257].

104. Ел орынға отырар кезде Абай Қарашоқыдағы қыстауға тақап еді. Тоғайлы өзекте, қарсы алдынан келе жатқан жалғыз салттыны көрді. Бойы ұзын, екі иіні есіктей біреу екен. Жақындап келгенде, өз інісі оспан боп шықты. Қараңғы кеште енді ғана аңғарып, Абай таңданып қалды. Әншейінде күнде көріп жүрген інісін дәл мұндай үлкен денелі деп білмейтін. Қазірде он сегіз, он тоғызға кеп қалған Оспан тіпті алпамсадай болып кетіпті. Абайдан әрі биік, әрі сүйекті, ірі [1, 261].

105. ... Құнанбайдың жасы болса да жетпіске тақап қалды. Енді ер жеткен баланың ішінен өз орнына кісі қамдайтын мезгіл жетті.

Осының бәрін іштей ойлап, таразыға салып келіп, жаңа болыстыққа Абайды лайықтаған. Оның да бір есебі бар.

Абай әке тәрбиесінен сыртқары кетті. Қайта бар мінез, бар жүрісі оны Құнанбайдың қасында отырған қатал сыншысы етіп барады. соңғы жылдары әсіресе солай болып келеді...

Бірақ алыс жүрсе де, сол Абайда ақыл мен қайрат, тіл мен тәлімнің мол екенін әкесі танитын. Ендеше, мына тұста осындай шалғай кетіп бара жатқан баланы ұлықтықпен қайта тарту керек. Ел билеудің салмағы жас басына түссе, Абай әкенің шырғасына еріксіз келеді. Егер әкенің ойындай боп, беті түзелсе, өзге жастың қолынан шала келетін жұмыс, Абайдың қолынан молынан келеді. Ол қайратына да Құнанбай сенетін. Ендігі байлаудың бәрі қат-қабат ойлардан туған [1, 264].

106. Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп өткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманьынан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді міне қияға қарай өрлеп келе жатқан тәрізді. Осындай өз тірлігінің бұраң жолын көрді.

Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді [1, 284].

107. Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ, әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үнілуде. Әр тілде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан көрі де әлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар [2, 286].

108. Ашық терезеден оқыс соққан салқын жел келді. Үлкен, жеңіл, ақ пердені жел үйірді. Шалқыта толқытып кеп, жақын тұрған биік үстелдің үстіндегі кітаптарға төндірді. Перде біресе ойнаған баладай болып, Абай оқып отырған кітап бетін жасыра бүркеп қалады, біресе желпи қағып, кітаптың жазуларын сыпырып ұшыруға тырысқандай болады [2, 286].

109. Абай жаңа байқады, артындағы үлкен есік кең ашылып, ар жағында келе жатқан бір сый адамды күткендей екен. Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, кісі кіргені осы еді. Абай бұрылып қарай бере, келе жатқандардың кім екенін білді. Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс қозғалысы үлкен қиындыққа айналған Ұлжан есіктен кеп көрінгенде, оны екі жағынан екі әйел қолтықтап сүйеп келеді екен. Абай орнынан шапшаң тұрып шешесіне көрпе салды. Түсі Абайға ұқсаған, сәнмен киінген ақ сұр сұлу келіншек жастықтар әкеп қойды [2, 287].

110. Іркер жайды Мәкіш өзі айтып отыр. Абай бірер шыны шай ішті де, тоқтап қалды. Астыңғы үйдегі бапты аспазшы пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ. Түн бойы кітаптан жазып шыққан қағазын қайта алып, соған қарап отырып,

шешесі мен Мәкіштің сұраған сөзіне енді жауабын айтты. Мәкішке қарап отырып айтты [2, 288].

111. Құнанбайдың өз түсі бұл кезде кәріліктің алғашқы ызғарына анық ілінгендей. Кешендеп кеп ағара бастаған сақал-шашы, жетпіске ілініп болғанша, бұрыл ғана боп келіп еді. Қазір ағы дендепті. Бет, маңдайында ажымы тереңдеген. Бірақ бойы әлі сұңғақ, әлі етінен арылған жоқ. Жүрісте, отырыста Құнанбай әлі тіп-тік [2, 289].

112. – Жастықта адамға төсекте, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал егде тартып, зауал шағына бейімдеген сайын дүние кеңейе береді екен. Өзің босаң, кішірейе беріп, айналаңда қуыс дүниені көп тауып, өзгеге орын босата бергің келеді. Кінаң азайып, кешірімнің көбейіп, суына бастайды екенсің. Осы көңіл мені жеңгеніне көп болған! – деп, біраз толас етті. Құнанбай аса қатты ден қойып, ұйып тыңдап қалған еді. Ұлжанның жүзіне телміре қадалып қапты. Ұлжан қабағын көтеріңкіреп екі көзін қысыңқырап, тағы да толғанумен нұрлана түсті [2, 294].

113. Осыдан он бес-жиырма күн кейін Абай мен Ербол да елге қарай келе жатты. Қаладан күн шыға атқа мінген жүргіншілер, көктемнің ұзақ күнінде жолды өндіріп жіберді. Абай мен Ербол екеуі де қатты жүріске шыдамды, берік болатын. Қыс пен жаздың қандай ұзақ, қиын жолы болса да, біріне бірі «шаршадым, қажыдым» дегенді айта қоймайтын [2, 301].

114. Қатты жел, тездеткен жауын Абайлар Шілікті кезеңге тақай бергенде, жауып та кетті. Жылы жауын. Жел басылған. Орданың ет бөктері, ал күрең бетеге жусанмен құлпырып тұр екен. Жас көктің жауын ішінде құлпыра түскен шат селін, жүргіншілер тақыр жолмен жарып өтіп келе жатқанда, айналасынан жас жусан иісі үзілмей толқып келіп отырды [2, 302].

115. Бірақ жауын қатайып, бұлт тұтасты. Күн қай мезгілге жеткенін біліп болмайды. Батыс жақты жауын құрсап, күн көзін толық жасырған. Енді ымырт тақау сияқты. Сам жамырай бастағаны ма, жоқ батар күннің жаңбыр арқылы себездегені ме, әйтеуір батыс жақта, көкжиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар. Сөнер үміт, үзілер тірліктей, жүдеп, талмаурап бара жатқан соңғы сәуле. Аздаған соң ол да сүлдері азайып барып, бәсеңдей берді. Сарғыш сәуле сұрғылт тартты. Тағы бір сәттен соң күнгірттене барып, қарақошқыл қызғылт реңге кірді. Көгілдірленіп барып, қоңыр аспанның түн мұнарына жол берді [2, 303].

116. Көз байланып қалған еді. Осы шақта ғана Абайлар тасырлата басқан қатты жүріспен кішкене тастақ төбеге шыға бергенде, алдарынан ит үрді. Жауынды, бейуақ ішінде елп еткен үміттей боп, кешкі оттар жылт-жылт көрінді. Жақын жерде, жолдың сол жағында, көгалды бұлақ басында жеті-сегіз үйлі қоңырқай ауыл отыр екен [2, 303].

117. Кедейлеу ауылдың аз ғана қойы қоралапты. Саны аз ғана сиыр, түйе де жауыннан ықтай-ықтай, тыным алыпты. Ешкі атаулы үйді-үйлердің ығына жабысып, жауын жаққа артын беріп, үнсіз сілейіп, тұрып қалысыпты. Ауыл сыртында арқанда жүрген, тұсаумен жайылған бес-алты ат бар. Абайлар қатты жүрісті ауыл іргесіне тақай бергенде бәсеңдетіп, енді түсер үйді болжасып келе жатыр [2, 303].

118. Қазан асылған соң, тезек мол жағылып, от қызуы үй ішін ысыта бастады. Күннің жауыны да басылыпты. Далада жел жоқ, жылы түн еді. Тынысы ауыр, қапырық, қараңғы түн.

Үнсіз отырған Абайдың басы зеңіп, пысынай түсіп, ұйқысы келді. Сонымен ас піскенше мызғып алмақ болып, жантайып, жатып қалды. Ербол да ұйқыға кеткен еді [2, 304].

119. Шүкіман Абайды жақсы білетін. Үйткені осыдан бірер жыл бұрын осы елдің Қоңырөкше деген болысына Құнанбай баласы жас жігіт Абай болыс болды дегенді естіген болатын. Осы қыста сол болыстықтан өз ықтиярымен түскенін де естіген болатын. Бірақ оның бәріне Шүкіман баға беріп, ой тоқтатқан емес-ті. Абай туралы жақсы сөзді де, жаман сөзді де көп естіп біген жоқ [2, 309].

120. Жігіт жүрегіне, әсіресе сол ілес үн өзгеше ыстық әсер етеді. Көз алдынан нелер сұлу көріністер өтіп жатыр. Ай сәулесі, сылдырап аққан жіңішке бұлақ жүзіне түсіп, жарқырай қуана ма? Түн үніне сүйсініп кеп, нұр сәулесін төккендей бола ма! Сондай бір сурет әсіресе көп елестейді. Шүкіман тағы да баяу толқытып, салмақпен еркеленіп кеп, ақырындатып барып тоқтады. Жұрт тегіс жым-жырт сүйсініп, бағына тындап қалған екен [2, 311].

121. Бұл Абайдың да ойы еді. Бірақ ол іштегі рақат күйін сөзбен айтып жеткізе алар емес. Көңіл толы нұр сәуле тұр, кернеп толқытқандай... Тіл қатып, сөйлеп көрсе, сол шексіз рақатын өзі бұзып қуғандай болар еді. Жалғыз ұғып білгені, ішінде күн туғандай. Анық бақыт сезеді. Күдер үздірген, жоғалтқан бақыт, қайта оралып өзі келіп, еркелеп аяп, қайта тапқандай [2, 311].

122. Осы сәтте Абай ойында қайтпас берік байлау туды. Бір кезде жастық, амалсыздық, әлсіздікпен айырылып еді. Кешірместей кінәлі еді сол үшін. Енді мынау жұлдызынан көз жазбақ емес, айрылмақ емес... Дүние ойран болсын. Ата-ана, ағайын-туған жат көрсін. Барлық әлем оғат десін, безсін бұнан... Сонда да мынау көріктен Абай безбек емес, айрылмақ емес, Айрылар болса тірлік те керек емес. Бар мұрат арманы енді қайтып бұрылмастай боп, осы қиял, осы байлауға бекіп отыр [2, 311].



123. Жастар жиыны тарқағанда Абай Шүкіманға қайта-қайта бір сөзбен алғыс айта берді. Демі дірілдеп, жүзі өзгеріп жігіттің аузына басқа сөз түспей тұр. Шүкіманның көңілі жүйрік, сезімтал еді. Ол сыпайы сызылып, қызара күліп тұрып, Абайға соңғы рет көзін салды. Қазір ол бағанағы жігіт емес. Алғаш көргендей паң, суық танылған Абай емес. Жүзі жылы, мінезі майда жан секілді. Барын ірікпей жабыса тартар, жақсы адамдай сезілді. Шүкіманның көрмеген, күтпеген жақсысы сияқты. Қыз оны туысындай көрді. Жақын шырай беріп, ұзақ қоштасты... [2, 311]

124. Жүргіншілердің қарсы алдынан Шыңғыстың желі есті. Алыста, сахараның ғажайып ертегісіндей болып, сұлу сағым толқынданады. Неше алуан бейнелер, елестер шығып, бадырая түсіп, ереуілдеп қояды. Кейде олар көк мұнар ішінде қалқып, көтеріліп, жерден үзіліп, аспандап кетеді. Кейде тау, кейде қыстау, мола, кейде тоғай сүйтеді. Осы сағым ар жағында, көкшіл мұнар арасында, Шыңғыстың қалың қатпар, қара көк биіктері көрінеді. [2, 312]

### **Жайлауда**

125. Кең көгалға жайыла қонған ауылдың оң жақ шеті өңшен үлкен ақ үйлер. Бұлар мал жататын қотаннан, иіс-қоңыстан, мазасыздықтан әдейі қашандап, шалқая қонған.

Ауылдың екінші шеті мен мал иірілетін орта тұсында отырған өңшен қоңыр үй. Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым қара қостар, кішкене күркелер де бар. «Қоңсы-қолаң» атты көп жанның баспанасы осы жақ. Қойшы шал, қозышы бала, түйеші, сауыншы, жылқышы да осы жақтан шығады [2, 319].

126. Қазір үлкен ауылдың бұл шетіндегі қолы бос жас-желең де, шүйке есіп, ұршық иірген кексе қатын, кәрі кемпір де, түгелімен ауылдың екінші жағына құлақ салады. Тегіс алаңдап, солай жүргілері де келеді. Олардың бәрін еліктіріп, аса қыздырған – жалғыз үн; ол – ән. Ауыл үстінде шаңқай түсте, бұлтсыз көк аспанға шаншылып шырқаған өктем, әсем жалғыз үн [2, 319].

127. Шеткі үйлердің барлық жаны бұл әншіні бұрын алыстан болса да естіп, дәндегендей.

Ән ұқпайтын кішкентай немересін арқалаған бір қарт шеше белі бүкшиіе түсіп, ән тыңдауға асыға басады.

Мүкіс тартқан кәрі құлағының үстіндегі кимешегін кейін жиырып қойып, басын оғары көтере бере, құлағын төсей түседі. Жалтыр күннен ұялған жасты көзін сығырайтып, қарт жүзіне сансыз көп ажымын тереңдете, ирендете жиып келеді [2, 319].

128. Ауылдан әлі де әсем ән, шырқау ән самғап келеді. Кейде үзіле жаздап, әлсіз баяулап бір кетіп, кейде қайтадан қара үйлер жақ шетке, желі басына

бұлақ жағысына тағы шырқай жетіп, талай жанды әр алуан толқынға салады. Бірден мұң, бірден көзін жасын, бірден ауыр арман «аһ ұруын» тудырады [2, 322].

129. Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді. Қазір басында желегі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр.

Бұл екеуінің осы жолғы қонағы өзгеше. Ол – өңшең қыз, сылқым келіншек пен сәнді сұлу бозбала. Жиын бастығы Абай болып, қазіргі сәтте мына ауылдың өзге тірлігінен оқшау бөлінген бір топ тәрізді. Ызғарлы, қатал, жуан ауылдың шырқын әнмен, өнермен бұзып отырған топ [2, 324].

130. Өз үйлері сондай жиіркеніш, жаттық қоршауында тұса да, кішкентай ғана өнер аралындай болса да, оны елеген Абай жоқ. Жайлаудағы ең әнші, өнерлі жастарды жиып әкеп, соларға бар бейілін беріп отыр. Осындай ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің дәл ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықтарды шынтақтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан Біржан сал [2, 324].

131. Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек, сый қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға», ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек кемзалы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі. Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей ұйып, мүлгіп отырғанда, кербез әнші өзі де, жүзіне жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Жұртыма зияным жоқ жүрген жанмын,  
Кісіге өзім қатар бас ұрмаймын –  
Өзім ақын, өзім сал кімге зармын... –  
деп бір кетеді [2, 325].

132. Әншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі Абай.

Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадалып қарап қапты. Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды. Бірақ қазіргі сәтте, кірпік қақпай қарағанмен, бұл көз – әнші жүзін көріп отырған көз емес. Ән мен өлең сөзді, өнерлінің өзін түгел қосып, бір бітім, бір тұтас тұлғадай қиял суретімен елестетіп, көріп отырған көз [2, 325].

133. Ерекше әсері бар күй менен аса ұнаған ән тыңдаған уақытта Абай сол сарын сөзбен қатар, өзге бір дүниені жарыса ойлап кететін. Өмір қиял суреттерін, уақиға тасқындарын, жаратылыс, құбылыс толқындарын көріп, соған шомып кетеді.

Қазірде, міні, белгілі өр қиялы бар ән, ірі туысты әншіні мына ортадан бөліп, жырып, аулаққа әкетті. Шырқау алыс қияға әкетті. Тұлғасы ерен, кең кеуделі асқақ үнді әнші, сахараның ғажайып бір алыбы боп апты [2, 325].

134. Сол алып, өнер алыбы, Сарыарқаның ең заңғар биігі Көкшенің басына шығып тұрып, бар ұлан ұзақ Сарыарқаға, сахараның салқын бел, самал көліне қонған ел-жұртына көз тастайды. Жуансып күштісі, артықсып асқағы, күңіреніп көбі жүрген жөн жотаға көз тастап қоймай үн қатады. Ән тіл қатады. Ескек, асқақ атойдай қып, зор кеуденің алып күйін азынатып төгеді [2, 325].

135. «Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, аңдамай бақшы! Сай сүйегін босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!»... деп, бас идіре ән төккенде, ән емес, нұр төккендей. Әлемнің жүзінен жауыздық зұлымдығын қуып әкетіп, қиялда болса да дүние бетін, Арқа жүзін сан сұмдықтан тазартып бара жатқандай... Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы - мынау әнші басындағы оқалы тақияның жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... Арқаның қара түні де мынау ақын үстіндегі қара мақпалдың бетіндегі майда, мейір түні болады... Сонда ел жүзі де осы ақын жүзіндегі жылтырап көрінген нұрға толғандай болады. Ел жүзінде қазіргі ақын түсіндегі, ән үстінде езу тартқан жарастық күлкідей боп, шат қуаныш күлкі көрінеді Абай көзіне [2, 325].

136. Сүйткенде, үй ішінің ілесе сөйлеген, алғыс айтқан үндері шығып жатыр екен... Ән үзіліпті. Абай қиялы ғана үзіле алмай, аяқтап келген қалпы екен. Ол шарасынан шыққандай болған отты, ойлы көзімен, әнші жүзіне әлі аңыра қадалып, қарап қапты.

Абайдың тал бойы ұйып қалғандай, осы халін елден бұрын сезген Әйгерім, қасында отырып, күйеуінің тізесіне сүйенген боп, шынтағымен Абайды сәл түрте қозғап қалып, ақырын ғана күліп оятты... [2, 325].

137. Сонымен, қазір Біржандар қайтатын шақ жеткен соң, Абай осы тұрған төрт үйді әдейі қонақтарды шығарып салу тойына арнап тіккізген. Енді бүгінгі түстіктен кейін, кешке қарсы көп қонақ атқа қонбақшы боп отыр. Үйткені, ертең Біржандар еліне қарай аттанбақ. Соның алдында «сый қонақтар бір кеш көпшіліксіз болып, тынығып аттансын» деп, Абайға Базаралы, Ербол, Жиреншелер айтқан-ды. Абай да соны мақұл көрген.

Сүйтіп, бұл мәжіліс жаздай асыл аға, үлкен ұстаз болған Біржан мен Тобықты жасының айрылар мәжілісі еді [2, 330].

138. Үлкен үйде Ұлжан, Айғыз, Ділде – үшеуі ғана отыр екен. Шақыртқан осылар көрінеді.

Жаулық астынан көрінген самай шашы бұл күнде аппақ болған Ұлжан, бұрынғысынша етті болса да, қазір кәрілікке жеңгізгендей. Жүзі сарғыш тартқан. Маңдайының ажымдары қалыңдағаннан басқа, тереңдеп созыла түсіпті [2, 334].

139. Абай шешесінің өмірден қажып бара жатқанын, әсіресе оның екі ұртына соңғы жылдар түскен екі қатар қалың ажымнан аңғарып, бағып жүруші еді. Осы екі сызық – анық уайым сызығы, шер табы.

Сол ажым сызықтары қазір әсіресе айқындай түсіпті. Ойлы-мұңды ана жүзін анау жас отаудағы ән сауықтан келген Абайға суық етіп танытқандай. Анасының үнсіз жүзінің өзі-ақ Абайға әлдене үшін, «кінәлісің, кінәлаймын» деп тұрғандай.

Абай көңіліне қорқыныш аралас реніш кірді де, өзіне арналған өкім күтті. Бірақ анасының дағдылы мейірім жүзі сыртында болмаса да, ішінен өз қалпын ауыстырмаған екен... Ол алғаш басталған сөзінен бой берді [2, 334].

140. Абай Әйгерімге күндізгі сөздерді айтпай, жасырып қойса да мұның өзін Айғыз бен Ділде шақырып ап, қатты, суық, ауыр сөздер айтқан. «Абайға айтқан сөз дарымаса да, саған айтылған ақыл сөз, үлкен сөзі далада қала алмайды» деп отырып, Байшораның кедейдің қызы екені де, қолы жеткені де айтылған. «Кеуденді керме, аяғынды аңдап бас... көзіңді ашып қара, кімнің иығына шығам деп жүрсің!» дескен. Әйгерімнің өмірде ойына келіп көрмеген жат мінез, тәкаппарлық сияқтының бәрін жала қып айтқан. Әйгерімнің көзіне жас келіп, жүдеп, аппақ боп, жанып сөнгендей, отқа түсіп шыққандай болған. Бойындағы әдеп пен тәрбие, Абай достығына арналған адал жар жүрегі және өзінің әнді сондай сүйетіндігі – бұған ешбір ақталу сөз айтуға рұқсат бермегендей еді. Әйгерім бір ауыз тіл қатпаған. Ән жазықсыз. Әсіресе бұның Абай бұйрығымен айтқан әндері, ең таза көңілмен, тек сүю мен сүйсінуге арнап айтқан әні кіршіксіз де жазықсыз. Бұны бала күнінен өз ауылында, кедей ата-ана үйіне айтқанда, ешбір жан кінә қып көрген емес-ті: жуан ауыл әнге де жуандық, зорлық етеді екен. Осыны өз ішінде өзі ұғынып, үндемей кетті. «Айтқызған Абай ғой!» деп, ақталғысы да келген жоқ... [2, 340].

141. Осы күн түс ауған соң, Біржан Құнанбайдың үлкен аулынан аттанған еді. Кеше Әмір қонаққа шақырып кеткен. Бүгін бұл қонақтар сонда болмақ. Біржанға дәл жүрер кезінде, Ұлжан өз үйінен, өз алдынан дәм татқызып отырып, бата берді де, оң сапар тіледі. Сонымен қатар Айғыз, Нұрғанымдарға әкелгізіп тоғыз-тоғыз сый ұсынды. Біржанның өзіне өз қолынан үлкен күміс тайтұяқ сыйлады. Қасындағы бар жолдасына қоржын тола манат, мақпал сәлем-сауқат берілді.

- Аулыма келіп, мұндағы үлкен аға, кіші ініні өнеріңе қарық қылып барасың. Қайда жүрсең жолың болсын. Өнерің, қадірің ассын шырағым. Біздің апа, жеңге боп саған ұсынған жол-жорамыз осы. Ырзалықпен аттан!.. – деді [2, 344].

142. Соңғы жылдарда ағайын-ауқымында Абайдың анық ірілеп келе жатқанының бір белгісі осындайда көрінетін. Нені болса көзге шұқып, сабап айтатын. Және соны ашулы қазы, әділ би түсінде қатты зекіп, зілмен айтады. Қазір ырғаса кеп, соған басқанда Майбасарлар тоқтап қалды. Абайдың алғырлығы, бет беделі және әділдігі таразыны басып кетіп бара жатқандай. Сөз бен жолда Майбасарлар жеңілді. Бірақ сонда да бұл отырыста Абайдың дегені болған жоқ. Өзге Ырғызбай бір бөлек, Абай бір бөлек боп шықты [2, 356].

### Еңісте

143. Есігі тұрулі, тұңлігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бар тынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік сүйек төсек жанында дөңгелек үстелге шынтақтап оңаша ғана отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы.

Таласа, жарыса білінген изен, жусан, жас бетеге иістері де күншуақты салқын сәскенің қош лебіндей. Шырылдап ұшқан бозторғай үні бір кезек үй үстіндегі аспанға ілініп, қадалып тұрып қалып, қырық құбылады [2, 364].

144. Ақшоқының жақын сайларынан анда-санда үн қатып, көкек шықырады. Үнемі жауапсыз сұрағын қайталай қадалтып, сұңқ-сұңқ етеді. Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау үнпазы өз жұбайын шақырамы деп, кішкене сырын кең тау-тасқа да паш етеді.

Кейде жақын жердегі кең жәйілім – «Қорықтан» адырға қарай шеттей ұшқан топ үйректердің сыпсың қанат қағыстары естіледі. Ұяны сай тастан, інді моладан салып ап, жұп-жұбайлы күндерге жаңа ауысқан саралақаз, италақаздар үн салып өтеді. Абай кітап оқып отырса да көктемнің осы сияқты көп алуан жаңа тірлігін үнемі қатар сезеді. Ойлай сезеді [2, 364].

145. Үй жанынан кішкене, шымыр тұяқтарымен шапшаң дүбірлеп, топыр салып, жас қозы-лақтар жүгіріп өтті. Бір болымсыз себептен үркіп, ұйтқып, безгендей. Әлі өмір танымайтын жас буын өз тірлігін үрке сүйеді.

Көрші үйден осы қозылардай, оқушы балалардың да жамыраған үні Абай құлағына оқтын-оқтын естіліп қалады. О да адам көктемінің жас төді балапанды тірлік үні [2, 364].

146. Абай кітабын оқи отыра, даланың кей дыбыс, иістерін үстірт қана сезінсе, кейде оңай оралған қатар ойды жаңағыдай ойлай да отыр.

Еңсесі биік отаудың оң жақтағы тұскиіз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сәулесінде көктемдік, жаңа ашық рең бар. Таза сыпырылып, таза жиылған оңаша үй Абай көңілін көтеріңкі етеді. Өзіне-өзіне еркін тиген шақта, жас жасаулы, жарастықты жаңа көктемді үйден, тыстан бірдей сезіп, өзінше бір қуанышпен тын алады [2, 364].

147. Кітабына тағы да ерекше сүйсінген ынтамен үңіледі. Бұл кітапқа қазірдегі Абай ықыласы тіпті бөлек. Ол ықылас – кітап пен оқушы Абай арасында туған жақсы бір ұғынысудан. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың ең алғаш рет еркін ұғып, тіл бөтендігін жеңген кезі осы. Ұғымды болған кітап бірінші өткел болды. Таза, сара, ашық өткелдей. Абайдың көп жылдан бері жетсем деп, тырмысып созылған, арманды жағасына шығаратын өткел [2, 365].

148. Үлкен ауылдан, қалың елден айдан артық уақыт бөлек көшіп кеткен аз үйлі топ, қазірде көп елді, көп туысты сағынып қалған сияқты.

Көк жетіліп, жаз жадырап шыққанша қыстаудан ұзамай, Жидебай мен Шыңғыста қалған Құнанбай ауылдары, енді көшіп келіп, көктем кезін осы Ақшоқының алдындағы кең шалғынды, мол сулы Қорық бойында, Ащысу өлкесінде өткізбекші [2, 369].

### **Пайдаланылған әдебиет**

1. М.Әуезов Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. –Алматы: Жазушы, 1989.
2. М.Әуезов Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. –Алматы: Жазушы, 1989.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 372 бұйрығы.
4. «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
5. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 с бұйрығы.
6. Әлімов А.Қ. Оқытудығы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Оқу құралы – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.
7. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Өлке, 2005// <https://martebe.kz/>
8. <https://erketai.org/ustazdar-enbegi/jumbaktar-jauabimen>
9. Бектұров Ш. Қазақ тілі –Алматы: Атамұра, 1993ж.
10. Қараев М. Қазақ тілі –Алматы: Ана тілі, 1993.
11. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.
12. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Бейсембаева К., Хасанов С.,Әбілқасымов А, Шалабаев Б. Қазіргі қазақ тілі (жаттығулар жинағы) –Алматы: Ана тілі, 1997